В 2000-2002 году сотрудники отдела работали над плановой коллективной монографией «Этно-культурные традиции казахов в процессе национального возрождения и их отражение в творчестве М.О.Ауэзова», которая была опубликована в 2004 году. Составители: К.Рахимжанов (ответственный редактор), А.Болсынбаева.

В монографию вошли разделы: «Этнопсихологические основы творчества М.О.Ауэзова» - д.ф.н. Б.Майтанов; «Религия и национальное своеобразие в романе-эпопее «Путь Абая» - к.ф.н. Т.Аким; «Роман-эпопея «Путь Абая» в русской литературной критике» - к.ф.н. Д.Кунаев; «Этнопедагогические взгляды М.О.Ауэзова» - к.ф.н. С.Майлыбаева; «Этнографические ценности казахского народа в прозе М.О.Ауэзова» - Р.Абдигулов; «Сцены суда в пьесах М.О.Ауэзова» - к.ф.н. М.Ахетов; «Варианты повести М.О.Ауэзова «Выстрел на перевале Караш» - к.ф.н. А.Болсынбаева.

В этой коллективной монографии с новых позиций исследуются взгляды писателя на историю этноса, религию, общественно-социальные явления в жизни казахского народа.

Затем в соответствии с разработанной стратегической программой научных исследований Института литературы и искусства им.М.О.Ауэзова отдел-музей подготовил за период с 2003 по 2005 год и выпустил в свет плановую коллективную монографию «Художественно-эстетические искания М.О.Ауэзова в 20-е – 30-е годы» (Алматы, 2006, 304 с.) Составители: А.Болсынбаева, Е.Каныкейулы.

В монографию вошли разделы: д.ф.н. Б.Майтанов «Мухтар Ауэзов и осознание, обобщение бытия»; к.ф.н. Д.Кунаев «Творческое содружество М.О.Ауэзова с русскими писателями (20-е годы); к.ф.н. Т.Аким «М.О.Ауэзов и художественные критерии казахских журналов начала 20 века»; д.ф.н. К.Сыздыков «Национальные традиции в казахской литературе и новаторство М.О.Ауэзова»; к.ф.н. Р.Кайшибаева «Динамизм драматургии М.О.Ауэзова 30-х годов»; к.ф.н. С.Майлыбаева «Жанровые особенности повестей М.О.Ауэзова»; Р.Абдигулов «Рассказы М.О.Ауэзова 20-30-х годов» (текстология и детская тема); к.ф.н. М.Ахетов «Религиозно-духовные течения в произведениях М.О.Ауэзова»; К.Раев «М.О.Ауэзов и писатели начала 20 века»; д.ф.н. А.Темирболат «Драматизм прозы М.О.Ауэзова 1920-1930-х годов» (на материале рассказов); к.ф.н. А.Болсынбаева «Особенности текстологической работы в прозе М.О.Ауэзова»; к.ф.н. Е.Каныкейулы «М.О.Ауэзов и национальная независимость».

В книге разносторонне рассматриваются ранее неизвестные читателю художественные и публицистические труды М.О.Ауэзова. По новому исследуются — жанровые особенности, текстология, национальные традиции, эстетика в творчестве писателя. Подробно рассматриваются этнографические особенности в рассказах и повестях писателя, его рассказы на детскую тематику. Особо исследуется отношение писателя к вопросам национального своеобразия казахского народа.

За период с 2006 по 2008 год подготовил и выпустил в свет плановую коллективную монографию «Мухтар Ауэзов и современная казахская литература» (Алматы, 2008, 391 с.). Ответственный за выпуск Е.Каныкей.

В этой монографии художественные традиции великого писателя рассматриваются в связи с произведениями современной казахской литературы с разных точек зрения. Известные произведения М.О.Ауэзова исследуются по нескольким художественным проблемам: творческая история создания произведений, стиль эпического повествования, природа и личность, литературные связи, отношение к национальной независимости, текстологические особенности, традиции писателя в современной прозе, использование фольклорных методов, хронотоп, драматургические приемы. Все это рассматривается с новых позиций оценки современных художественных произведений.

Авторы разделов монографии:

1-ая часть. «Традиции Мухтара Ауэзова и особенности развития казахской литературы» д.ф.н. К.Сыздыков; «Творческая лаборатория М.О.Ауэзова» к.ф.н. Т.Аким; «М.О.Ауэзов и особенности эпического повествования в современном казахском романе» д.ф.н. Б.Майтанов;

2-ая часть. «Традиции М.О.Ауэзова в современной казахской прозе» Р.Абдигулов; «Фольклорные мотивы в произведениях М.О.Ауэзова и их аналоги в современной казахской прозе» к.ф.н. С.Майлыбаева; «М.О.Ауэзов и современная казахская драматургия» к.ф.н. К.Рахимжанов; «Литературное наследие и текстологические принципы М.О.Ауэзова» к.ф.н. А.Болсынбаева; «М.О.Ауэзов и современная казахская повесть: поэтика стиля» к.ф.н. Е.Каныкейұлы.

3-я часть. «Русская литература и ее традиции в трудах М.О.Ауэзова» к.ф.н. Д.Кунаев; «Проблемы национальной независимости в творчестве М.О.Ауэзова» к.ф.н. Р.Кайшибаева; «Хронотоп в прозе М.О.Ауэзова и связи писателя с литературами народов Казахстана» д.ф.н. А.Темирболат.

В 2011 году вышла в свет в издательстве «Атамұра» Энциклопедия «Мухтар Ауэзов» (110 п.л.). Этот огромный труд создавался сотрудниками отдела-музея в течение многих лет. Также в этом году Фонд Мухтара Ауэзова при помощи Научно-культурного центра «Дом Ауэзова» осуществил крупный проект «Родословное древо Мухтара Ауэзова» (Алматы, «Жибек Жолы»).

В 2011 году в Алматы вышла коллективная монография «Идея независимости в творчестве М.О.Ауэзова». (Ответственный за выпуск К.Рахимжанов).

Книга состоит из трех глав:

1 глава – «Абай жолы романындағы тәуелсіздік идеясы мәтіндік жүйе негізінде» ф.ғ.д. Б.Майтанов, «Тәуелсіздік идеясының тарихи танымдық аялары

және М Әуезов шығармашылығы» ф.ғ.к Т.Аким, «М.Әуезов әңгімелеріндегі тәуелсіздік идеясы және көркемдік ізденістер» ф.ғ.к А.Калиева.

2 глава – «М. Әуезов драматургиясындағы тәуелсіздік сарыны және эстетикалық мұрат», «Еңлік-Кебек» және «Қарагөз» пьесаларындағы тәуелсіздік идеясы» ф.ғ.к К.Рахымжанов, «Бекет», «Түнгі сарын» пьесаларындағы ұлт азаттық көтерілісінің суреттелеуі» ф.ғ.к А.Болсынбаева, «Ол күнгі Алматы», «Октябрь үшін» шығармаларындағы Жетісу ұлт-азаттық күресінің көріністері» ф.ғ.к Р.Абдигулов.

3 глава – «Идея независимости в научных трудах М О Ауэзова» к.ф.н Д Кунаев, «М.Әуезовтің алғашқы кезең туынсындағы ұлттық өмір шындығы: тарихи уақыт пен кеңістік» ф.ғ.к Е.Қаныкейұлы, «М Әуезовтің 1930-жылдардағы әңгіме очерктеріндегі уақыт және азаттық сарындары» ф.ғ.к А.Калиева, «Тәуелсіздік идеясының М Әуезов шығармаларындағы көркемдік сипаты» ф.ғ.к С.Майлыбаева.

Музей - отдел успешно завершил две плановые научные темы, рассчитанные на 2012-2014 годы – «Творческая биография М.О.Ауэзова» и «Исследование творческого наследия М.О.Ауэзова в эпоху независимости».

В коллективном исследовании «Творческая биография М.О.Ауэзова» проведена большая работа по изучению и осмыслению в полном объеме сложных периодов жизненной, творческой и научной биографии классика казахской литературы Мухтара Омархановича Ауэзова.

Учитывая все новые достижения общественной мысли, в работе «Творческая биография М.О.Ауэзова» показано осмысление не только критики и мнений в адрес его творчества, его произведений, но и изучение конфликтов духовной жизни Казахстана того периода – в этом заключается инновационность книги.

Новизной в написании творческой биографии М.Ауэзова, было также осмысление труднейших этапов его жизни с привлечением большого количества ранее неопубликованных материалов.

В работе были использованы системно-функциональный, сравнительно-типологический и сравнительно-исторический методы исследования.

Проведена научно-исследовательская работа по освещению творческой биографии М.Ауэзова. В книге, разбитой по разделам в хронологическом порядке, показана писательская, научная, общественная и семейная биография крупной творческой личности. Жизнь и творчество писателя рассмотрены во взаимосвязи с жизненными, биографическими фактами его творчества. Изучена среда, в которой родился М.Ауэзов, его родители и предки.

Исследованы детские и юношеские годы, учеба и роль учительской семинарии в определении тем его первых статей и рассказов.

Рассмотрены автобиографические факты и произведения молодого М.Ауэзова. В результате системного анализа творческого пути прослежен путь писателя к его главному произведению – роману-эпосе «Путь Абая».

Этот путь рассматривается в хронологическом порядке.

Детство, юность, ученические годы, студенческие годы, работа в Семипалатинском Губисполкоме, работа в КирЦИКе в Оренбурге, Ташкентский и Петербургский периоды, тюремные годы, Алматинский и Московский периоды жизни М.Ауэзова.

По результатам проведенных исследовательских работ, соответствующие разделы монографии поделены на три главы. В книге рассматривается не только художественное творчество М.Ауэзова, но и его исследования в литературоведении и культуроведении с научно-познавательной и научно-теоретической точки зрения. Это необходимо для открытия новых процессов в филологической науке Казахстана. Результаты работы могут быть широко использованы в области гуманитарных и социальных наук, культуры и образования.

Книга «Исследования творческого наследия М.О.Ауэзова в период независимости» посвящена исследованиям ученых-филологов творческого и научного наследия М.О.Ауэзова в эпоху независимости Казахстана.

В коллективной монографии оценены труды о творчестве М.О.Ауэзова и истории казахской литературы, рассматривается связь прозы классика казахской литературы с историческими этапами развития страны.

Также проанализированы работы по эстетике и художественным особенностям творчества М.О.Ауэзова, классифицированы исследования о драматургических произведениях писателя.

Творческое наследие М.О.Ауэзова в период независимости Казахстана исследуется не только, как наследие великого художника слова, но и как крупной личности мыслителя, ученого, носителя философских, эстетических и политических идей. Универсализм – это корневая черта творческой индивидуальности М.О.Ауэзова.

В связи с этим в монографии исследованы основные труды ведущих казахстанских филологов, занимающихся изучением творческого и научного наследия М.О.Ауэзова в период независимости, показано общественно-политическое значение и смысл эпохи независимости для истории Казахстана.

Проведен подробный анализ следующих изданий: научные комментарии 50-томного полного академического собрания сочинений М.О.Ауэзова (1997-2011 гг.), «Летопись жизни и творчества М.О.Ауэзова» (1997 г.), «Энциклопедия «Мухтар Ауэзов» (2011 г.)». Дана оценка научно-прикладной значимости названных трудов и определена степень новизны каждого издания.

Также рассмотрены монографии и книги З.Ахметова, З.Кабдолова, Р.Нургали, Т.Журтбая, Д.Досжанова, Н.Анастасьева и др. Выявлены особенности интерпретирования, осмысления ими истории написания некоторых произведений и конкретных биографических событий.

В аспекте изучения трудов Р.Нургали рассмотрены вопросы исследования драматургии М.О.Ауэзова. Определен вклад З.Ахметова в литературоведческое изучение романа-эпопеи «Путь Абая». Глубоко проанализированы монографии, статьи, воспоминания, очерки З.Кабдолова в аспекте осмысления целостного художественного мира писателя.

В коллективной монографии всесторонне рассматривается исследование богатого наследия писателя, ученого-литературоведа, фольклориста М.О.Ауэзова в годы независимости. Особое внимание уделено изображению процесса формирования идеи независимости и национального сознания казахского народа в творчестве М.О.Ауэзова.

С 2012 года по 2014 год «Научно-культурный центр «Дом Ауэзова» участвовал в проекте Министерства образования и науки РК «Классические исследования в области гуманитарных наук» под названием «Ғылыми қазына». Музеем-отделом были подготовлены три книги с лучшими исследованиями ученых Казахстана по изучению творческого наследия М.О.Ауэзова.

Ауэзоведение довольно наглядно отражает общее состояние нашей истории литературы. Интерес к творчеству М.О.Ауэзова никогда не пропадал, им занимались крупнейшие филологи страны.

Переиздание, ставших редкостью литературоведческих трудов об М.О.Ауэзове – это осмысление истинного понимания великого художника и ученого, его наследия, его уроков во времени.

Если обобщить опыт ауэзоведения, то станет ясно, что литературоведов привлекают не только достоинства писателя, его мастерство, но и критерии его художественности, требования, предъявляемые им к своим творениям.

Истолкование ауэзовского творчества помогло нашим литературоведам выработать историю, теорию литературы, сыгравших важную роль в истории эстетических взглядов казахов.

В 2012 году вышла книга, состоящая из двух монографий под названием «Уақыт тынысы» крупных ученых-ауэзоведов – Лейли Мухтаровны Ауэзовой и Керимбека Сыздыкова.

Монография «Исторические основы эпопеи М.О.Ауэзова «Путь Абая» (вышла в свое время в 1969 году в Алматы в издательстве «Наука», а затем в 1977 году на казахском языке в издательстве «Мектеп») является одновременно историческим и литературоведческим исследованием, потому что на боль-

шом историческом материале освещены проблемы социального историзма в творчестве М.О.Ауэзова.

Книга привлекает внимание прежде всего обилием использованных в ней исторических архивных материалов, что дает возможность автору глубоко, творчески осветить поставленную тему.

Важное значение для понимания богатства содержания и жанрового своеобразия романа-эпопеи имеет поставленная в книге проблема о соотношении исторической и художественной правды в произведении. обстоятельному освещению этой проблемы способствует то, что в книге сочетаются литературоведческий и исторический подход к изучению темы. В процессе анализа романа-эпопеи Л.М.Ауэзова привлекает большой исторический материал, широко освещает социально-исторические условия общественной жизни Казахстана прошлого века. Именно многоплановостью романа-эпопеи, многообразием выведенных в нем человеческих образов и судеб, сложностью и глубиной описанных явлений общественной жизни и обуславливается широта охвата в этой книге проблем истории: социального строя современного Абаю общества, феодальных междоусобиц, деятельности русских политических ссыльных и т.д.

Исследователь справедливо подчеркивает, что использование обширного исторического материала обогащает содержание романа «Путь Абая», служит благодатной базой для художественного повествования.

Воссозданные писателем художественными средствами картины жизни казахов в XIX веке позволяют читателю лучше понять историю Казахстана и его народа. Книга дает наглядное представление о связи исторической художественной литературы и исторической науки, о влиянии истории на развитие литературы, с одной стороны, и о роли литературы в более полном постижении явлений общественной жизни – с другой.

Автор книги на основе сопоставления описанных в романе реальных событий и фактов с запечатленными в первоначальных опросных записях писателя показано, как М.О.Ауэзов, не нарушая самого существа исторической правды, порою подходит совершенно по своему к изображению жизненных явлений.

Книга Л.М.Ауэзовой положила начало привлечению к исследованию разнообразных исторических, документальных, литературных материалов и показала исключительную важность накопления, систематизации и изучения большого круга источников.

Книга «Белые пятна в мухтароведении» К.Сыздыкова (вышла в 1997 году в Алматы в издательстве «Казахстан») представляет собой исследование от-

дельных областей творчества М.О.Ауэзова. Несмотря на то, что об М.Ауэзове написано много ценных книг и статей, его творчество открывает еще немало проблем, требующих своего решения. Одно из них – многообразное литературно-критическое наследие писателя. Поэтому исследование литературно-критических трудов М.О.Ауэзова, написанных в пору становления его как писателя, а также последующих зрелых работ, имеет большое значение для литературоведения.

Прослеживая анализ этих работ, мы сможем проникнуть в творческую лабораторию писателя, раскрыть секреты его мастерства, выйти к истокам его идейно-творческих и общественных взглядов.

Труды Л.Ауэзовой и К.Сыздыкова продемонстрировали глубину воздействия творчества М.О.Ауэзова на литературные взгляды ученых и подготовили дальнейшее развитие ауэзоведения. Не овладев их уровнем исследования, мы не сможем продолжить поступательного движения вперед.

В 2013 году музей-отдел выпустил книгу «Художественное мастерство М.О.Ауэзова», состоящую из двух монографий – академика Академии наук Казахстана, доктора филологических наук, профессора Заки Ахметовича Ахметова «Роман-эпопея «Путь Абая» Мухтара Ауэзова» и члена-корреспондента Академии наук Казахстана, доктора филологических наук, профессора Евгении Васильевны Лизуновой «Мастерство Мухтара Ауэзова». Данная книга продолжила серию классических научных исследований творческого наследия М.О.Ауэзова.

З.Ахметов в своем исследовании показывает все грани художественного мастерства М.О.Ауэзова, которое достигается единством и целостностью всего повествования, соразмерности, при которой каждое отдельное действие и эпизод усиливают общую выразительность произведения и способствуют пониманию социальных явлений во всей их совокупности и противоречивости. При этом цементирующей основой композиции эпопеи является свое видение писателем жизненных явлений, общность и единство его мирозерцания.

В своей работе З.Ахметов подробно анализирует историческую эпоху, в которой жил и творил Абай. При этом он показывает, как широко и в полном объеме М.О.Ауэзову удалось представить в романе-эпопее в художественной форме дореволюционную жизнь казахов через художественное обобщение и воспроизведение образов самых разнохарактерных персонажей эпохи, во всей полноте представляющих народную жизнь.

З.Ахметов анализирует исторические источники, на которых базируется роман-эпопея «Путь Абая», что дает возможность исследовать проблему роли художественного вымысла в историческом романе и его сочетание с документальными свидетельствами описываемой эпохи. Новаторство М.О.Ауэзова по

мнению З.Ахметова заключается в том, что ему удалось осуществить художественное преломление образа великой творческой личности через судьбу народа в рамках одного литературного произведения на протяжении полувека.

Представленная в настоящем томе монография Е.Лизуновой «Мастерство Мухтара Ауэзова», вышедшая в издательстве «Жазушы» в Алматы в 1968 году – это первая, глубокая и всесторонняя монография о творческом пути классика казахской литературы. Анализируя произведения писателя, автор показывает период становления национального художника, подчеркивая значение национальных корней в рождении нового жанра романа, который заключается в системе поэзии и прозы, богатстве эпических традиций, масштабности изображения народных характеров.

Обстоятельно рассматривая секреты большого реалистического искусства Мухтара Ауэзова, создавшего первый казахский роман-эпопею «Путь Абая», Е.Лизунова делает детальный обзор откликов советских и зарубежных критиков, высоко оценивших это произведение, относивших его к одной из вершин мировой литературы XX века.

Монография «Мастерство Мухтара Ауэзова» - это серьезное профессиональное исследование с привлечением большого фактического материала, в большой степени ранее неизвестного. В научном труде Е.Лизунова, отталкиваясь от необычности художественной природы таланта Мухтара Ауэзова, помогает постичь, что, создавая несколько сюжетных линий, писатель создает полифоничность произведения уже самой расстановкой главных действующих лиц и характеров. Даже второстепенные персонажи, по мнению Е.Лизуновой, являются художественными полноправными характерами в своей человеческой неповторимости. Главное, что исследование Е.Лизуновой помогло уяснить мастерство М.О.Ауэзова не только в воссоздании художественными средствами эпохальной личности Абая, но и в создании целостного образа эпохи.

В 2014 году в продолжении серии классических исследований, подготовленных музеем-отделом, вышла книга «Мұхтар Әуезов шығармаларының көркемдік поэтикасы». В книгу вошли монографии двух крупных казахских ученых-филологов – Айкына Нуркатова «Мұхтар Әуезов» и Римгали Нургали «Мұхтар Әуезов және Алаш».

А.Нуркатовым дается краткое описание жизненного пути М.О.Ауэзова, а затем подробно анализируется его творческий путь до 60-х годов XX века. В своей монографии А.Нуркатов исследует многие произведения М.О.Ауэзова, но особенно подробно останавливается на романе-эпопее «Путь Абая». Работа А.Нуркатова содержит в себе общую характеристику творчества М.О.Ауэзова и оригинальные выводы и суждения, представленные в осмыс-

лении художественных произведений писателя, разработке целого ряда проблем, связанных с творческим поиском М.О.Ауэзова.

Монография А.Нуркатова явилась заметным и важным вкладом в изучении творческого наследия М.О.Ауэзова. При чем он один из первых казахских ученых и литературных критиков взялся за обширный и обстоятельный анализ богатейшего литературного творчества казахского классика.

К 100-летию М.О.Ауэзова в 1997 году, которое широко отмечалось во всем мире под эгидой ЮНЕСКО, Р.Нургали выпустил свою монографию «Мұхтар Әуезов және Алаш» (Алматы, «Санат», 425 с.). На рубеже XX и XXI веков в казахском литературоведении эта монография Р.Нургали занимает особое место и считается крупным достижением в гуманитарной сфере в эпоху независимости.

Монография Р.Нургали состоит из двух больших частей. Первая часть называется «Алаш ұранды әдебиет» и посвящена выдающимся личностям казахского народа – А.Байтурсынову, М.Дулатову, М.Жумабаеву, Ж.Аймауытову, А.Букейханову, Ж.Шанину.

Вторая часть монографии полностью посвящена исследованию творческого наследия М.О.Ауэзова и называется «Әуезов әлемі», которую можно считать отдельным капитальным трудом по ауэзоведению.

Крупные монографии А.Нуркатова и Р.Нургали по изучению творческого наследия М.О.Ауэзова несколько не потеряли своей актуальности и значимости и явились большим вкладом в историю отечественного ауэзоведения. По новым исследовательским находкам, по глубине научных выводов в процессе работы – эти книги занимают особое место в трудном деле изучения богатейшего творческого и научного наследия великого казахского писателя и ученого Мухтара Омархановича Ауэзова.

В 2013 году общественность республики торжественно отметила 50-летие со дня открытия «Дома-музея Мухтара Ауэзова». К этой дате был выпущен красочный фотоальбом, в котором ярко показана история музея и представлена вся экспозиция музея и его экспонаты.

В настоящее время музей-отдел работает над новой темой - «Вопросы исследования, систематизации и публикации неизвестных материалов в творческом наследии М.О.Ауэзова» и занимается улучшением материального состояния фондов экспонатов и улучшением всего спектра музейной работы.

Диар Кунаев,
кандидат филологических наук

М.О.ӘУЕЗОВ МҰРАЖАЙ-ҮЙІНДЕГІ ЭКСПОНАТТАРДЫҢ ҒЫЛЫМИ СИПАТТАМАСЫ

Мұражай жұмысының негізі – тарихи, көркемдік ескерткіштерді тіркеу және ғылыми жүйелеу. Ал мұражай заттарын зерттеу, сипаттау жұмыстары әр текті, қайшылықты, көп вариантты болып келеді. Жалпы музей ісінде әлі күнге дейін музей заттарын зерттеудің көлемі, критерийлері мәселелерінде әр түрлі ұстанымдар бар.

Әлемдік музей ісінде қалыптасқан талаптар бойынша музей заттарын зерттеу мен ғылыми сипаттаудың негізгі мақсаты – музейде сақтаулы заттар туралы толық, ғылыми тұрғыда негізделген мәліметтер беру, олардың тарихи құндылығын көрсету. Профильды, ғылыми пәндерден музейлік зерттеулердің басты айырмашылығы ол өз алдына музейлік заттың дерек көзі ретіндегі ерекшелектерін мүмкіндігінше толық сипаттап береді. Бірақ әлемдік музейтану ғылымы белгілі бір зат туралы, экспонат жайында абсолютті толық мәлімет беріп шығу мүмкін еместігін де ескертеді.

Қазіргі заманда қалыптасқан музей ісінің талаптары бойынша музейлік затты жан-жақты, толық зерттеу, сипаттау жұмысының нәтижесінде затқа, экспонатқа ғылыми паспорт жасалу керек. Паспортқа енгізілген деректер экспонат-ескерткішке қатысты жүргізілген жұмыстың ғылыми атрибуциясы, есепке алу, сақтау құжаттарының мәліметтерімен қатар ғылыми зерттеу барысында алынған мәліметтерді де береді.

Экспонаттарды ғылыми сипаттау жұмысында жеке алған музей тарихына, музей экспозициясының даму, жиылу барысына да көңіл бөліп, экспонаттардың музей дамуының қай кезеңіндегі күйі, сипаттамасы да ескерілуі керек.

Музей экспонаттарын сипаттауда, музей қорларын паспорттандыру жұмыстарында негізінде төменде келтірілетін жүйе, пункттер қолданылады:

1. Заттың немесе коллекцияның атауы.
2. Инвентарлық номері.
3. Қорға түсу датасы.
4. Материалы, саны, өлшемі.
5. Бағасы (сатып алғанда).
6. Түсу жолы.
7. Жасалу әдісі.
8. Қандай жерге, бөлімге, қорға түсті.
9. Сақталу деңгейі.
10. Даталар, жазулар, қолтаңбалар, белгілер.

11. Заттың, коллекцияның суреттемесі.
12. Қосымша мәліметтер, әдебиеттер.
13. Өзгерістер туралы мәліметтер (заттар, коллекциялар), датасы.
14. Мүмкіндігіне, қажеттілігіне қарай заттың фотосуреті.

Музейтану саласындағы жұмыстарда басқа да пункттер бар. Оларда сол еңбектердің авторларына, автордың қарап отырған объектілеріне орай әр түрлі пункттер келтіріледі. Біз негізде жоғарыда келтірілген пунктерге сүйендік.

М.О.Әуезов мұражай-үйінің тарихы жайында Ә.Қуанышбаев, Д.Қонаев, Т.Әкімов т.б. жұмыстары бар. Ол жұмыстарда музей тарихындағы үш экспозицияның өзіндік ерекшеліктері жайлы жан-жақты мұқият мәліметтер берілген. Музей-үйдегі экспонаттардың ғылыми сипаттамасына арналған тарау соңғы, үшінші экспозиция бойынша дайындалды.

Ұлы суреткер, ғалым, қоғам қайраткер, СССР Мемлекеттік сыйлығының, Лениндік сыйлықтың иегері әлемге танымал жазушы М.О.Әуезов қазіргі мұражай-үйде 1951 жылдан 1961 жылға дейін тұрды. Қайтыс болғаннан кейін Қазақстан өкіметі музей ашу туралы қаулы шығарып, 1963 жылы Әуезов музейі келушілерді қабылдай бастады. Ерекше атап өтуге тиісті нәрсе, жазушының жары Валентина Николаевна Кузьмина-Әуезова үйіндегі заттарды шашау шығармастан болашақ музей үшін тегін берді. Осыны ұл-қыздары жайында да айту керек.

М.О.Әуезовтің 1997 жылы әлемдік деңгейде. ЮНЕСКО эгидасында атап өтілген 100 жылдық мерейтойына қарсы ашылғанға музейдің үшінші – экспозициясында музей-үй түгелдей мемориалдық қалыпқа келтіріліп, екі қабаттағы жеті бөлмеге жазушының тірі кезінде болған барлық заттар түгелдей өз орындарына қойылды. Жазушының тірі кезінде түсірілген жүздеген фотосуреттер, кино материалдар пайдаланылды, көз көрген адамдардың естеліктері пайдаланылды. Сөйтіп әр зат өз орынын тапты.

Музейдің бірінші қабатындағы төрт бөлменің жазушы үшін ең маңыздысы – жұмыс кабинеті. Жұмыс кабинеті 1955 жылы үлкейтіліп, сыртқа қараған терезелі қабырға алынып, жартылай дөңгелек болып келген жаңа қабырға салынған. Осыдан кейін бөлменің мөлшеріне орай арнайы тапсырыспен жаңа жазу столы және кітап сақтайтын шкафтар жасатылған.

Жазу столы шаған (бук) ағашынан жасалынған. Столдың бетінің өлшемі 198х97 см., биіктігі 80 см. Столдың беті көк шұғамен қапталған, екі тумбасы бар. Әр тумбаның есігі бар, есіктерінің жасырын (потайной) құлпысы бар. Әр тумба 3 суырмалы. Столдың беті мен тумбалардың ортасында үш суырма бар. Екі суырма тумбалардың үстіне дәл келеді, біреуі ортасында. Ортасындағы суырма екі шеттегі суырмалардан екі есеге жуық үлкен. Үшеуінің де ақшыл темірден жасалған тұтқалары бар. Стол сарғыш лакпен боялған. Жоғарғы үш

суырманың әрқайсысының шеттерінде бедерлі ою жапсырылған. Әр суырманың шеттерінде столдың беті мен тумбаны жалғастырып тұрған бедерлі оюлы декоративті тіреушілер бар. Тумбалардың есіктеріне ортасынан жоғарырақ бедерлі ағаштан жасалған декоративті әшекей жапсырылған. Барлық декоративті элементтер қоңырқай лакпен боялған. Столдың сақталуы жақсы. Музей қорына 2/III-1962 жылы алынған. Кіріс кітабында 200 сом деген баға қойылған.

Жұмыс креслосы жұмыс столымен бірге жасалған. Жасалу әдісі, формасы, бояуы, материалы столмен бірдей. Креслоның отыратын жері, арқалығы симметриялы түрде иілген, бұрыштары дөңгелектелген ағаштан жасалған. Арқалық пен отырғыштың арасын жоғарғы жағы тегіс тік бұрышты, төменгі жағы екі жағынан шеңберлі формада тарылып барып етегі ені 1,5 см. шамасындағы үш шыбықшаға айналып барып отырғыштың артқы жағына бекітілген ортасы сәл көтерілген горизонталды тұғырға тіреледі. Креслоның екі жағындағы қол тірегіш, креслоның аяқтары негізінде түзү, сәл ғана декоративтік иіндері бар. Креслоның отырғышы жұмсақ материалдың үстінен қоңыр дерматинмен қапталған. Жұмыс креслосының сақталуы жақсы. Музей қорына 2/III-1962 жылы алынған. Мұхтар Әуезовтің көзі тірісінде түсірілген көптеген фотосуреттерден, киноматериалдардан көруге болады. Қазіргі музей экспозициясында тұрған столдың үстінгі заттардың бәрі сол материалдарда бар. Кейде орындары ауысқан, кейде кейбірі бар, кейбірі жоқ.

Жазу приборы столдың ортасында тұр. Өлшемі 70х50 см., түсі қара. Негізгі аумағы папье-маше материалынаң. Вьетнам елінде жасалынған. Авторы белгісіз. Жазу приборын Әуезовтің әйелі Валентина Николаевна 1957 жылы сентябрь айында жазушының туған күніне орай сыйлаған. Жазу приборы тақтасының (70х50 см.) екі жақ шеті мен арт жағы сәл көтеріңкі белдеумен көмкерілген. Белдеулер тақтаның алдыңғы жағының екі шетін де 10 см. шамасында көмкеріп тұр. Тақтаның арт жағына қарай тік төрт бұрышты көтеріңкі постамент түріндегі деталь (40х20 см.) бар. Оның алдыңғы жағында екі шетінде екі сиясауыт орналасқан. Сиясауыттар төрт бұрышты, қақпақты. Пластмассадан жасалынған. Постаменттің арт жағында диаметрі постаменттің ұзындығына жақын жарты шеңбер түріндегі пластиналар бар. Вертикальды түрде орналастырылған пластиналардың арасына қағаздарды қыстырып қойған. Постаменттің алдыңғы жағы мен жартылай дөңгелек пластинаның бетінде вьетнамдық суретінің қолынан шыққан суретте ағаш (бамбук) бұтақтары мен тырна бейнеленген. Жазу приборының арт жағына қарай екі шетінде қарындаш қоюға арналған бірдей екі деталь орнатылған. Бұл детальдардың вертикалды қалқаншаларының беттерінде вьетнамдық стильде салынған ағаш бұтақтарының суреттері бар. Жазу приборының құрамында

сорғыш ұстағыш құрал (пресс-папье) мен ағаштан жасалған қағаз кесетін пышақ бар. Қағаздарды стол үстінен ұшырмауға арналған асты тік бұрышты, үсті оюлы салмақты ағаш зат та жазу приборының құрамында. Жазу столының сақталуы жақсы. Пышақ пен сорғыш ұстағышта жұмысқа пайдану кезінде түскен сызықтар, бояуы кеткен жерлері бар. Жазу приборы музей қорына 2/III-1962 жылы алынған. Бүркіт мүсіні столдың сол жағында тұр. Тұғырымен қоса алғанда биіктігі 51 см. Бүркіт сұр мәрмардан жасалған тұғыры қоныр гранит тас. Естеліктерде М.Әуезов таңертең жазу столына отырарда бүркіттің басынан, арқасынан бір сипап барып отырады екен деген деректер бар. Мүсіннің тұғырында өшіңкіріген жазудың нобайы бар. Жазу оқылмайды. Бұл бүркіт мүсінін көргенде М.Әуезовтің «Бүркітші», «Бүркіт аңшылығы» әңгімелері еске түседі. Музейге келушілер арасында «Әуезовтің бүркіті» деген ұғым қалыптасқан. Мүсіннің сақталуы жақсы. Музей қорына 2/III-1962 жылы алынған.

Жылан оралған тырна мүсіні столдың оң жағында тұр. Қоладан құйылған. Биіктігі 22 см. Денесін жылан шырмап алған тырна табиғи тас, топырақ түріндегі аласа тұғырдың үстінде тұр. Тіркеу кітабында «М.В.Старченко (Мыңбаева) берген сыйлық» деп көрсетілген. Мүсіннің тұғырында «tailon» деген жазу бар. М.Әуезовке ұлтшыл деген айып тағылып, 1952-1953 жылдары Мәскеуге кетуге тура келген. Музейде сақталған фото суреттерге, киноматериалдарға қарағанда жылан шырмап алған тырна бейнеленген мүсін Әуезов үйінде қауіп сейіліп, Әуезов Алматыға қайтып келгеннен кейін пайда болған. Мүсіннің сақталуы жақсы. Музей қорына 2/III-1962 жылы алынған.

Автоқалам қоятын тұғыр жасыл яшмадан жасалған. Тұғыр асты, үсті тегістелген, жан-жағы табиғи сындырылған бедерлі тас түрінде. Тұғырға темірден (мыс), пластмассадан жасалған автоқалам қоятын ұя бекітілген. Тұғыр бетіндегі бедерлі өрнектің бір бұтағы жоқ. Тұғыр музей қорына 2/III-1962 жылы алынған.

Стол шамының биіктігі 45 см., ақшыл әйнектен жасалған дөңес дөңгелек түріндегі жарық шағылыстырғышының диаметрі 35 см. Шеттері 8 см. төмен қаратылған етек түрінде, жиегі сарғыш мыспен қапталған. Шамның өзі мен тұғырды цилиндр түріндегі баған біріктіріп тұр. Шамның сақталуы жақсы. Музей қорына 2/III-1962 жылы алынған.

Радиорепродуктордың сыртқы қабы қара пластмассадан жасалған. Дыбыс шығатын беті сарғыш матамен көмкерілген. Радио желі арқылы жұмыс істеген. Желіге қосылатын қапталған иілгіш сымы бар. Алдында дауысының күшін реттейтін түймесі бар. Сыртқы қабы дөңгеленіп, эллипс формасында жасалған. Радио Москва жаңа аппараттар заводында жасалған. Экспонаттың сақталуы жақсы. Музей қорына 2/III-1962 жылы алынған.

Телефон столдың оң жағында тұрған. Қара пластмассада жасалған. Циферблатты айналмалы дискіде. Сақталуы жақсы. Музей қорына 2/III-1962 жылы алынған.

Блокнот қабы қалың картоннан жасалып, қоңыр түсті қатырма қағазбен қапталған. Бетінде бедерлі өрнек бар. Ашылмалы. Астыңғы қабатында блокнотты бекітуге арналған тілік бар. Жасанды қарындаш бекітуге арналған ойығы бар. Сақталуы жақсы. Музей қорына 2/III-1962 жылы алынған.

Темекі күлін салғыш қыштан жасалған, диаметрі 13 см., биіктігі 4 см. дөңгелек. Ортасы күл салатын ойық. Шетінде ойыққа қарай еңкейген екі қаз мүсіні орнатылған. Күл салғыш қоңыр, қаз мүсіндері сарғыш түсті. Сақталуы жақсы.

Арыстан мүсіні мыстан жасалған. Сарғыш түсті. «Буддийский лев» деп аталады. Мүсін реалды емес. Шығыстық стильде жасалғаны анық байқалады. Сақталуы жақсы.

Машинка столы жазу столының сол жағында тұр. Үстінің өлшемі 114x58 см., биіктігі 68 см. Машинкада жұмыс істеуші отыратын орта шені алдыға қарай дөңгелектеліп ойылған. Жасалу стилі, материалы жазу столымен бірдей, түсі сарғыш. Жазу столымен бірге жасалған. Жазу столының тумбасының есігіндегідей бедерлі ою машинка столында да бар. Жұмыс кабинетінде жазу столымен бірге бір материалдан жасалған екі арқалықты орындық, екі арқалықсыз орындық (табуретка) бар. Бәрінің отырғышы жасыл атласпен қапталған.

«Континенталь» маркалы жазу машинкасы машинкаға арналған столдың үстінде тұр. Машинканың түсі қара, кейбір шағын детальдары ақ, күміс түсті. Машинка қазақша алфавиттің негізінде жасалған. Машинканың сақталуы жақсы. М.Әуезов өмірінің соңғы жылдарында стенографистка-машинистка жалдаған. ҚазССР Ғылым академиясының Тіл және әдебиет институтында, С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінде т.б. жерлерде әр түрлі жұмыстар атқарған жазушы уақытының тарлығынан стенографист-машинка басушы жалдап, шығармаларын ауызша айтып жаздырған. «Абай жолының» соңғы томы, «Өскен өркенді» т.б. көптеген шығармаларын жазуда осы әдісті пайдаланған. Машинкада басылған мәтінді үстінен қайта қарап шығып, редакциялық, корректуралық жұмыстар жасап барып таза бастырып отырған. Музейдің қолжазба қорында осындай жұмыстар өте көп. М.Әуезовтің ауызша айтып тұрған кезін, машинка басушылардың жұмысын көрсететін фото, кино сақталған. Әуезов шығармаларын машинкада басумен Д.Байқадамова, Ғ.Бейсеновалар айналысты. Машинканың сақталуы жақсы. Музей қорына 2/III-1962 жылы алынған.

Кітап шкафтары 1955 жылы М.Әуезовтің өзінің тапсырысымен жасалған. Жұмыс бөлмесінің өлшемдеріне сәйкес жасалғаны анық байқалады.

Шкафтар еменнен жасалған. Жасалу әдістері, бедерлі өрнектері жазу столына ұқсас. Шкафтардың биіктігі 270 см. 5 шкафтың ені 102 см., 3 шкафтың ені 82 см., 2 шкафтың ені 80 см. Әр шкафтың айқара ашылатын әйнекті екі есігі бар. Есіктер жасырын құлпылы. Тұтқалары ағаштан жасалған. Шкафтар 6 полкадан (сөре) тұрады. Шкафтардың ағаш бөліктері қоңырқай лакты бояумен боялған. Төменгі бөлігінің есіктерінің жиектері және ортасындағы бедерлі оюлары қара қоңыр түске боялған. Шкафтың жоғары жағы ұзына бойы қошқар мүйізді ұлттық оюмен безендірілген. Шкафтардың сақталуы жақсы. Музей қорына 2/III-1962 жылы алынған.

Кітап алуға арналған саты шкафтармен бірге жасалған. Төрт басқышты, ағаш дөңгелектері бар. Сатының екі шеті, бірінші басқыштың етек шағы ұлттық оюлармен көмкерілген. Сатының биіктігі 100 см. Түсі кітап шкафтарымен бірдей. Сақталуы жақсы. Музей қорына 2/III-1962 жылы алынған.

Жұмыс кабинетінде столдың оң жағындағы қабырғада екі гобелен суреттер тұр. Жібектен тоқылған суреттің бірінде (17х21 см.) Париждің ескі көшелері, бірінде (17х32 см) бильярд ойнаушылар бейнеленген. М.Әуезов бұл суреттерді 1957 жылы Париж қаласында сатып алған. Әуезов музейінің қолжазба қорында (533-бума) «Күндіз Парижде болған бір сағатты барлығымыз мол пайдаландық», – деген жазу бар. Бұл тамыздың 29-ы күні. Күнделік түріндегі жазбаға қарағанда Жапония сапарынан қайтып келе жатқанда ұшақ бірнеше қалаларға қонған. Солардың бірі Париж қаласы. Суреттердің сақталуы жақсы. Музей қорына 2/III-1962 жылы алынған.

Жұмыс кабинетіне кірер есікке қарама-қарсы тұрған жартылай дөңгелек түріндегі қабырғаның ортасындағы терезенің алдында диван тұр. Диванның ұзындығы 215 см. Екі шетінде цилиндр түрінде жасалған екі сүйеніш, арқалығы үш жастық түрінде жасалған. Бұрын «атаманка» деп аталған формада. Жасыл атлас матамен қапталған. 1997 жылы М.Әуезовтің 100 жылдық мерейтойына қарсы диван ұқсас матамен қайта қапталды. Диванның сақталуы жақсы. Музей қорына 2/III-1962 жылы алынған.

Жұмыс кабинетінің кірер есігінен оңға қарай бөлменің жалғасқан екінші жағы бар. Онда қарсы қабырғада жоғарыда айтылған кітап шкафтарының үшеуі тұр. Оң жақтағы шкафтың ішінде кітаптардың алдында М.Әуезовтің жас кезіндегі фото портреті қойылған. Бөлмені айнала вьетнамдық шеберлердің қолынан шыққан жиһаздар қойылған. Жиһаз екі диваннан, төрт кресло-орындықтан, екі журнал столынан тұрады. Диванның қаңқасы қалыңдығы 3-5 см. жұмыр ағаштардан иіліп жасалған. Қаңқа функционалдық қызметпен қатар эстетикалық тұрғыда өрнектеле иіліп біріктірілген. Диванның ұзындығы 125 см. Отырғышы түгелдей тоқылған күріш сабанынан жасалған. Арқалығы эллипс түріндегі үш бөліктен тұрады. Бөліктер де күріш сабанымен

жабылған. Орындықтар да диван сияқты иілген ағаштардан жасалған. Кресло-орындықтардың екі жағында бүт кін шеңбер түрінде жасалған сүйеніштері бар. Отырғышы мен арқалығы тоқылған күріш сабанынан. Журнал столының беті дөңгелек, ағаш шеңбер қаңқаның ортасы тоқылған күріш сабанынан. Диаметрi 63 см., биіктігі 50 см. Жиһаздардың бәрі қоңыр түске боялған. Тоқыма күріш сабанды полотнолар сарғыш түсті. Жиһаздың сақталуы жақсы. Кей жерлерде тоқылған сабаннан жасалған отырғыштар аздап созылған. Жиһаз музей қорына 2/III-1962 жылы алынған.

М.Әуезов жұмыс кабинетінің бұл бөлігінде үйіне келген шығармашылық топ өкілдерімен кездесіп, әңгімелескен. М.Әуезовтің өзінің аспиранттарын, диплом жазушы студенттерін де осы жерде қабылдап, ақыл-кеңестерін айтатыны жайлы естелік деректер бар. Бұл жиһаздар жазушы отбасында 1957 жылдан бар.

Жұмыс кабинетіндегі журнал столының үстіндегі мүсінде басында сәл-десі бар, жартылай жалаңаш жылан арбаушы сыбызғыға ұқсайтын музыкалық аспаппен жылан арбап отыр. Қарсы алдында тақтай үстінде жылан мүсіні бедерлеп жасалған, ортада, жылан арбаушының оң жағында үсті жабық дөңгелек табақша тұр. Табақшаның дөңгелек дөңес қақпағының үсті шаршы сызықтармен әрленген. Бүтін ағаштан (палисандр) жасалған. Сақталуы жақсы. 2/III-1962 жылы музей қорына алынған. М.Әуезов Үнді-Совет достық қоғамының мүшесі, қоғамның Қазақстандық бөлімінің төрағасы болған. Осыған орай 1955, 1961 жылдары Индияда болған. Индия тақырыбына әйгілі «Индия очерктерін» т.б. мақалалар жазған. Жылан арбаушының мүсінін 1955 жылғы сапарында алып келген.

Қазіргі музей экспозициясында екінші журнал столында темекі сақтайтын қорапша және темекінің күлін салғыш тұр. Ағаштан жасалған қорапшаның өлшемдері 14x11 см., биіктігі 7 см. Үсті бөлек алынады. Астында темекі қоюға арналған түзу ойықтар бар. Түсі қоңыр, тегіс беттері ақшыл оюлы суреттермен безендірілген. Сақталуы жақсы. Музей қорына 2/III-1962 жылы алынған.

Темекі күлін салғыш диаметрі 14 см. дөңгелек табақша түрінде. Биіктігі 4 см. Қыштан жасалған. Сырты қоңыр түсті, жоғарғы жақ жиегі жасыл бояулы өрнектермен әдіптелген. Іші сарғыш, түбінде жасыл бояулы өрнектері бар. Сақталуы жақсы. Музей қорына 2/III-1962 жылы алынған.

«Циркач» стол шамы жұмыс кабинетінде тұр. Биіктігі 63 см. Шамның тұғыры мен тұғыр үстіндегі шар, циркач мүсіні қоладан құйылған. Тұғыр сегіз бұрышты, әр бұрышында кішкене аяқтары бар. Тұғыр жоғары қарай өрнектелген, ішке қарай еңкейген бет болып келіп, үстінен кішілеу, жұқа 8 бұрышты пластинамен жабылған. Оның үстінде шарда тұрған циркач мүсіні.

Қолын екі жаққа созған циркачтың төбесіндегі цилиндр формасы тіреу шамның қалпағын ұстап тұр. Стол шамының қалпағы (абажур) дөңгелек темір қаңқаға кигізілген жібек матадан жасалған. Түсі қызғылт сары. Айнала жиегі кестелі оюмен көмкеріліп, етегі түгелдей жіптен жасалған шашақтармен безендірілген. Қалпақтың астында үш мүйізді электр шамдар бар. Өшіріп-жағатын құралы басында кішкентай шары бар жіп түрінде жасалған. Бұл зат М.Әуезовтің әйелі Валентина Николаевнаның жасауымен келген. Шамның сақталуы жақсы. Матадан жасалған қалпағы бояуының оңғаны байқалады. Шам Қытайда жасалған. Музей қорына 2/III-1962 жылы қабылданған.

Жұмыс кабинетінде суретші Орал Таңсықбаевтың майлы бояумен кенепке салған «Тау пейзажы» суреті (80x57 см.)тұр. Көркемдік деңгейі өте жоғары суретті 1957 жылы салған. Музейде О.Таңсықбаевтың 1948 жылы салған «Сирень» суретті (143x133 см.), «Көктөбе» (1943) суреті бар. Бұл суреттерді О.Таңсықбаев М.Әуезовке сыйлық ретінде берген.

Таңсықбаев Орал (1904-1974) СССР Халық суретшісі, СССР Сурет академиясының академигі, Өзбекстанның Еңбек сіңірген қайраткері, Өзбекстан мемлекеттік сыйлығының лауреаты. 1930 жылы Алматыға келіп, Қазақ опера және балет театрында М.Әуезовтің либреттосы бойынша қойылған қазақтың тұңғыш ұлттық балеті «Қалқаман-Мамырға» эскиздер жасады. Осы кезден бастап М.Әуезов пен О.Таңсықбаев жақын достық қарым-қатынаста болды, отбасылары араласып тұрды. М.Әуезов О.Таңсықбаевты Алматыға шақырып, ҚазССР ҒА бейнелеу өнері бөлімін басқаруға шақырды. Суретші тұрғын үй мәселесіне байланысты келе алмады. М.Әуезовке 1948 жылы «Сирень» суретін, 1957 жылы «Көктөбе» суретін сыйлады. М.Әуезов қайтыс болғаннан кейін «Жетім қалдым-ау» деп қайғырып, М.Әуезовтің портретін салған.

Жұмыс кабинетінде М.Әуезовке орыс жазушысы Вс.Иванов сыйлаған «Күйме» суреті (15x10 см.) бар. Вс.Иванов (1905-1963) М.Әуезовпен тығыз достық қарым-қатнаста болып, жазушылық шығармашылығына қатысты бірнеше мақала жазған, бірге түскен суреттері бар. «Күйме» суретінің сақталуы жақсы. Музей қорына 2/III-1962 жылы алынған.

Музей-үйдің ең үлкен бөлмесінде асханалық гарнитур тұр. Бұл гарнитур М.Әуезовтің арнайы тапсырысымен жасалған. Столдың ұзындығы 172 см., ені 117 см., биіктігі 80 см. Ортасы тік төрт бұрышты, екі басы дұрыс шеңбер түріндегі жартылай дөңгелек бөлшек. Стол бетінің астында столды ұзартуға мүмкүндік беретін бөлігі бар. Аяқтары иіліп бедерлі формада жасалған. Стол емен ағашынан. Түсі қоңыр. Столдың айналасында, қабырғалар маңында 12 орындық қойылған. Қаңқасы ағаштан жасалып, отырғышы мен арқалығы жұмсақ материалдың үстінен матамен қапталған. Ағаш бөлшектері карақоңыр түсті. Асхана жиһазы комплектісінде үстіне сағат орнатылған

трюмо тұр. Ұзындығы 200 см., ені 60 см., биіктігі 100 см. Құлыптанатын үш есігі бар. Есіктер мен трюмоның алдыңғы бұрыштарына бедерлі ою-өрнектер жапсырылған. Түсі қоңыр. Столдың стилінде жасалған, материалы бірдей. Трюмоның екі шетінде декоративті вазалар қойылған. Вазалар күрделі өрнекті тұғырға бекітілген. Бір вазаның қоңыр түсті бетінде мифологиялық сипаттағы айдаһар бейнеленген, екінші вазаның жасыл бетіне стилизацияланған өсімдік бұтақтары салынған. Трюмо үстіндегі сағаттың екі жағына құмыралар қойылған. Құмыралардың сырты түгелдей күрделі өрнектермен әрленген. Табақшалар да, құмыралар да Индиядан әкелінген. Бұл заттардың бәрінің сақталуы жақсы. Асхана жиһазындағы екі шағын столдың ұзындығы 74 см., ені 50 см. биіктігі 80 см. Столдың аяқтары иілген, бедерлі өрнекті. Еденнен 30 см., биікте стол аяқтарының арасын біріктіріп тұрған тағы бір қабат бекітілген. Стол бетінің астында екі суырма бар. Столдардың түсі қоңыр. Жиһаздың құрамындағы тағы бір столдың ұзындығы 100 см., ені 50 см., биіктігі 70 см. Түсі қоңыр. Жалпы жиһаз стилінде жеңілдеу етіп жасалған. Жиһаз құрамындағы ас тасуға арналған дөңгелек столдың өлшемі 73x49 см., биіктігі 70 см. Екі қабатты. Үстіңгі беті әйнектен жасалған, астыңғы қабаты жұқа фанера тақтай. Екі жағында тұтқасы бар. Ағаш бөлшектерінің түсі қоңыр. Жиһаз құрамына кіретін заттардың бәрі жақсы сақталған. М.Әуезовтің көзі тірісінде түсірілген көптеген фото суреттерден осы заттарды көруге болады.

Асхана бөлмесіндегі сервант ағаш каркас-қаңқадаң құралған. Серванттың алды мен екі жағы түгелдей әйнек. Биіктігі 170 см., ені 110 см. Серванттың үстіңгі жағы мен төменгі жағы иілген ағашпен көмкерілген. Ағаш детальдардың түсі қоңыр. Серванттың сақталуы жақсы. Бөлмедегі екінші серванттың ені 170 см., биіктігі 60 см. Серванттың алдыңғы беті, есіктері әйнекті. Жасалу стиліне, материалына, түсіне қарағанда ас бөлмесіндегі жиһаздың құрамынан емес. Сақталуы жақсы.

Ас бөлменің қабырғасында пробка ағашынан ойылып жасалған екі сурет тұр. Суреттің пробка ағашынан жасалған жеке бөлшектері, детальдары көгілдір жібек матаға жапсырылған. Матаның үстінде акварель әдісіне ұқсайтын бояумен өзен, су айдыны, алыстағы тау нобайының суреті бар. Пробка ағашынан қиылып жасалынған қытай архитектурасындағы үйлер, шатырлар, ағаштар, ағаш бұтақтары, судағы қайықтар мен кеме жібек матаға салынған фонға жапсырылған. Суреттер ағаш рамада (84x58 см.), раманың сырт жағы бедерлі оюмен көмкерілген, алтын түсті лакты бояумен әрнелген. Раманың іш жағы қара-көк түсті. Бір суретте раманың қаракөк түстегі жиегінде иероглиф жазу, екінші суретте араб әріпті жазу бар. Араб әріпті мәтін «Советтік көркем сөздің шебері, Академик Аға, жазушы Мұқтар Әуезовке! Социалистік алып өмірдің асқар белінде алпыс жасқа келгендігіңізді достық ниетімізбен құт-

тықтап, коммунизм үшін болған ұлы еңбектеріңізге табыс тілейміз. Шыңжан Іле қазақ автономиялы облысы Құлжа қаласындағы жазушылар группасынан. 1957.9.27» деп оқылады. Суреттердің сақталуы жақсы. Музей қорына 2/III-1962 жылы алынған.

Ас бөлмесінде жібек матаға салынған қытай гобелені бар. Гобеленде Тань-ань мынь сарайы бейнеленген. Көлемі 73x43 см. Араб әріптерімен «Заманымыздың Абайы Мұқтар аға қазақ әдебиетінің даңқы үшін ұзақ өмір тілеймін. Құрметпен Кәкітай. Үрімші, 28/IX-1957 ж.» деген жазу бар. Суреттің сақталуы жақсы. Музей қорына 2/III-1962 жылы алынған.

Екі қытай вазасы қыштан жасалған. Жалпы түсі көгілдір. Көгілдір лактың үстіне қызыл, жасыл, ақ, сарғыш бояулармен гүл, өсімдік тектес суреттер салынған. Вазаның төменгі жағы мен ең кең жерінде симметриялы ою-өрнектер салынған. Тұғыры кара түсті. Вазаның ауыз жағы жартылай дөңгелек түріндегі өрнектермен жиектелген. Биіктігі 44 см., тұғырының диаметрі 16 см., ең кеңейген жері 21 см., ауызы 12 см. Вазаның мойнындағы ою-өрнексіз жерге «Аса қадірлі Мұқана! Өнеріне шын жүректен мейірлене сүйсінген серіктері, шәкірттері. Тіл, әдебиет институты қызметкерлерінен. 28.9.57 ж.» деген жазу бар. Вазалардың сақталуы жақсы. Музей қорына 2/III-1962 жылы алынған. Ас бөлмесінде бірдей екі хрусталь ваза тұр. Хрусталь ыдыстарға тән геометриялық формадағы өрнектері бар. Биіктігі 38 см., табанының диаметрі 10, ауызы 12 см., ең кеңейген тұсы 18 см. Бекхожин Қ. сыйлаған. Вазалардың сақталуы жақсы. Музей қорына 2/III-1962 жылы алынған.

Ас бөлмесіндегі жеңіл столдың үстіндегі екі құмған қоладан жасалған. Дөңгелек тұғырдың үстіндегі эллипс формалы кеңейген бөлігі екі жағынан тегістелген. Кең бөлікке құмғанның ұзын, жіңішке шүмегі аузы қалайылап бекітілген. Құмғанның қақпағы үстінде найзаша түріндегі элементі бар шошақ күмбез түрінде жасалған. Құмғанның денесі, қақпағы түгелдей ұсақ қызыл бояулы өрнектермен жабылған. Тула самауыры мыстан жасалған. Тұғыры төрт аяқты, дәстүрлі формада. Самауырынның негізгі денесі шар түрінде. Қақпағы шар түріндегі форманы жалғастырып барып, керней орнатуға арналған бөлікпен аяқталады. Шүмегі қалыптасқан формада жасалған. Самауыр шүмегін ашып-жабатын деталі, тұтқасының мыстан жасалған бөліктері өрнекті құйма формада. Тұтқаның қолмен ұстайтын жері, қақпақтың тұтқалары кара пластмассадан. Бұл экспонаттардың сақталуы жақсы.

Ас таситын дөңгелекті столдың үстіндегі екі ағаш құмыра столмен бірге жасалған болу керек. Материалы, түсі столдың ағаш бөлшектерімен бірдей. Құмыралардың денесі жоғары қарай аздап кеңейетін цилиндр түрінде. Мойны шұғыл тарылып барып, ауызы қайырылып бірден кеңейген. Құмыраның негізгі

денесі қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен жабылған. Құмыралардың сырты мен іші бір түсті қоңыр лакпен боялған. Құмыралардың сақталуы жақсы.

Музей-үйдің қонақ бөлмесіндегі диван мен екі кресло бірге жасалған. Диванның ұзындығы 225 см. Диван мен креслолардың тысы 1997 жылы ауыстырылған. Диван, креслолардың сақталуы жақсы.

Журнал столының үсті дөңгелек. Диаметрі 75 см., биіктігі 70 см. Столдың төрт аяғы күрделі формада иіліп жасалған. Материалы емен. Қарақоңыр түсті лакпен боялған. Сақталуы жақсы. Бөлмеде шағын жеңіл стол бар. Үстіне экспонат қою үшін арнайы жасалған болу керек. Тіркеу кітабында жоқ. Қабырғаға қараған арт жағы тегіс. Алды мен екі жағы аздап толқындала иілген. Столдың үсті түгелдей жасыл шұғамен жабылған. Тік төрт бұрышты аяқтарының жоғарғы, төменгі жақтары токарлық станокта дөңгелене өңделген. Бұл столдың үстінде қоладан құйылған «Атқа мінген қырғыз» деп аталатын мүсін тұр. Музейде бұл мүсіннің екеуі бар. Мүсіннің биіктігі 40 см. Салт атты мүсіні өлшемі 36х14 см. тұғырда тұр. Мүсін өте реалды, жоғары көркемдік деңгейде жасалған. Авторы Артемий Обер XIX ғасыр. Кейін бір қалыптан көбейтілген болу керек. М.Әуезовтің көзі тірісінде түсірілген көптеген фотосуреттерде бар.

Дөңгелек журнал столының үстінде сигарет сақтайтын кобдиша мен күл салғыш тұр. Бұларды М.Әуезовке 1958 жылы Ташкентте өткен Азия, Африка жазушыларының I конференциясына қатысқан, М.Әуезовтің қонағы болған вьетнамдық жазушылар сыйлаған. Қобдиша қызыл ағаштан жасалып, барлық беттері инкрустацияланған. Бедерлі ойма өрнектер вьетнамдық стильде жасалған. Қақпағының төрт жағындағы қабырғаларының өлшемі кобдишаның ішінің биіктігімен бірдей. Қобдишаның қақ ортасындағы тік тақтайша ойыққа дәл келеді. Қақпақ тік көтеріліп ашылады. Қобдишаның ішінде сигарет талдары қойылатын орындар бар.

Күл салғыш мыстан жасалған. Алты бұрышты формадағы күлсалғыштың ортасы дөңгелек түріндегі ойық. Үш бұрышында сигарет қоятын орындары бар. Күл салғыштың үстіңгі беті, табаны вьетнамдық стильдегі ою-өрнектермен сәнделген. Өрнектердің фоны қара, оюлар ақ, сары түсті. Бұл экспонаттардың сақталуы жақсы. Музей қорына 2/III-1962 жылы алынған.

Бөлмеге кірер есіктің сол жағында қара пианино тұр. М.Әуезовтің көзі тірісінде түсірілген фотосуреттерде осы жерде дәл осындай пианино бар. Музей жабдықтаудың әлемде қолданылатын практикасында дерегі, суреті сақталған, бірақ өзі жоқ экспонаттарды дәл сондай етіп жасап қояды немесе дәл сондай затты тауып қояды. Бұл пианиноны музей қызметкерлері 1997 жылы суреттері бойынша іздеп тауып, бұрынғы орнына қойды. Пианиноның үстінде М.Әуезов 1955 жылы Индияға барған сапарда алып келген екі су-

венир тұр. Темір ағаштан жасалған тақтаның (18х18 см.) ортасында сырты эллипс формалы эмальға салынған суреттердің бірінде Тадж-Маһал мавзолейінің сыртқы көрінісі, бірінде ішкі көрінісі бейнеленген. Тік төрт бұрышты тақтаның тұғыр аяқтарына ауысар астыңғы жағы ирек формада. Тақтаның беті түгелдей бедерлі майда өрнектермен жабылған. Суреттердің сақталуы жақсы. Музей қорына 2/III-1962 жылы алынған.

Бөлменің қабырғасына Қытайда жасалған екі декоративті табақша ілінген. Диаметрі 30 см. Жұқа шойыннан жасалған табақшаның беті көгілдір лакпен жабылған. Жиегі қара, қоңыр өрнекті жолақпен көмкерілген. Табақтың бірінің бетіне бір қаз суреті, гүлді өсімдік бейнеленген, екіншісінде екі қаз және гүлді өсімдік салынған. Табақшалардың сақталуы жақсы.

М.Әуезовтің көзі тірісінде уақытты біліп тұрған қоңыраулы қабырға сағатының қорабы (60х33 см.) ағаштан жасалған, сарғыш лакпен боялған. Екі шеті мен астыңғы жағы қоңыр түсті жұқа ағашпен (шпон) қапталған. Циферблаттың бетінде сағат тілдерін түзеуге және қоңырау уақытын қоюға арналған екі түйме бар. Сағаттың сақталуы жақсы.

Ағаштан жасалған «Хризантема» вазасы Жапонияда істелген. Қара лакпен боялған. Ақ-көгілдір бояулармен хризантема бұтақтары, жапырақтары және бұтақта отырған құс бейнеленген. Ортасына дейін дұрыс цилиндр формасында, ортадан жоғары қарай сәл тарылып барып бітеді. Вазаның сақталуы жақсы.

Бөлмеде тұрған «Темп» маркалы телевизорын 1970 жылдардың ортасында М.Әуезовтің әйелі Валентина Николаевна сыйлаған.

Телевизордың үстіндегі ұзын, жіңішке қайықтың бір басы жоғары қарай иілген. Қайық моделінің ұстыны ағаштан, ұсақ детальдары сүйек, пластмассадан жасалған. Қайық екі тіреуше арқылы тегіс тақтайшадан жасалған тұғырға бекітілген. Сақталуы жақсы. Бұл сувенир бұйымды М.Әуезов Индияға барған сапарынан қайтқанда әкелген. Иранда жасалған «Арыстан» мүсіні реалды емес. Денесі, басы тым шомбал, аяқтары қысқа. Айқын стилизацияланған формада. Мүсіннің тұғыры қара, денесі қарақоңыр лакпен боялған, сақталуы жақсы.

Бөлмеде Б.Урманченің «Раушан» суреті тұр. Бақы Ыдырысұлы Урманче (1897-1990) М.Әуезовпен достық қарым-қатынаста болған. Татарстанның халық суретшісі, Мемлекеттік сыйлықтың иегері. Әкесі отызыншы жылдардың репрессиясына ұшырыған Урманчені бір жерде ұзақ тұрғызбаған. Осындай көші-қонның бір кезеңінде отбасымен Алматыда тұрған. «Раушан» суретін Валентина Николаевна Әуезоваға арнап салған. 1941 жылы М.Әуезовтің портретін, 1943 жылы Ләйлә Мұхтарқызы Әуезованың суретін салған,

Бөлмедегі «Гүлдер» суретін Абрам Маркович Черкасский салған. Черкасский (1886-1867) Қазақстанның халық суретшісі, профессор. «Гүлдер» суреттің М.Әуезовтің 60 жылдық тойы кезінде берген. Черкасскийдің «М.Әуезовтің портреті» суреті реалистік үлгіде салынған көркемдік деңгейі жоғары жұмыс.

Экспонаттарды суреттеу мәселелері тұрғысында да осыны айтуға болады. Бір анығы – әрбір музейлік заттың өзіндік ерекшеліктері қаншалықты мұқият зерттеліп, толық суреттелсе оның музейлік кеңістіктегі өмірі де соншалықты ұзақ болмақ.

Р. Әбдіғұлов.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ КІТАП

Ұлы жазушы кітапты қалай жинап, қалай пайдаланды?

«Абай жолы» эпопеясында Абайдың жас кезінде де, одан бергі есейген шағында да Семей қаласына барған сайын қоржын-қоржын кітап алып қайтатыны жөнінде әңгімеленетіні бар. Кейін сол жағдай М.Әуезовтің өз басында да қайталанады. Ол да ағасы Раззақ пен жиені Мәжит Диханбай баласы өзін демалысқа алып қайтуға барғанда: «Базарлықты өздеріңіз ала беріңіздер, маған кітап алатын ақша берсеңіздер болды» деп, базар мен кітап дүкендерін аралап, бума-бума кітаптар алып қайтқандығынан көрінеді.

1910 жылдардың соңы мен 1920 жылдардың басында мемлекеттік қызметте жүріп, газет-журналдардың бас редакторлығы қызметін де қоса атқарады. Осы кездерде жинаған кітаптары аса мол болды, бірақ тағдырдың оны ана жаққа, мына жаққа бір айдауы кезінде жинаған кітаптарының ауылдағысын аулда, қаладағысы қалада қалып қойып жатты, ауылдағы үйіне жеткені жетіп, жетпегені жетпеді. Орынбор мен Ташкентте қызмет еткен, Ленинградта оқыған жылдарында жинаған кітаптары да аз болмап еді. Тәшкенге ауысқанда солардың ең негізгілерін ғана алып кете алды.

Ол мектеп бетін көрмей тұрып-ақ Абай өлеңдері мен Құран сүрелерінің көбін жатқа білді. Атасының 2-3 атанға жүк болардай Бұхар, Наманган, Қокан, Стамбұл, Мысыр, Ташкент, Уфа, Қазан, Орынборда басылған кітаптарының қатарына өзінің жинаған орыс тіліндегі кітаптары да қосылды. Бірақ атасы қасиетті кітаптардың қатарында бұлардың аралас тұруын күнә сияқты қабылдайтын. Ал кейін аумалы-төкпелі замандар туғанда осылардың бірде-бірін сақтап қала алмады және қандай жағдайларға душар болғанын ешкім анықтап айтып бере де алмады.

Ленинградтағыдай емес, Ташкенттегі өмірі аласапырандылау болып кетті. Жазар дүниелеріне деректер жинап, жүзеге асыруды бастап жібергенде әлдебір салқындықтың ызғар лебі есе бастады. Казкрайкомның Орта Азия университетінің ректорына М.Әуезов туралы берген мінездемесінде буржуазияшылдықтан беті бері бұрылғаны, ғылыми қызметке қабылдауға болатыны жөнінде айтылады. Сонда да ол САГУ-дің түрік филологиясы бойынша аспиранты болады, тақырыбы: «Орта Азия халықтарының әдебиеті» (жыл аяғында ол «Қырғыздың батырлық эпосы – «Манас» жырына» өзгертілді). Осының алдында 1929 жылдың 29 сәуірінде «Советская степь» газетінде бір топ мемлекет, қоғам қайраткерлерінің А.Байтұрсынов пен М.Әуезовке қатысты мінездемесі жарияланды. Сонда мыналар айтылады: «Біздің ойымызша, сыпайылап айтқанда, Әуезовтің өзін де, оның творчествосын да білмеу, түсін-

беу болып табылады. Біріншіден, Колчактың тұсында Алашорданың Шығыс бөлімінің белсенді қайраткерлерінің бірі ретінде М.Әуезов Колчакқа қарсы күреспеді, күрескісі де келмеді. Керісінше, сол кездегі Алашорда үкіметі, оның ішінде М.Әуезов Колчакпен одақтаса отырып большевиктерге, кеңес үкіметіне қарсы күрескені белгілі» деп берген бағалары жарияланды.

Алған тақырыбы бойынша Фрунзе қаласында ғылыми командировкаға кеткен кезде оны тұтқындау жөнінде Қауіпсіздік комитетінің бұйрығы шығады, бұл шешім орындалғанда бүкіл қолжазбалары мен кітапханасы қоса тәркіленеді. Бұл жағдай Қазақстанда болса, сол тәркіленген дүниелері аман сақталып қалуы әбден мүмкін еді. Өкініштісі сол, Тәшкенде қолды болуы бір ғайыптыққа сіңгендей, із-түссіз дерегін қалдырмай кете барды. Ал қазіргі мұражайындағы мұрағаты мен кітапханасы негізінен 1932 жылдардан бермен қарайғы жинап-терген, сақталған дүниелері болып табылады. Осы бай қазынаның ішінен кейбіреулер оқимын деп алып, қайтармай қойғандары да кездеседі, соның бірі – Ісләм Жарылғапов. Ол 1960 жылдары жазушының «Қараш-Қараш оқиғасы» деген атпен шыққан шығармалар жинағының және «Әр жылдар ойлары» деп аталатын ғылыми зерттеулерінің құрастырушысы бола жүріп, жазушы сеніміне еніп, солардың сирек кездесетіндерімен танысуға мүмкіндік алады, соның бірі Спенсердің «История философии Европы» деген кітабы. Көп ұзамай қаламгер о дүниелік болып кетеді де, кітап орнына қайтарылмай, І.Жарылғаповтың қолында қала береді. Бертініректе ол тағдырдың тәлкегімен Акселеу Сейдімбековтің қолына түседі. Мұхтар Әуезовтің мүлкі екенін біле тұра, ол да өзінің тиісті орнына қайтармайды, Алматыда ашылған кітап мұражайына табыс етеді.

М.Әуезовтің 1930 жылдарға дейінгі жинаған кітаптарының барлығында да оқып-ізденгендегі белгілері, пікір-ойлары, қолтаңбалары болды. Өте жас шәкірт шағындағы қолтаңбаларының кейінгі оқығандағы қолтаңбаларынан бөлектік, алшақтық байқалмайды.

1932 жылдардан бергі кітапханасындағы кітаптар өзіндік тәртіп, өзіндік жүйемен, араб жазуы секілді оңнан солға қарай жиналған: алғашқы шкафтарда әр кездің басылымы ретіндегі энциклопедиялар мен сөздіктер, мемлекет, саясат классиктерінің шығармалары да, одан әрі философия, тарих, ғұмырнама, әдебиеттану, тіл білімі, музыка, театр, кино, көркем әдебиет, туысқан халықтар әдебиеті, қазақ тіліндегі, араб әрпіндегі кітаптар мен шығармаларының әртүрлі халықтар тілдеріндегі басылымдары сияктанып кете барады.

Жазушы оларды жүйелі оқып отырудың тәртібін қалыптастырған, көбіне көңілін айрықша аударған тұстарын блокноттарға түсіріп отырады: мейлі Батыс, мейлі Шығыс, мейлі Ресейде болсын оқу жүйесінің өзіндік өріс-өрнектері қалыптанғанын ол жақсы білді, ал оқуға салыну мен оны жүйеге айнал-

дыру өнер екенін терең ұғынды. Ол кісіні бір құмарлықтың шексіз шыңырауына батырып, сол арқылы дүниенің не бір тылсым сырларымен сырластырады. Осының бәрі кітап жинауға қатты себеп болды.

Оқуға салынып, ізденумен табылған ілім-білім бұлағын шығыс ғұламалары «мұталағасы ашылған» деуші еді, әрине бұл көрінгенге ашыла бермейді, әсіресе жүрдім-бардым қарайтындарға. Салынып, жүйе-жүйесімен оқитындарға, соның жолына түсіп шын арнасын тапқандарға ғана ашылады, сиқырлы құшағына алады. Әрине ондайлар көп емес, сирек, санаулы. М.Әуезов мұның сырын жақсы білді, жақсы ұғынды. Осы ретте оның қабат-қабат қатпарлы білімдарлығы көріне. Орысша білімі өз алдына, Шығыс ақыл-ойына да жетік болды. Ол онымен мұқият, жан-жақты, терең айналысты: Иман шарт, әфтиек, құран, қырық хадис, шуритиссалат, тағлимуссалат сатылары ілімдерін медреседен емес, атасынан және өз бетімен, өз ізденуімен үйренсе, мұхтасар, фиккайдани, тухфатул-мүлк, мантық, нахусарф, бидан, кафия, ғақайдтардың сырына, маңызына да көп үңіліп көрді. Үңіле берсе бұдан ары тарамданып, тармақтанып кете беретініне көзі жетті, нағыз ғұламалар деңгейіне көтерілдіретін «Шарх Абдолла» дейтін сатысын да бағдарлап, шолып көрді. Сала-тармақтанып кете барар күрделі жүйені салынып көңіл бөлмесе, жүрдім-бардым көз салғанға ішін аша қоймайтынын, салынып ізденуді керек ететінін білді. Абайдың «Ғылымды іздеп, дүниені көздеп - екі жаққа үңілдім» дегенінде осындай сырлы қатпарлар жатқанын, мұның шын зейін коюды қажет ететінін ұғынды.

Жалпы мұсылман ғаламына танымал кітаптар мен көп-көп ойшылдарға көз сала жүріп түсінік, ұғым қалыптастырғандығы аңдалады. Сөйтіп барып Шығыс ғылымы, ақыл-ойы, логикасы, философиясы, аһл- тарихат, ұждан, ахлақ мәселелері төңірегінде ой толғайтындай түсінік қалыптастырды. Абайды осы тұрғыдан зерттеуді де ойға алды, бірақ ақынның Шығысы жөнінде ой толғауына болмайтынын сезінген соң ойда бар пиғыл-ниеттерінен тартынып қалды. Онын кейбір сырлары мен қырларын сыртқа шығарып шаша бермеді, кейбір салаларын көркем тұрғыдан жеткізудің жолдарын ойластырды. Егер тұтас алып қарасақ, онда оның осы ғасырдағы қазақ оқыған зиялыларынын ішінде ең білімді, ең терең ойшылы екендігі көрінеді. Оның білімі, оның танымы, ғұлама ойшылдығы бүгін үшін де, келешек үшін де үлкен үлгі, үлкен өнеге, мектеп, оған көне тарих, сол тарихтың өткен-кеткен бел белесіндегі ақыл-ой дамуларының саты-саты жолдары, ғылым мен өнер, этнография, философия, әдебиеттану, фольклор, драматургия, театр, өз халқы мен өзге халықтар мәдениетінің белгілі қайраткерлерінің өмірі мен еңбектері, диссертациялық жұмыстарға жетекшілігі, студенттерге оқитын дәрістеріне дайындығы тұсында танылар білімпаздығы жатады. Араб, парсы, шағатай, түрік

тілдеріндегі еңбектерді де еркін меңгерді. Абайды тануына, тереңдеп, жан-жақты қамтуына мүмкіндік туғызды. Сол тілдердегі кітаптарды оқуы арқылы жетті. Абай танымына тереңдеп барды, бұған жетуі романдағы бейнесін ірілендіріп, үлкен топшыламмен типтендіруіне, өмірдегі ағымдық өсіп-өркендеулерін жиып-жинақтауына да көп пайдасын тигізді.

М.Әуезовтің өз ғасырындағы қазақ оқығандарының ішіндегі білімдісі екенін бәрі де білді, мойындады. Бұл деңгейді ол өмірінің соңына дейін жоғарылатпаса төмендетпей өтті. Оның білімділік жолы бүгін үшін де, келешек үшін де үлкен үлгі, үлкен өнеге, оны жатқан бір университет деуге болады. Ол көне тарих, сол тарихтың өтіп кеткен бел-белесіндегі ақыл-ой дамуының саты-саты баспалдақтарына еркін көтерілген ғұлама.

Сонда оның ой-дүниесін тек гуманитарлық кітаптар ғана емес, өзге саланың кітаптары да қызықтырды. Олар да оны әр қилы ой-қиялдарға шарқ ұрдыратын сияқты. Сондықтан биология, химия, астрономия, медицина, техника мен басқа да ғылым салаларындағы кітаптарды оқығанды жақсы көрді.

Енді кітапханасының құрамына көз жүгіртсек мынадай болып жалғаса береді: XIX ғасыр мен XX ғасыр аралығында Петербург, Мәскеу, Қазан, Уфа, Ташкент қалаларында басылған басылымдарына Л.Толстой, Ф.Достоевский, В.Белинский, Кольцов, И.Гончаров, Салтыков-Щедрин тағы басқаларының таңдамалылары, толық жинақтары, Шопенгауэр, Муравьев, Каганов, академик Граттың кітаптары, «Записи Восточного отделения», «История русской литературы», «Древнеславянский рукопись», «Игорь князь Северский», «Седая старина Москвы», «Сцены из частной и общественной жизни животных» тәрізді жекелеген басылымдар жатады, түптелуі, көркемделуі жағынан XX ғасырдың бас кезінде шыққан кітаптар бірден назар аударады. Олар: «Принципы философского языка опыты точного языкознания», 10 томнан тұратын «Итоги науки» (о теории и практике), бұл басылымда ғылым саласында зор жаңалықтар ашқан, оған тұтастай өзгерістер енгізген ұлы ғалымдардың туындылары топтастырылған. «Библиотека великих писателей» деген атпен шыққан кітаптар сериясында Шекспир, Мольер, Байрон, Шиллер, Гейне, Пушкиннің толық шығармалары қамтылған. Беріректегі жылдар басылымына Бальзак, Флобер, Франс, Золя, С-Щедрин, Бунин, Горький, Р.Роллан, Ч.Диккенс т.т. жатады.

Бұлардың ішінде көркем әдебиеттен басқа салаға меңзейтін кітаптар да мол. Олар: Элиза Реклю «Человек и земля» (бұл адамзат қоғамын қамтитын көп томдық кітап), Фридрих Ратцель «Народоведение», Рязанов «В мире неясного и нерешенного», Мальвер «Наука», «Наука и религия», Биль «Философская хрестоматия», Кэтнер «Химия неосозаемого», Бюхнер «Сила и материя», Дарвин «Мое мирозерцание», Ренан «Антихристы», Леви Брюл

«Сверхестественное в первобытном мышлении», Л.Стерн «Сентиментальное путешествие», Я.Стрейс «Три путешествия» және Фуанкаре, Флетчер, Стрейс, Иоффе, Лурье, Струве, Фриче, Г.Рихард, К.Крауфод, Потанин секілді көптеген авторлардың еңбектері. Осылардың өзі-ақ жазушы ойын аударатын салалардың не екенін ұғындыра алады.

Ежелгі Шығыс, Грекия, Рим, Орта Азия, орта ғасыр мен қайта өрлеу дәуірлері ойшылдарының кітаптары өз алдына бір төбе. Осындағы көне Грек, римдіктерден: Гомер, Лисии, Эсхил, Аристофан, Сенека, Ксенофонт, Аристотель, Гораций, Цицерон, Цезарь, Лукиан болса, Шығыс даналары: Рудаки, ибн Сина, Фирдоуси, Бируни, Сағди, Руми, Хафиз, Омар Хаям, Низами, Ұлықбек, Жәми, Бабыр, Науаи, Хұсроу, Ходжанди болып кете барады. Олардың бұрын-соңды басылғандары мен көне нұсқалары кітапхана көркіне көрік қосады, ерекше өң береді.

Ол осыларды оқығанда көбіне сөйлемдер мен тұтас абзацтардың астын және сол тұстың бос жиегін тігінен бір немесе екі сызады да «М» әрпіне ұқсас белгісін қояды, кейде ойларын да жазады. Мұндай белгілер сол шығарманың өзіне қаншалықты дәрежеде әсер еткен, көңілін аударған тұстарға ғана қойылады. Ертеректе оқыған кітаптары мен өмірінің соңғы кезеңдерінде оқығандарының арасындағы белгілерінде айтарлықтай айырмашылық жоқ. Кейбіреулер секілді ерсілі-қарсылы сызып, ши- майлап, жағымсыз сөздер жазып оқу мүлде әдетінде жоқ. Ең ерекше деген кездер мен көңіл-ойын жарып шыққандай жағдайда ғана ойлары мен пікірлерін кітап беттерінің бос жиегіне көбінесе араб және латын, бүгінгі қолданып жүрген әріптермен жазады. Мұндай сызу белгілерді ол әсіресе көркем шығармалардан гөрі ғылыми, тарихи, теориялық еңбектерді оқығанда көбірек қолданады. Бұл жерде философия, тіл білімі, драматургия, театр, әдебиеттану, әдебиет теориясы, фольклор сияқты салалары болса, онда оның бір емес, әлденеше реттен оқитын тұстары жиі кездеседі. Сонда оның бір бетінің өзінен 3-4 түрлі-түсті қалам іздерінің кездесетіндігі көрінеді және бұлар бір мезгіл, бір уақыттың белгілері еместігі, әр кез, әр уақытта қайта-қайта қарап, оқып отырғандағы сызғандар екендігі аңғарылады. Сонда оның барлығының болмыс астарына терең үңілгендегі, халық тұрмысындағы тілі, салты, санасындағы тарихи өсу, даму өзгерістерін нәзік қалтарыстарына дейін жіті бақылап отырғандағы машық әрекет, әдеттенуі екендігі байқалып жатады.

Эпопеясын жазу кезінде акын өмір сүрген заманды, кез-кезеңді танытатын әдебиеттерді үздіксіз оқып отырады; бұрын-соңды жарық көрген тарихи шығармалар мен архивтік деректерді, елеулі оқиғаларды терең зерттей жүріп, олар жөніндегі белгілі қайраткерлердің баға көзқарастарына да көңілін ұдайы аударып отырды. Романды жазуда XIX ғасырдың екінші жартысын-

дағы қоғамдық құрылыс пен саяси өзгерістер, Шығыс туралы, Ресей отарындағы елдер туралы белгілі классиктердің айтқандарын қатты ескерді. Л.Толстой жөніндегі мақалалардан Абай көзқарастарына жанасатын ойлар кезіксе тұсына белгілер соғып, өз пікірлерін қоса жазып отырды. Сонда ол тек оқып қана қоймайды, конспект түрінде қойын дәптеріне немесе бөлек-бөлек қағаз беттеріне түсіріп те отырады. Жалпы әдебиет, өнер, ғылым, тарих жөніндегі таным көзқарастары сараланады. Студент кезінде оқыған философиялық еңбектердің конспектиленген дәптері қандай жолмен екені белгісіз, әйтеуір сақталып қалыпты.

Жалпы оқыған, ізденген кездерінде оның көз алдында үнемі жазар дүниелері мен кейіпкерлері тұрды. Олардың қалай сомдалып, қалай өріс алмақтығы мазалады: Абай ойларымен ұқсас ой, ұқсас көріністер кезіге қалса, қағазға түсіріп отырудан жалықпады. Оның айрықша мән бергендерінің бір арнасы драматургия мен әдебиеттану болса, оның алғашқы қалыптасу, даму кезеңдерінен бастау алады. Театр, кино, музыка жөнінде де осыны айтуға болады, салынып қалған жол-соқпақ болмаған соң ол үшін көп оқып, көп ізденуіне тура келді. Француз Жозеп Тальманың «Памятники театрального быта», В.Причениң «Социология искусства», А.Крайскийдің «Что надо знать начинающему писателю о построении драмы», Мюллердің «Драма и театр» (эпоха возрождения), В.Дасмановтың «Музыкальное и звуковое оформление пьесы», Г.Лессингтің «Гамбургская драматургия», К.Державиннің «О камерном театре», Иоффенің «Культура и стиль», «История западноевропейской литературы» (раннее средневековие), С.Мокульскийдің, С.Игнатевтің және басқаларының кітаптарындағы белгілері ізденулерінің қандай бағытта өркен жайғандығын көрсетеді. Батысы, шығысы, көне дәуір дүниелері оның білмекке, танымаққа ұмтылысын, қай бағыт, қандай деңгейде екендігінен хабардар етеді.

Әдебиет тарихы мен теориясы, фольклорына қатысты кітаптардың қатарында белгілі ақын-жазушылар өмірі мен шығармашылығы туралы монографиялар, зерттеу еңбектері де мол жинақталған. Эпосқа, ертегіге, жалпы ауыз әдебиетіне айрықша көңіл бөлгендігі, дүниежүзі халықтарының мұралары жинақталуынан да көрінеді. Биікке көтерілу халықтың азды-көптігіне қарамайды екен. Аз ұлт өкілдерінің де жарық көрген фольклорлық дүниелері биік деңгейлерден табылып жатады. Фольклорды зерттеудің ірі-ірі мамандары өздерінің газет-журналдарда жарияланған мақалаларынан бастап, көлемді-көлемді зерттеулерін қолтаңбаларымен оған арнайы жіберіп отырды. Олар М.Әуезовтің пікір-ойларын білгісі келетінін айтады, олардың ішінде әлемге әйгілі академиктер: Малов, Орлов, Азадовский, Бертельс, Жирмунский, Руденко, Брагинский,

Зелинскийлер бар. Барлығы да онымен шығармашылық байланыста болуға тырысады және өзіндік ой-ұсыныстарын білдіруге асығады.

Жазушылық өнер, жазушылық шеберлік жаратқанның ғана берген ерекше сыйы деп біледі, әдебиет мәселелерінің сан қырлы салалары оның ең жанды жерінің бірі. Осылармен байланысты оқып-ізденулеріне келсе, онда оның өзін шексіз бір кеңістікке салып жібергендей болғанын сезінеді: П.Медведевтің «Формальный метод литературоведения», Бизнестің «Сборник литературного центра конструктивистов», Б.Эйхенбаумның «Литература (Теория)», В.Пропттың «Морфология сказки», К.Крицфордтың «Методы умственной работы», Г.Шенгелидің «Как писагь статьи, стихи и рассказы», «Школа писателя», Томашевскийдің «Теория литературы», т.б. жан-жақтылығынан, сан қырлылығынан хабардар етеді. Бұл салада әсіресе 20-30 жылдардың басылымдары көбірек кездеседі. Мұнда жазушы ой-қиялының шексіздігін меңзейтін бір мол дерек көздері мұрағатында жатыр, сондағы жазбаларына көз салсақ, онда оның әр салаға көңіл аударулары, тереңдеп ізденулері ашыла, күрделене түседі. Мұрағат дегенде ол 1932-інші жылдан бермен қарайғы кітаптары мен жазбалары екенін еске алған жөн. Әртүрлі себептермен солардың жалғыз-жарымы ғана аман сақталып қалған. Сол аман сақталып қалғандарын Смағұл Сәдуақасовтың жары Елизавета Әлиханқызы Бөкейханова 1950-жылдардың аяғына таман М.Әуезовке тапсырады. Олар: С.Торайғыров, Ж.Аймауытов, І.Жансүгіров, С.Мұқанов, Бернияз Күлеев, Ж.Сыздықов, С.Сәдуақасовтың араб әрпіндегі қолжазбалары. Осылардың ішінде І.Жансүгіров, С.Мұқанов пен Ж.Сыздықовтың өмірбаяндық қолжазбалары, С.Торайғыровтың көлемді өлеңдер жинағы, Ж.Аймауытовтың «Ақ білек» романы, Б.Күлеевтің өлеңдер жинағы мен С.Сәдуақасовтың «Сәрсенбек» романы және бір топ орыс тілінде жазған мақалаларының қолжазбасы оңып, өшіңкіреп кеткен.

М.Әуезовтің осы оқуларынан әдебиетімізбен қатар туысқан халықтар әдебиетінің өткені мен бүгініне, оның қол жеткізген табыстары туралы үздіксіз толғанатындығы айрықша көрініс берді. Оны Орта Азия, Закавказье, Балтық бойы, Украина, Белоруссия, Сібір халықтары әдебиеті туралы жазбаларынан көруге болады, онда барлық кез-кездендері қамтылған. Әсіресе көршілес өзбек, қырғыз, тәжік, түркімен, қарақалпақ, әзірбайжан, татар, башқұрт әдебиетінің ертедегі ұмыт болған өкілдері мен фольклорына дейін жақсы білетіні, студенттерге оқитын дәрістеріне дайындығынан, басқа да ізденгендегін мол жазбалары көрсетеді.

Ұлы жазушы негізінде Шығыс пен Батыс, Азия мен Африка, Америка елдерінің белгілі, атакты ақын-жазушыларының өмірін, еңбектерін, сол әдебиеттердегі ағымдарға да әр қырынан зер салып, ондағы көтерілген түйінді мәселелер мен суреткерлердің іс-әрекеттеріне де қатты көңіл аударды. «1959

жыл, октябрь» деп басталатын блокнотта Жорж Санд, Оноре де Бальзак, Л. Фейхтвангер мен А.Гриннің және Дж. Олдридждің «Не хочу чтобы он умирал» романы, М.Ибрагимовтің әзірбайжан тіліндегі шығармалары, Сенд Бейлидің «Телефонистка» повесі мен Э.Ремарктің «Три товарища» романы, Уилсон Митчел мен Грем Гриннің «Брат мой, враг мой», «Тихий американец» романдарын, бұлардың қатарында ерте дүниедегі араб жазушысы Әбу-Фарадж, Ибн Мункыз бен Э.Хэмингуэйдің «Старик и море» повесі де бар.

«Асыл нәсілдер», «Дос – Бедел досты» жазу кезінде ол биологиялық, зоологиялық, селекциялық, космостық еңбектерге қатты көңіл бөлді. Соғыс және соғыстан кейінгі жылдары малды асылдандыру ісі баспасөз беттерінде айрықша сөз бола бастады. Белгілі ғалым Кәрім Мыңбаевпен әңгімелесулері кезінде ой-пікір алмасулары көңіл-көкейін біржола өзіне аударып алды. Онымен айналысатын ғылыми-зерттеу институты және онымен байпанысы бар шаруашылықтарды жақын білуге тырысты. Содан соң ондағы өмір ағымы, қоғамдық ортаны ұғынғандай болды. Оның алғашқы эсер-сезіністері «Үшқоңыр жайлауында» болып өрнектелді, онысы ұлғайып-ұлғайып «Асыл нәсілдер» атты көлемді әңгіме мен пьесаға жалғасты, бұлар нұсқалық үлгіде де өз өрнегін тапты.

Ауыл шаруашылығы ғылым саласының тәжірибе жасайтын орталығы тектерді ауыстырып, араластыру нәтижесі ірі табыстарға қол жеткізді. Мұнда қой ғана емес, басқа да түліктерді бірімен бірін будандастыру нәтижесі үлкен табыстарға иек арттырды: жүні жібек, еті асыл құм мен тау жайылымдарына төзімді тұқым пайда болды, асылдың асылдары өсіп жетілді. Осындағы ғалымдар мен шопандар, малшылар ғылымдық тәжірибеде сыналды. Қазақ қойлары мен еуропаның прекосы екеуінен пайда болған жүні жібек, еті мен сүті нәрлі жаңа тұқым шықты. Асыл тұқымды жетілдіру ісімен ғалымдар ерте замандардың өзінде-ақ айналысқан. Американың, Азияның бірқатар елдерінде қой өсірудің теориясы мен практикасы қатар дамып, жемісті нәтижелерін берген. Жазушының жазар дүниесі солармен байланысты болған соң Дарвин мен Тимирязевтің, Мичурин мен Лысенконың, Бальмонт пен Мыңбаевтың селекциялық, практикалық тәжірибелерін, ғылымдық басылымдарын, оқып, оның әртүрлі, әр қилы, әр алуан қырларын білмекке, танымаққа барын салды.

Бірде жайлауда малшы, шопандармен сұхбаттасып отырғанда кенеттен төбелерінде сусылдаған бөгде бір үн естіледі. Отырғандардың бәрі де жалт-жалт жоғары қарағанда, қос бүркіт бір суырды кезектеп іліп алысып, биік шыңға қарай тартып барады екен. Сонда бірі тырнағындағы жемді түсіріп жіберсе, екіншісі шүйіліп барып іліп алады да, әрі қарай биіктей береді, отырғандардың үлкені екі қарт ақсақал бұлардың нағыз қырандар екенін әңгіме етіседі. Бүркіттің осалдары ұяны төменге салып, жемін ылдиға тасиды екен

де, нағыздары төменнен жоғарыға, ұяларын биік шыңдарға салып, өрге өрлейтін көрінеді. Ақпан, қаңтардың қатты аяздарында жұмыртқасын бауырына алмай жанында қонақтап отырып, жарылмай аман қалғанын ғана басып шығарады екен, биік шыңға өрлейтіндері сондай сынға шыдас берген жұмыртқалардан шығатын көрінеді. Жазушы бұл көріністі эпопеясының 3-кітабына да пайдаланды.

«50 жылдан соң» деген көлемді жоспарында космосты қазақ ғалымдарының игергендігі көрсетіледі. Мал тұқымын асылдандырудағы жеткен жетістіктерін конспектілей отырып, шұқшия зерттеген.

Жиырмасыншы жылдардың ішінде 65 том, елуінші жылдары қайта басылған Үлкен Совет энциклопедиясы, Әдебиет пен Кіші Совет энциклопедиясын оқығандағы белгілері көп. Сондағы мұқият қарағандығының белгісіндей болып әр түсті қалам іздері жатыр. Олар терминдік атаулар, әдебиет пен өнер, архитектура, философия, социология, соғыс ісі, мемлекеттер, діндер, биология, жеке адамдар сияқты салаларға қатысты үлкенді-кішілі мақалалар: «Мировая война», «Брестский мир», «Индийская литература», «Персидская литература», «Америка», «Бальзак», «Белинский», «Загадка», «Буддизм», «Персия», «Якобинский», «Женские движения», «Бой», «Артиллерия» дегендей бірде техника, бірде дипломатия, бірде медицина, әлеуметтік мәселелер болып кете барады.

Өмірінің елеулі, маңызды салаларының бірі ұстаздығы болса, қай салаға жататындығына қарамай докторлық, кандидаттық жұмыстарды оқып шығып, пікір ескертпелерін жазады, өзі осындай ғылыми жұмыстарға жетекшілік те етеді. Туысқан халықтар әдебиетін түпнұсқасында оқуы осындай тұстарда болды.

Сондағы оқығандары мыналар сияқты салаланып, тармақтанып тереңдей түседі: Кэтнердің «Химия неосвязаемого» кітабындағы осы ғылымның тарихы мен даму жолдары, Аристотель салып кеткен пайымдауларды Галилейдің шәкірті Торичеллидің бұзғанына дейін белгілі бір шешім, тоқтамға келе алмағандығы, Геронның ауа мен су, кеңістік жөніндегі ілімдерді, кейбір ғалымдар сиқырлық жасап көрмек болғандағы тәжірибелері, Гельмонттың алхимия, газдарға берген анықтамасы, Бойль мен Кирхгоф, Бонзеннің ашқан жаңалықтары, Даньтонның атом жөніндегі түсіндірулері, Аренниустың теориялары сияқты ғылымға енген жаңалықтарға назар аударды. Дарвиннің «Мое мирозерцание», Бюхнердің «Материя и сила», философтар: Риль, Меттри, Шмидт, Реймон Буссе, Пуанкаре, Ферворн, Бундт, Зигвардт, Клаузевиц, Виндельбандтарды тереңдей ұғынуға тырысуы оқу аумағын кеңейтіп, тереңдете түскенінен хабардар етеді.

Француз Леви Брюль М.Әуезовті алғашқы қауым адамдарының наным-сенім, діндік ұғымдары мен фольклорынан бай мағлұматтарымен көңлін аударды. Бұл жерде ол өзі көтеріп, өзі қозғап отырған алғашқы қауым адамдарын тым жабайы, тым анайы қылып көрсеткісі келетіндермен мүлде келіспейтіндігін білдіреді. Олардың ойлау жүйесінің кейбіреулер жазғандай жабайы да, анайы, надан да еместігін кейінгі өсіп өркендеді, жетілді, дамыды, мәдениеттілігі артты деген уақыттың әсерінен аса алмай жүрген пенделердің нанымдарымен салыстырады. Жеке ойлау, жеке тіршілік, іс-харакет, жеке психология қоршауында өмір сүрді дейтін ағылшын ғалымдарының пікірін мансұқ етті. Оларды мансұққтайтын ұжымдық ойлау, ұжымдық идея, ұжымдық елестету яғни партиципация (қайшылық) заңымен өмір сүрді дегенді алға тартты. Бұндай болжамдар- ды еңбегінің өн бойында көптеген деректермен негіздеп, тарата талдап, дәлелдеп отырады. Сонда әсіресе кеңестік дәуір орнағаннан кейін ғылым мен дін өз алдына бөлек-бөлек қарастырылды. Олардың арақатынасы, мәселелері қозғалатын Мальвердің «Итоги науки» атты еңбегінің біз білетін, біз пайымдайтын діннен көп уақыт бізді үркітіп, теріс қаратып келген. Толстойдың да, Абайдың да дінге оң қарап, қатты ықылас қойғаны белгілі.

Бар ерік-жігері мен қайрат-күшін Абайды танымаққа арнаған Әуезов өзін оқып-ізденудің небір қиын, күрделі соқпақтары мен өр-қияларына салды. «Ықыласты шәкірт көп оқыған жылдар соңында бір уақыт жайшылықтағы оқып жүрген жылдарынан, айлар мен күндерінен бөлек бір жаңалыққа ұмтылады. Дүние есігі, ақыл-көзі жүре бара өзінен өзі кең ашылып кеткендей болады. Оқушы талапкер тірлігінде ол «ең бақытты шақ» дегенді айтқызатыны да сондықтан». Өйткені мұндай бақытты шақтарды жазушының өз басы көп көрді, көп сезінді. Әрбір табыстан кейінгі қуаныш-серпілісті басқа ешбір қуаныш-серпілістермен салыстыра алмайды.

Батыс пен басқа да аймақтардың көбінде Исламды кертартпа, схоластика деп ұғындырды. Кейінгі замандарда оны тіпті үдетіп, бар жолсыздықты соған телітін болды. Егер бүкіл әлемдік ақыл-ойға үлес қосқан ұлы даналарды іздер болсақ, қазіргі дамыды деген ғылым салаларының негізін қалағандар да сол ислам ғұламалары болатын. Үзіліп қалған Грек, Рим мәдениетін, ақыл-ойын кейінгілерге жеткізуші, жалғастырушы да исламның әл-Кинди, әл-Фараби, әл-Хорезми, Омар Хаям, әл-Бируни, ибн-Сина, Ұлықбектен Абайға дейінгі аралықта қаншама алыптардың бірде-бірінің исламнан бөлініп, шет қалған жері болған жоқ. Сондағы дін ғұламаларының түсіндіруіне келсе: «жеті қат көк» деп түсіндіруінде алғаш бір нұр пайда болып, одан бір түтін бөлініп шығып, одан он сегіз мың ғалам пайда болғанын, сол ғаламда урикундар (планета) дүниеге келді дегенді айтады. Егер осыларға тайпа-тайпа

елдер қондырар болса, олары кеңістіктегі бір тарының қауызына ғана сиып кеткендей болар еді дегенді айтады.

Міне, ой да, қиял да осы секілді. Оның кеңдігінде, жүйріккігінде шек те, шекара да жоқ. Сонда біз ғаламдық емес, жер уақытының өлшемі шеңберімен жүрміз, одан қара үзіп кете алғамыз жоқ. Сондықтан да біздің даналардың данасы, данышпандардың данышпаны дегендеріміздің өзі сондағы шектеулі мүмкіндіктердің болмашы ғана бөлшегін кәдеге асырып қажетке жаратып жүрміз. Сонда М.Әуезовке оларды білудің, діндер тарихына шұқшия үңілудің қаншалықты қажеті болды дегенді еріксіз ойлайсың. Абай бітімінің, жан-дүниесінің басым бөлігі саналар исламды, басқа да діндер тарихын білмей тұрып, оны танимын деу түсінгенге күпірлік болатынын білді. Содан ба оған «Құран Кәрім» түгелдей дерлік жадында жатталғандай орнығып қалды. Атасы Абайды жаттата жүріп, Құранға да қатты ден қойдырған еді. Бұларды білмеу, дүние шындығына, хақиқат шындығына көз жеткізбеу болып табылады.

Шын суреткерді өзгелерден бөлектендіріп, дараландырып тұратын ең негізгі, басты қасиеті не? Ол оның білім-біліктілігі, өмірді танып-талғай білу жолы қашанда ауыр, талмай ізденуді, талмай көп оқуды, сол оқығандарын бойына сіңіруді, көкейіне тоқуды қажет етеді. Мысалға мұражайды аралап жүрген көрермендердің патшалар киетін тәждің қасына келгендегі сезінісін алайық. Сонда олардың әр қайсының сезінуі де, әсерленуі де, қабылдауы да әр қилы, әртүрлі болатынын көреміз: зергер болса тәждің ою-өрнегіне, сапасына, қандайлық шеберлікпен орындалғанына қызықса, ал әлжуаздау біреу осыншалықты ауыр затты оның басы қалай көтеріп жүрді екен деп, таңданысы мен таңқалысын жасыра алмайды, ал саудагер тәждің бағасын, одан қанша бұйымдар жасап, пайда табуға болатынына ой жібереді. Сәнқой әйел өзінше бұдан қаншама жарастықты бұйымдар жасауға болатынына және өзіне қаншалықты үйлесіп, жарасым табатынын көз алдына келтіреді. Ғалым адам бұның қай заман, қай дәуір, қай елде жасалғандығына, оған қанша уақыт, қанша замандар өткендігіне ой жібереді, саяси қайраткер осы үшін халықтың қыруар қаржысы бостан-босқа шашылғанының қаншалықты қажеті бар еді деп қынжылыс білдіреді. Осылайша ойлар ағыны жалғаса береді, жалғаса береді. Ал, нағыз қаламгердің қаламгерлігінің танылар жері де, шік түсетіні, бүк түсетіні де, король болатыны, пешкі болатыны да осы тұс. Өйткені жазушы олар білгеннің, олар сезінгеннің, ойлайтынның бәрін білуі, сезінуі, ойлауы тиіс. Осының бәрі оның қайығың, сол біліп сезінулердің шет-шексіз мұхитына салып, еркіне жібереді, сонда ғана жазушы оның дауылына да, таудай-таудай асау толқындарының қақпақылдары мен суырып ала жөнелер үйірім-иірім қақпақылдарына да шыдас бере алады.

Егер осы бағытпен үңіле берсе, оның қилы-қилы қырлары мен сырларына ене берсе, тарам-тарам соқпақтарына тереңдетіп батыра береді, әр қайсысы өз алдына жеке-жеке ой-толғауларды қажет ететіндігін сезіндіре береді. Табиғаты, тұлға бітімі ерекше жаратылған жазушының ойланып-толғануларының, ізденіп-еңбектенулерінің де жөні бөлек екенін, нағыз ғұламалықты, дана данышпандықты көргізгендей, сезіндіргендей, тұшындырғандай етеді, оның дана-данышпандығы, ғұламалығы қай кез, қай заманда да бұлжымас үлгі, жол, соқпақ, арна болып қала береді.

Әкімов Т.

Филология ғылымдарының кандидаты

МҰХТАР ӘУЕЗОВТЫҢ ҚОЛТАҢБАЛАРЫ

Әдебиеттану ғылымында жиі кездесетін жанрдың бірі-автограф. Шағын мәтінді қолтаңбаны ғылыми мәселе ретінде арнайы зерттеу әлі күнге дейін күн тәртібіне қойылған емес. Әдеби дерек, ғылыми факт ретінде оларды қарастыру әрине назар аударуды қажет етеді. Өзінің жүрегінен шығып, жұртшылыққа жолданған туындыларын автор ең бірінші кімге ұсынды,оның ішіндегі парасатты ойларды кім парақтады? Оймақтай ойдың ордасы іспетті жазушы жүрегінен жарып шыққан шуақты ойлар, жылы лебіздер келесі жүрекке қалай жеткізілді? Суреткердің өз кітабының сүйінші данасына қуаныштың қарлығашындай болған қолтаңбасын қойып, ұсынған жаны кім болды екен? Ол бақытты жанның қаламгердің өміріне қатысы қаншалықты деген қаптаған сауалдардың қызығушылық тудыруы да табиғи нәрсе. Төл әдебиеттануымызда зерттеле қоймаған тың тақырып автографтар әлемін әлбетте әлемдік деңгейдегі көрнекті суреткер, ғұлама ғалым Мұхтар Әуезовтің қолтаңбаларын жинап, жүйелеп, зерттеуден бастау қисынды. Сондықтан алдымен автографтың анықтамасы мен оның өмірге келу тарихы туралы түсініктерімізді толықтырып алғанымыз абзал .

«АВТОГРАФ» – грек. (Autos – өзім және grapho – жазамын) 1 адамның өз қолымен жазған қолы, мыс., жазушының оқырманға берген қолтаңбасы; 2) автордың өзі жазған қолтаңбасының мәтіні. А. арқылы шығарманың канондық мәтіні анықталады, ол жазушы, ғалым немесе тарихи қайраткер шығармашылығын зерттеу кезінде бағалы материал бола алады. Атарды жинау және сақтау мәселесімен архивтер, кітапханалар және музейлер айналысады. Автографтарды жеке адамдар да жинайды.» (К.Камзин. «Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. 1 том. А-Ә. «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы. Алматы, 1998. – Б. 69). Сондай-ақ, «Толковый словарь Ожегова», «Словарь иностранных слов, вошедших в состав русского языка» (Чудинов А.Н.1910), Дальдың сөздіктерінде де автографқа осы мазмұндас анықтама берілген.

Бүгінгі таңда кез келген құжатты толтыру мен маңызды келіссөздерді жүргізу барысында адамның қолтаңбасы маңызды рөл атқарады. Тіпті, адамның қолтаңбасынсыз ресми құжаттардың өзі заңсыз болып есептеледі. Әдетте қол қою барысында, адамдар құжаттардың маңыздылығына мән бергенде өздері жайлы ақпарат беріп отырғанын байқамайды. Мәселен, ресми құжатқа болсын, құттықтау парақшасына болсын, мейлі ол бір сурет-бейненің бұрышына қойылған қолтаңба болсын, ол иесінің табиғатынан түсінік береді. Оймақтай болса да салмақты жүк артылған автографтан автордың бүкіл болмыс-бітімі, жан-дүниесі,ешкімге ұқсай бермейтін мінез-құлқы да байқалады. Ал, ол әлем жұртшылығы қызығып оқыған, талай ұрпаққа рухани азық болған атақты

«Абай жолын» жазған М.Әуезовтің қолымен, қаламымен қойылған қолтаңба болса ше? Әлем таныған Әуезовтің әрбір қолтаңбасы сонысымен құнды. Жалпы қолтаңбаның екі түрі бар. Олар 1) ресми қолтаңба – төлқұжаттарға қойылатын қолтаңба. 2) бейресми, яғни ол кітаптарға, журналдағы жарияланған мақалаларына және құттықтау қағаздарына қойылатын авторлық қолтаңбалар. Мұхтар Әуезов те кейбір шығармаларына әлде асығыстықтан, әлде бір өзге себептерден де болуы мүмкін тек қолын (подписін) ғана қойып беретін сәттері болған. Соңғы жылдары психолог ғалымдардың зерттеулері бойынша әрбір әріптің, қолтаңбалардың қағазға түсірілуі сол сәттегі көңіл-күйді, тіпті адамның мінез-құлқы, тағдыры мен табиғи болмысы жайлы көп ақпарат беретін басты белгілер ретінде қарастырылып жүр. Олай болса Мұхтар Әуезовтің автографтары, олардың тарихтары, қойылу сәтіндегі суреткердің көңіл-күйлері қазақ әдебиетіне қатысты талай құнды деректердің табылуына тікелей себепкер болуы да ғажап емес. Әдетте, автограф 3 түрлі мағынаға ие – біріншіден, ол құнды құжат, екіншіден реликвия, үшіншіден сөз өнері үшін өзіндік стилі, тілі, тағдыры, тарихы бар ерекше жанр.

Авторлық қолтаңба белгілі бір адамдардың өз қолымен жазған хаттары мен шығармаларының қолжазбаларынан орын алады. Әлемдік деңгейдегі ұлы ойшылдар мен көрнекті жазушылардың, ғұлама ғалымдардың, мемлекет және қоғам қайраткерлерінің қолтаңбалары қашанда әдебиет зерттеушілері мен жалпы оқырман қауымды қызықтырып келген.

Әсіресе тарихи тұлғалардың өмірбаяндары мен туындыларына қатысты құнды тарихи құжаттар мен ғылыми фактілерді, шығармашылық зертханаларды зерттеуде таптырмас дерек көзі болатын автографтар оқырманына көптеген маңызды мәліметтер берері мәлім. Әлем әдебиеті тарихында автографтардың макроавтограф, микроавтограф, төлтума, қолтаңба, радиоавтограф, қолжазба, стереоавтограф, фотоавтограф деген баламалары бар.

Тарихи тұлғалардың қайталанбас қолтаңбасы ежелгі дәуірден бері ерекше қастерленіп, жиналып келеді. Мәселен, XVI ғасырда атақты адамдардың қолтаңбасын тәбәріктей тәу етіп, тарихта қалдыру, жинау зиялы қауым арасында сәнге айналып, қалыптасқан. Алғаш рет Францияда ғылыми мақсатпен жиналған автографтар тарихи құжаттарда көрініс тауыпты. XXIII ғасырда автографты жинауды таза коллекционерлік дағдыға айналдыру да қолға алына бастайды. Сол кезеңдерде автографтарды сауда затына және фальсификацияға айналдыру да жүзеге асады. 1801 жылы Парижде автографтың алғашқы аукционы ашылса, 1822 жылы Парижде каталогы өмірге келіп, 1842 жылы көрмесі ұйымдастырылған. Автографтың шынайылығы нақтылануы үшін факсимиленің жинақтарын да жариялау дәстүрге енеді. Оны мына еңбектер дәлелдейді. (Delarue, *Isographie des hommes célèbres*, 1843; *The autographic*

mirror, 1864–1866; Weigel, Autographie — Prachtalbum, 1858; Deutsche Dichter u. Denker der Gegenwart, 1885, и др.). Сондай-ақ әлемдік рухани кеңістікте автографтарды жинайтын коллекционерге арналған бірнеше мерзімді баспасөз өнімдері жұмыс жасаған. Олар: Парижде — «L'amateur des autographes»; Дрезденде — «Mitteilungen für Autographensammler»; Лондонда — «The Archivist»; Нью-Йоркте — «The Collector», т.б деген басылымдар.

Әлемдік әдебиеттану тарихынан белгілі болғандай автографтардың ең көп жиналғаны Париждің Ұлттық Кітапханасы мен Лондондағы Британ музейі болса, Россияның көпшілік кітапханасы мен Ленинградтағы ғылым Академиясы, Ленин атындағы СССР көпшілік кітапханасы, Толстой музейі, Мәскеудегі тарих музейі, тағы басқаларда көрінеді.

Әдебиеттегі ерекше бір жанр болып табылатын автограф мадригалдарға арналған «қолтаңбасымен альбом» болып Россияда XIX ғасырдың алғашқы жартысында кеңінен дамыған. Ал нағыз ғылыми маңызды мәселе ретінде қарастырылуы сол ғасырдың соңына сай келеді. Атақты адамдардың автографтарын жинау, оны коллекционерлік дәстүрге айналдыру әлі де жиі кездесетін ғұрып. Өйткені жазушының жеке архивінде сақталып, өзінің қолтаңбасымен қалдырылған құнды қолжазбалар қашанда өзінің бағасын жоғалтпаған. Автограф қаламгерлердің өмірі мен шығармашылығында қандай да бір құндылыққа ие. Олардың әдебиет тарихы мен әдебиеттану ғылымы үшін де маңызы ерекше. Өзіндік тарихы бар бұл жанрдың стильдік ерекшеліктері, әдеби трафареттік тәсілі, көркемдік қасиеті бар.

Мұхтар Әуезовтің мұрағаты мен жеке кітапханасында өзінің және көптеген ақын-жазушылар мен ғылым, өнер, қоғам қайраткерлерінің жазушыға сыйға тартқан кітаптарында авторлық қолтаңбалары бар. Қаламгердің шығармаларына қатысты қолтаңбалары да өз алдына арнайы талдауды, зерттеуді қажет етеді.

Өр ғасырдың шежіресі болған кітаптың өз тарихы бар. Әлемдік руханият кеңістігінде танылған тарихи және шығармашылық тұлғалардың кітапханасындағы кітаптар мен өзге де ақпараттық мәні бар басылымдардың толық тізбесін бөлек басып шығару, оларға түсірілген қолтаңбалар мен белгілерді зерттеп, жүйелеп, жариялау үрдісі жақсы қалыптасқан. Алайда, қазақ әдебиеті тарихында жеке шығармашылық тұлғалардың КІТАПХАНАСЫ, ондағы АВТОГРАФТАР әлемі әлі әзірге арнайы зерттеле де, жариялана да қойған жоқ. Бұл екі үлкен мәселенің, ондағы әдеби, тарихи деректердің ғылыми мәні өте зор.

Автографтар адамдар арасындағы өте қызықты әлем. Ол сыйлаушы мен қабылдаушының жеке тұлғалық қасиетін жете тану үшін таптырмас бай ма-

териал. Көптен күткен кітаптың шыққан күні мен сыйлаған сәттің датасын анықтайтын да осы автографтар әлемі.

Орыстың ойшыл ақыны А.С.Пушкиннің: «Всякая строчка великого писателя становится драгоценной для потомства. Мы с любопытством рассматриваем автографы, хотя бы они были не что иное, как отрывок из расходной тетради или записка к портретному об отсрочке платежа. Нас невольно поражает мысль, что рука, начертавшая эти смиренные цифры, эти незначащие слова, тем же самым почерком и, может быть, тем же самым пером написала и великие творения, предмет наших изучений и восторгов», – деген даналық сөзі автографтың маңызын нақтылай түседі.

Әлем әдебиеті тарихы автографтың да әр алуан қызықты үлгілерін ұсынады. Мәселен, орыс ақыны В.Каменский өзінің соңғы уақытын Пермь қаласында өткізіп, әр кітабы шыққанда қолтаңбамен замандасы Анатолий Тарасенкоға жолдап отырған. Және оның өтініші бойынша Тифлисидегі 1917 жылға дейін жарияланған өте сирек кездесетін кітаптар жіберіп, оған әрдайым бір ғана «Не жалко!» деген қолтаңба түсіріп отырған. Шығармашылық тұлғаларға тән тосын әрекеттер оларды өзгелерден ерекшелендіріп те тұрады. Ал, ендігі бір автографында В.Каменскийдің көңіл күйі орнықты, уақыты молшылық болу керек, әлдебір өсиет айтқысы келді ме екен, еркін көсіліпті. Өте қызықты әрі философиялық ойға, нақты өмірлік тәжірибеге сүйенген автографтың мәтіні мынадай: «Один знакомый штурман дальнего плавания, сказал мне, что ничто так не сближает людей, как разлука. Думаю, что это относится и к нам, дорогой Толя! Трехлетняя поэтическая разлука сблизит нас еще больше!». Мұндағы мәтінде тәрбиелік мазмұн ғана емес, бір шығармаға жүк боларлық сюжеттік желі, ойлы оқиға да орын алған. Адамдар алшақтаған сайын бір-біріне деген сыйластық артатынын аңғартқан оймақтай болса да ойлы қолтаңбаның үлгісі, бұл.

Ресейдің белгілі ақыны М.Светловтың тірісінде туындылары өте сирек жарияланған. Соның бірінде мынадай өте жылы, өмірлік мәні бар сөздер жазылып, А.Тарасенкоға жолданыпты: «Дорогой Толя! Пусть эта книга будет для тебя не яркой люстрой, а простым фонарем, освещающим путь...». Ол ақынның 1950 жылы «Советский писатель» баспасынан жарық көрген «Избранные стихи» деген жинағы екен. («Альманах библиофила». Вып.3. Москва. «Книга», 1976 – 256 стр. – 127 с. Сілтемелер осы еңбектен алынды). Аспандағы ай емес қарапайым ғана шырақтың сәулесі жолдасының жолын жарық етуіне тілектестік білдірген автограф авторының адалдығы, ақ ниеті аңғарылады, бұл автографтан.

Міне осындай оймақтай ойлы автографтардың айтары көп, мәні терең, тұңғық. Олардың тарихы мен тіркестер тасасындағы тылсым сырларды

тарата талдар болсаңыз қаншама өмір мен әдеби деректерге кенелер едіңіз. Адам күтпеген оқшау ойлар, әдемі сөздер, сырлы сезімдер, тосын тіркестер, тың теңеулер кездеседі. Кітап біреу, онда жазылған автограф та жалғыз болғанымен мұнда екі адамның тағдыры тоғысады. Екі адамның ішкі диалогындай, үнсіз жүректен шығып жүрекке жолданған жүрек қалаулары, бар мұнда. Тіпті онда оқырман мен автор, шынайы достардың, шәкірт пен ұстаздың, әріптестердің әзілдері де, қаламдастардың қиылып сұралған өтініштері де өзек болуы мүмкін. Кейде халқымыздың ар-абыройы, ірі тұлғалары деп сырттай табынып жүргендердің пендешіліктерін осы қолтаңбалары әшкерелеп жататын тұстары да болады екен. Ол, бірақ, өмір. Фактінің аты факт. Тарих бәрібір ақиқатты ашады. Мұражайлар, мұрағаттар, қолжазбалар, күнделіктер, тіпті титтей автографтар да талай тарихты ашатын ақиқаттар мен айғақтар әлемі, құпиялар қоймасы сияқты.

Айталық, атақты ақын, аудармашы Анна Андреевна Ахматова (Горенко) өз замандастарын керемет әмбебаптығымен, кең эрудициясымен, тіпті әдебиетпен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын бөтен салалардың да сұңғыла білгірлігімен таңқалдырыпты. Оны әріптестері мен жора-жолдастары «жүретін әмбебап» («ходячую энциклопедию») дейді екен. Анна Ахматованың арғы атасы Ахмат-татар ханы, Шыңғыс ханның ұрпағы. Өзі Киевтегі жоғары әйелдер курсына, Киев университетінің заң факультетінде оқыған. Ол лирикалық миниатюраның әлемге танымал шебері болған. Өздерін қызықтырған кез-келген сауалдың жауабын Анна Ахматовадан алатын әріптестеріне бірде әзілмен: «Я – лирический поэт и могу валяться в канаве» деп жауап берген екен. «Замана ағымы» (1965) атты жинағы үшін оған Италияның Энта-Таормин атындағы әдеби сыйлығы берілген. Оксфорд университетінің құрметті докторы болған оның өлеңдері неміс, француз, итальян, жапон, поляк, чех және тағы басқа да тілдерге аударылған. Балалық шағынан бақи болғанға дейін кітаппен біртұтас тұлғаға айналған атақты ақынның ауыр тағдыры, тұрақты мекені болмауы себепті жеке кітапханасы да болмаған, өзімен таситын шағын кітаптары үнемі көшумен жүріпті. Және олар жанына ең жақын, көбінде кимас жандардың жүрек жарды сөздері жазылған, автографы бар кітаптар болғандықтан «ең керек, ең маңызды, ең қажетті құнды қазынам» деп тастамай алып жүреді екен. Соның бірі – Теофил Готьеңің «Эмали и камень» деген кітабына баласы **Н.С.Гумилевтің: «Моей дорогой мамочке от горячо любящего ее переводчика»** – деп жазған қолтаңбасы (кітаптың өңірбетінде (обложкасында) өзінің «А.Ахматова» деген жазуы бар). Сондай-ақ, «Гильгамеш. Вавилонский эпос» (пер. Н.Гумилева, введение В.Шилейко. Спб., 1919) – деген жинақта екі бірдей ахматовтық қолтаңба қалдырылыпты. **Бірі – «Анна Ахматова. 13 ноября**

1924 г. Спб.», – деген мәтін болса, бірі – «Леве от мамы. 13 янв. 1958» – деген автограф.

Ал, Н.Гумилевтің «Чужое небо» (Спб.,1912) деген кітабы: – «Моей дорогой мамочке от горячо любящего ее сына Коли» – деген жүрек жарды жылы сөзбен жазылып, өміріндегі ең бір аяулы жаны-анасына ұсынылыпты.

Міне, осындай отты сөздерден, ізгі ілтипаттардан тұратын шынайы сүйіспеншілікті, ана мен баланың, екі бірдей ұлы шығармашылық тұлғалардың таза тілектері мен арнасынан асып-төгілген сезімдері түскен қолтаңбалар әлбетте ынта тудыратын, ыстық та құнды қазына болары анық. Ол тек автограф авторлары үшін ғана емес жалпы орыс әдебиеті мен олардың шығармашылық өмірбаяндары үшін де қажетті мұра. А.Ахматованың сол азғана кітапханасындағы ең құнды қазына қатарына А.А.Блоктың (М.,1912) «Анне Ахматовой» деген өлеңімен берілген қолтаңбасы бар (16.12.1923 ж) кітабы мен Б.Л.Пастернактың (М.,1926) жүрек жарды жылы лебіздері орын алған жыр жинақтары жатады. Өзге де өз замандастарының, қаламдастарының қолтаңбалары түскен кітаптары өте мол болған. Олардың ішінде сол кезеңнің атақты ақындары, түркітанушылары, музыканттары, археологтары, тіпті көптеген өзге мамандық иелері болғаны осы кітапхана иесінің жан-жақтылығын, аса білімдарлығын дәлелдесе керекті. Осы ретте ақын Евгений Рейннің 1959 жылы Анна Андреевнаның өтініші бойынша Ленинградтағы Красной Конницы деген көшеден Ленин көшесіндегі кезекті пәтеріне көшіруге көмектескені жөніндегі естелігін келтіре кетсек артық болмас: «...Книг было очень немного, штук пятьсот, но на это (укладывание их в мешки из крафт-бумаги. – А.Т.) ушло, наверное, пятнадцать часов. Дело в том, что мы читали все эти книги, пока их упаковывали. Многие были с дарственными надписями. Помню, например, как держу в руках книгу А.Толстого «За синими реками» с изумительной красоты каллиграфической надписью «Анне Андреевне Гумилевой с надеждой на ее дарование А.Толстой...» (А.П.Толстяков. «Из личной библиотеки Анны Ахматовой» (К 100-летию со дня рождения)». «Книгаисследования и материалы». Сборник 58. изд. «Книжная палата». Москва.1989.-268 стр). Міне бұл ақпараттың өзі Анна Ахматованың шағын кітапханасындағы құнды қолтаңбалардың болғандығын айғақтайды. Адамға жылылық сыйлап, екі тұлға арасындағы жарасымды әріптестікті, ізгі ниетті танытатын қолтаңбалар сырын ақтару, оның тарихы мен астарына үңілу де қаншама маңызды мәліметтер, әдеби фактілер, тарихи деректер беретінін дәлелдесе керек.

Автографтар әлемі шынында да құнды құжаттар қазынасы. Оның өзі жатқан бір қызықты әлем. Құпиясы да құндылығы да жетерлік мол рухани мұра. Әр ұлттың, әр халықтың таңдаулы тұлғаларының арасындағы достықты дәнекерлейтін бүтін бір дүние, бұл.

Мәселен, орыстың атақты ақыны В.А.Жуковскийдің жеке кітапханасында А.И.Тургеневке жазылған қолтаңбалары бар кітаптар көп кездеседі екен. Поляктың атақты ақыны Адам Мицкевичтің бір мерей тойына арналған кітап көрмесінде аудармашы И.И.Козловтың «Милому А.Тургеневу» деген автографы түскен «Крымские сонеты» (1929) деген жинағы табылған. В.А.Жуковскийдің кітапханасынан көрмеге әкелінген бұл кітап А.И.Тургеневтің өмірі көбінде салт және шет елдерде өткендігін еске салады. Сондықтан да өзіне сыйланған кітаптарының көпшілігі жақын жолдасы В.А.Жуковскийдің жеке кітапханасынан табылуы да заңды. Әрі бұл дерек екі шығармашылық тұлғаның кітап алмасып оқитынын, пікірлес,сыйлас екендігін айғақтаса керек-ті. Мұндай фактілер Мұхтар Әуезовтің кітапханасына да тән қасиеттер. Мәселен, бала жасынан бірге өсіп, бақилық рухани жақын дос, рухтас, сырлас болған көрнекті ғалым Әлкей Марғұланның Ленинградтағы студенттік кезде өз қолтаңбасын қойып, жинаған әлемдік және орыс шығыстанушыларының, өзге де ірі ғалымдарының неше бір құнды іргелі ғылыми зерттеу еңбектерінің Мұхтар Әуезовтің жеке кітапханасында сақталуы соның нақты бір дәлелі. Және олардың бәрінде Әлкей Марғұланның кітапты қай жылы, қай күні сатып алғаны жөніндегі мәліметі мен өзінің қолы бар. Айталық, М.Әуезовтің жеке кітапханасындағы 6 шкафтың 5-ші қатарында тұрған Ил.Траубергтің 1927 жылы Ленинградтың «АСАДЕМІА» деген баспасынан шыққан «Актер американского кино» деген туындысының 1-бетінде: **«А.Маргуланов. 17/XI.-29.г. Ленинград»** деген жазу бар. М.Әуезов көркем шығармашылығымен бірге әдебиеттану, өнертану, драматургия, кино, театр, фольклористика, эстетика, этнография, тарих, философия және өзге де ғылымдар саласына сүбелі үлес қосып, ұлан-ғайыр еңбектер жазған ғалым. Осы салалар бойынша керемет кітапхана жинағаны да белгілі.

Өз кезеңіндегі ең бай кітапхана саналған Василий Андреевич Жуковскийдің жеке кітапханасында сирек кездесетін кітаптар көп болған. Оның бір куәсі-1831 жылы Петербургте шыққан алғашқы сибирлік роман-И.Т.Калашниковтың «Дочь купца Жолобова» деген кітабы. Оған қолтаңба: «Его превосходительству Василию Андреевичу Жуковскому с совершенным уважением осмеливается поднести сочинитель», – деген мәтінмен түссе, енді бірінде: «Письмо автора к Василию Андреевичу Жуковскому» деген қолтаңбамен ұсынылыпты. Бұл Евгений Лукич Милькеевтің 1843 жылы Мәскеуден шыққан жалғыз тал «Стихотворенія» деген туындысы екен. В.А.Жуковскийдің жеке кітапханасы болмаса бұл еңбектердің табылу-табылмасы да неғайбыл екен. Міне, бұл әдеби фактілер қолтаңба түскен кітаптардың бой тұмардай сақталып, болашаққа жететінінің бірден-бір куәгері.

Әрбір автограф арқылы айқындалар әдеби фактілер мен көркемдік әлем бір ғасырдың, бір халықтың, бір ұлттың ғана құндылықтары емес, ол бүкіл адамзаттың, ойшыл оқырманның ортақ қазынасы. Әлемдегі озық ойлы ойшылдардың қасиетті қолдарының табы бар, даналықтың дәнегі, бір сәттік көңіл күйлерінің сәулелері түскен, бүкіл адамзатқа рухани азық болған ақыл-ойы, сөз мәйегі сақталған бұл қолтаңбалар, сөз жоқ, біздің ортақ мұраларымыз. Ұлттық әдебиеттің шеңберінен шығып, халықаралық деңгейде орныққан автографтар әлемдік шығармашылық үрдістің, әріптестер арасындағы достықтың, қаламгерлік қарым-қатынастың белгісі, мәңгілік символы.

Әдебиеттегі автографтар әлемі өте қызықты. Кейде бір ғана сөзден тұратын, бірақ соңынан талай сырларға, ойларға жетелейтін қолтаңбалар құпиясы немесе кей шығармашылық тұлғалардың шабытты шағына дөп келетін кездердегі көсіліп, төгілген өлең шумақтарындағы небір асқақ ойлы, құйтырқы қалжыңдар, ұшқыр экспромттар, мықты метафоралардан тұратын автографтардан небір асыл ойлы альбомдар, құнарлы ойларға толы тіркестерден тұратын тұтас энциклопедиялар да құрастыруға болар еді. Сыйланған кітаптардағы қолтаңбалар құпиясын зерделесек, қаншама толқын талантты тұлғалардың достығының тарихын түзуге, қазақ дүниетанымындағы аға мен іні ізеттерінің, қарым-қатынастарының үздік үлгілері мен қалтарыс-қатпарларын айқындауға, олардың көркемдік әлемін зерделеуге, қанатты қиялдың, шабытты шумақтардың төресін де тануға мүмкіндік туар еді.

Отандық әдебиетте кітап сүйер қауымды қызықтырар автографтарды зерттеу, жариялау – кітап шығару ісінде әлі қолға алынбауы өкінішті. Бұл, біріншіден шығармашылық тұлғаның өмірі мен өнеріне қатысты құнды құжаттар тізілген туынды болуымен қатар кітап әлеміндегі экзотика да. Өте сирек кездесетін және көпшілікке жариялана бермейтін, кейде тіпті жеке шығармашылық тұлғаның сезімдер шуағы төгілген мөлдіреген мәтіндер шағын жанрлы дүниелердің шырайын да ендіреді. Оймақтай ойлардан, шашылып түскен тіркестерден, не болмаса жылт етпе сезімдерден, асығыс түскен ақпа жолдардан, не болмаса жүректен шыққан жылы лебіздерден жинақталған жұп-жұмыр жинақ қай кезеңнің оқырмандарына да қызықты. Автографтарда арнайы жарияланымға арналмай жеке адамға бағытталғандықтан да субъективті пікірлер мен сезімдер басым болуы кәміл. Алайда шығармашылық тұлғаның әрбір туындысы мен оның әрбір қолтаңбасының тағдыры туралы толғанған әдебиетші үшін автограф әлемі тың тақырып. М.Әуезовтей ұлы суреткердің әрбір мәтіні қазақ әдебиеті үшін айтып жеткізгісіз құнды мұра. Жоғарыда айтып өткеніміздей, А.С.Пушкиннің: «Всякая строчка великого писателя становится драгоценной для потомства» – деген атақты сөзін бізде, әрбір ұрпағымыз да ұмытпағаны абзал. Автограф мәтіні неғұрлым қысқа

болғанымен соның өзінде көңілдегі көрікті ойлар орын алып, көп мағынаға ие болады. «Теңіз дәмі тамшыдан танылады» дегендей титтей тіркес кейде адам тағдырынан, оның өміріндегі мағыналы бір мезеттерінен сыр тартуы да әбден кәдік. Сондықтан автографтың авторлар тағдыры мен жеке адамдар өміріндегі өзіндік мән-маңызы ерекше.

Автографты да екінің бірі емес, белгілі шығармашылық тұлғалар, танымал өнер иелері ғана сыйлайтыны белгілі. Әдетте автографтар әлемінде сол кезеңнің иісі, рухы, үні, психологиясы танылып тұрады. Әр кезең мен уақыттың рухынан, саяси, қоғамдық, мәдени-әдеби, тарихи құбылыстарынан хабар беретін де осы автографтар әлемі. Мұхтар Әуезовтің өз заманында кімдерді оқыды, қай замандасын зиялы, адал дос ретінде сыйлады, қай әріптесін әспеттеді, қай қаламгерге құрметпен қарады, не үшін, оларды рухани жақындастырып тұрған нендей құдірет еді деген түрлі сипаттағы сауалдарға ой жүгіртуге мәжбүрлейтін қолтаңба мәтіндері шынында да арнайы зерттеп, зерделеуді қажет етеді.

Біздің ұсынып отырған автографтар сол алдағы уақытта арнайы ғылыми, әдеби тұрғыдан зерттелетін жұмыстарға кіріспе, соған сапарнама, соларға бағыт беруші көрсеткіш, ой қосушы нұсқа, дәнекер боларлық дәйекті дүние.

Және мұндай мағлұматы мол мәтіндер жеке тұлғаның шығармашылық өмірбаянын толықтыруға, зертханасын түгелдей, тұтастай жүйелі түрде қарастыруға мүмкіндік береді. Сыйға тартылып, талай сыр түйген қолтаңбалар әр кітаптың тағдыры мен оның насихатталуына да, оқылуына түрткі болады.

М.Әуезовтің жүрек қалауымен жазылып, сыйға ұсынылған кітаптарындағы автографтар замандастары мен әріптестерінің кім екендігін, олармен қарым-қатынасының қаншалықты ресми, шынайы, адал, ізгі ілтипат екендігін анықтайды. Және жазушы өмірінің белгісіз тұстарынан там-тұмдап сыр ашып, бұрын беймәлім болған тарихи, өмірлік фактілердің анықталуына себепші болуы да мүмкін.

Қаламгердің өзіне ұсынылған кітап, журнал, газеттер, авторефераттар, сурет, құттықтау парақшалары секілді көңіл білдіретін барлық басылым түрлерінде бар автографтар мұражайдағы кітапханада молынан кездеседі. Біз ең мазмұнды, елді елең етерлік қызықты мәтіндерді ғана жариялауды жөн санадық. Өйткені солар арқылы М.Әуезов кезеңінің, әсіресе оған деген замандастарының достық пейілі, кейбірінің пендешілік паркы пайымдалады. Кейде тек тілек-өгініштен тұратын бірнеше қолтаңбалардың авторы бір кісінің болуы да көңілге кірбің ұялатады. Ненің дұрыс, терісін анықтайтын оқырманның өзі. Біздікі тек фактіні жүйелеп, ұсыну. Оған баға беретін уақыт пен тарих, ұлт пен ұрпақ, қалың оқырман.

Өкініштісі өркениетті елдердегі осы мазмұндас кітаптардың тәжірибесінде байқалғандай Мұхтар Әуезов араласқан әлемдік, орыс және өзге де туысқан елдер әдебиеті өкілдерінің кітапханаларындағы қолтаңбаларды табу, одақтық мемлекеттік архивтер мен кітапханалардағы мұраларды пайдалана алмадық. Біз тек қолда бар, яғни Мұхтар Әуезовтің кітапхана қорында сақталған кітаптардағы автографтармен және жазушының ұлы, көрнекті қоғам қайраткері Мұрат Мұхтарұлы Әуезовтің, С.Мұқанов және Ғ.Мүсірепов мұражайының директоры, акын Әділғазы Қайырбековтің жанашырлық танытып, ұсынған қолдарында бар құнды мәліметтермен ғана шектелдік. 2014 жылдың 27 наурызында «Түркістан» газетінде жарияланған «Мұхтар Әуезовтің қайталанбас қолтаңбасы жинақталмай жүргені өкінішті» деген тақырыпта мақала жазып, қазақтың кітап құмар қауымына, әуесқой коллекционерлерге, сөз өнерінің зиялы өкілдеріне, ұлы суреткердің көзін көрген замандастары мен әріптестерінің ұрпақтарына, қалың оқырманға, жылдан-жылға қатары сиреп бара жатқан шәкірттеріне М.Әуезовтің қолтаңбасы түскен кітап, қандай да бір басылымдар болса Алматыдағы М.Төлебаев көшесінде орналасқан М.Әуезов мұражайы қызметкерлерімен хабарласуын өтінген едік. Өкінішке орай, ешкімнен ешқандай жауап ала алмадық. Қазіргі қазақ оқырмандары мен қаламгерлерінің соншалықты селқостығы, ұлы тұлғаның шығармашылығына, мұрасына қатысты маңызды мәселелерге мән бермейтін рухани марғаулықтарына таңырқаған қалпымызбен қолда барға қанағат тұтуды жөн көрдік. Мүмкін біздің бастамамыз оқырмандарға ой салып, келесі жинағымыз қомақты болар деген сенімдеміз.

Көрнекті суреткердің араласқан рухани кеңістігі ауқымды болғаны белгілі. Кеңестік кезеңдегі одақтас 15 мемлекеттен өзге де шет елдік қаламгерлерге де белгілі бір мәжілістерде, даңқты даталарда, көңілдің шуақты сәттерінде қолтаңбасымен сыйлаған кітаптары табылуы әбден мүмкін еді. Бірақ біздің олардың бәрін іздестіріп, жинауға мүмкіндігіміз болмады. Олардың бәрі сапарлар, қаражаттар, тым ұзақ іздену процестерін талап ететін күрделі жұмыстар. Барға қанағат. Алдымен өз еліміздегі мұраларды игеріп алсақ та жаман болмас еді. Соның өзі толық жүйеленіп, табылып жатқан жоқ. Біздікі алғашқы барлау жұмыстары.

Сонымен, М.Әуезов қолтаңбасын кімдерге берген?

Бұл сауал бізді 2013 жылы жазушының кітапханасындағы кітаптар мен ғылыми, әдеби, көркем басылымдардың тізімін жасау, жүйелеу жұмыстарын жүргізу кезінен мазалай бастады. Өйткені, ұлы суреткерге әріптестері, аралас-құралас болған белгілі қоғам және қалам қайраткерлері сыйлаған туындылардағы, тіпті күнделікті басылымдарда, журналдарда жарық көрген мақалаларына дейін қолтаңба (автограф) қалдырып, естелік ретінде ұсынылулары

түрлі ойларға түрткі болды. Кезінде табиғат тарту еткен талантымен, дара дарынымен, кемел ойшылдығымен, талайларды таңғалдырып, көзі тірісінде-ақ төрткіл дүниеге танылған ғұлама ғалым, көрнекті суреткер, ұлы ұстаз Мұхтар Әуезовке әйтеуір бір сылтаумен кездесіп, дидарласудың, бір жол болса да қолтаңбасын алудың өзі арман болғаны ақиқат. Алайда, әрбір уақытының қадірін біліп, өзінің атақ-абыройын арзан дақпыртқа айырбастамайтын ой алыбы қолтаңбаға қалай қарады екен сауалға жауап іздеп, ұлының ұлағатын көрген, дәрісін тыңдап, шәкірт болған, күнде болмаса да кезі келгенде көңілі жарасқан, дәмдес, әріптес, қаламдас, пікірлес болған-ау деген көне көз қариялардан, еліміздің белгілі қайраткерлерінен, ақын-жазушылардан, көрнекті ғалым – академиктерден азды-көпті сұрастырғанымызда байқағанымыз Мұхтар Әуезов қолтаңбаға сараң болған сыңайлы. Оны да жанына жақын тұтқан тұлғаларға, көңілі құлаған қаламгерлерге, сенімінен шыққан шәкірттеріне, мейірімі түскен жақынына ғана жазған.

Шынында да жүректен шыққан шынайы сөз ғана жүрекке жететінін ескерсек, жалғандыққа жаны қас жазушы бұл жанрда да жаңылмапты.

Мұхтар Әуезовтің өз қолымен жазылған, жүрегінен шыққан шынайы сезімдерді, ыстық ықыласты танытатын әзірге қолға түскен қолтаңбалар төрт жол болса да жолданып отырған жанға деген ізгі ілтипатты, іріден ғана туар ізгілікті танытады. Оған дәйекті дәлел осы қолтаңбалар мәтініндегі мөлдірлік, мәрттік, кез-келген жүректі толқытып, тәнті ететін тазалық. Оқып көрелік: «Дорогому моему воспитателю Василию Ивановичу, впервые зародившему во мне большую любовь к русской литературе. Навсегда признательный автор /қолы/. 4/II-49 г». Бұл алғашқы ұстазы, Семейдегі 5 кластық қалалық училищедегі орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі В.И.Поповқа жазған қолтаңбасы.

Екіншісі жазушының сүйікті әрі үлкен сенім артқан қызы Ләйлә Мұхтарқызына жазған қолтаңбасы: «Моей надежде и радости, самой любимой моей Лелюсечке. С крепкой верой в твоё светлое будущее. Папа. 2/VI.42».

Бұл екі қолтаңба да М.Әуезовтің мұражайындағы экспонаттар залында ұлыдан қалған бойтұмардай қастерленіп құнды жәдігер ретінде тарихи орындарын иеленген. Үлкен жүректен шығып жүрекке жеткен жылы лебіз, зор махаббат, төрт жол болса да теңдессіз сезімнің құйылысын, оймақтай ойдың ордалы арнасын танытатын теңіздің тамшысындай тағлымды ой түйіндер тамсандырады.

Автографтағы әке сенімінің ақталғанының алғашқы бір куәсі – ҚазССР ҒА-ң ХАБАРЛАРЫ журналының 1957 жылғы санында жарияланған Ләйлә Мұхтарқызының «Развитие земледелия у казахов в последней четверти XIX в.» – деген алғашқы ғылыми еңбегіне: «Дорогому папе – первый труд ее

дочери. 30/X-57. Лейля», – деп ұсынуы еді. Әрбір ата-ананың бақыты баласының қуанышына ортақтасып, еңбегінің жеңісін көру емес пе?

1975 жылы Қазақстан Республикасы ҒА-ның Ш.Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың иегері, тарихшы ғалым Ләйлә Мұхтарқызы Әуезова «М.О.Әуезов творчествосындағы Қазақстан тарихының проблемалары («Абай жолы» эпопеясының материалы бойынша)» атты докторлық диссертация қорғап, әке аруағын тағы бір қуанышпен тербеді.

Дарыны мен данышпандығы дара суреткердің сол сенімін шынында да сүйікті қызы Ләйлә Әуезова ақтады. М.Әуезов мұражайының ашылуына, ондағы барлық мұрағаттың мұқият әрі жоғары сапада сақталып, ғылыми, әдеби, тарихи айналымға енуіне, «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталықтың жазушы мұрасын жүйелі түрде зерттеуіне жетекшілік жасап тек ұлының ұрпағы ғана емес қазақ руханиятының жанашыры, қазақтың қайраткер ғалымы ретінде әке аманатына адал болып, сенімінен шыға білді.

Мұхтар Әуезовтің сүйікті қызы Ләйләдан кейін әкелік мейірімін төгіп, шапағатын шашқан, үлкен сеніммен үміт күткен ұлы Мұрат Әуезов болды. «Ұлдың аты ұл ғой шіркін қашанда» деп әндеткеніміздей қазақ үшін ұлдың орны қашанда ерекше .

Мұхтар Әуезовтің соншалықты сағынышпен күткен ұлына өзі ат қойғысы келгені жөнінде Фатимаға (Мұхтар ол кісіні Батима деп атаған Г.П) жазған хатында мынадай мәлімет бар: «...мен сенің жайыңды ойламайды емеспін. Көңілде сенің балалы болған халің бірде-бір уақыт ұмытылған емес. Сен кеткелі өзінді сағынып та, дос жүрекпен соншалық жақын тұтып та көп-көп ойлаймын. Кейде уайым етіп, кейде адамшылық қайратыңа, бас қасиетіне сеніп, үміттеніп қуанышта еске аламын. Болашақ кішкененің тірлігіне, саушылығына үміт артып қуанамын.

Сүйікті, сағынышты, ыстық балам болады, Батиматай. Осыныма сен. Қыжылданбай, қатты болмай дос жүрекпен сен.

Балаң ертең бала болса атын қарапайым қазақша қойма. Өз аттарымдай кітапша ат қой. Мен Хайдар деген атты ұсынар едім. Амандық саулықпен босанған жайыңды айтып хат жаз. Сағынып, сүйген досың М. 10.XI.42 ж». Міне осы хатта айқындалғандай жазушы ұлының есімін Хайдар деп ұсынғанымен анасы Фатима әкесі Мұхтарға ұқсас болсын деген ниетпен Мұрат қойыпты. Оған Мұхтар Әуезов те қарсы болмаған сияқты. Фатима Ғабитованың алғашқы ерлері – Біләл Сүлеев пен Илияс Жансүгіровті Мұхтар Әуезов жақсы танып, сыйлаған, аса қатты құрметтеген. Сондықтан кейін екеуі де ұсталып, саяси репрессияға ұшырап, Фатима айдауда болған жылдары өзгелер қамқор қолын созуға үркіп шетте жүргенде ештеңеден жүрексіңбей қазақтың екі ұлы қайраткер, қаламгерлердің ұл-қыздарын қолтықтан демеп, өмір сүруіне, білім

алуына бар күш-жігерін жұмсаған бірден-бір тұлға да осы Мұхтар Әуезов болатын. 1938 жылдың 10 август күні НКВД-ның жендеттері «24 сағат ішінде Алматыны тастап, қайда болса да 2 жылға кетесіз» дегенде Семейге, ал 1942 жылдың июль айында тағы да Алматыдан кетуге тура келгенде Мұхтар Әуезовтің кеңесімен оның туыстарын жағалап Меркеге баруға мәжбүр болған. Осы айдаулардың бәрінде тек Мұхтар Әуезов қана 4 баласы бар Фатима Ғабитоваға қамқорлық көрсетіп, ұлылардан қалған ұрпақтардың ұнжырғасы түсіп, тапталып кетпеуіне көп көмегін көрсеткен. Оған М.Әуезовтің өз қолымен жазған бірнеше хаттары куә. Кейін өмірге Мұрат келген соң бұл қамқорлық нығайып, таза әкелік сүйіспеншілікке ұласқаны көпшілікке мәлім. Жырақта болса да жүрек жылуын сезініп өссін деген дана жүректің Мұратқа деген махаббаты алабөтен ерекше болатын. Әрбір хаттарында: «Кішкентай Мұраттың саушылығы, өсуі қалай? ...Мұратайым жақсы өссін... Мұрат туралы осылайша жақсы қып, жиі жазып тұр... 5.1.45», – деп үнемі мейіріммен атап, әкелік қамқор көңілмен қадалағап отырған. Ұрпағы мен ұлтын ұлықтаған кемеңгер Мұраттай ұл өсіріп, сәби жасынан сөз өнеріне баулыды. Кітапқа үйір етіп, өз шығармаларын оқытуға, олардан үлкен ой түйіп, танымын тәрбиелеуге талаптандырды.

Алыста болса да айналайынын аямай, аяулы сезіммен сүйе білген сүйікті ұлы Мұратқа деген мөлшерсіз махаббат оған сыйлаған алғашқы автограф мәтіндерінде де сол мөлдірлігін жоғалтпаған күйінде сақталыпты: «Алтын балам, ақылды, жақсы Мұратайға. Ағасынан» 1953 ж. 28/XI». Бұл Фатима Ғабитқызы айдауда жүрген кезде өмірге келген кенже ұлы Мұратқа арнап жазған алғашқы жүрек жарды сөзі, сағынышы, сүйіспеншілігі, әкелік махаббаты еді.

1953 жылы Алматыдағы «Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет» баспасынан түзетіліп, үшінші басылымы ретінде шыққан «Абай» атты тарихи романының бірінші кітабына түскен осы екі ауыз сөзден құрылған қолтаңбадан қаншама мейірімнің мәйегі мен мұндалайды. Бір сөйлемге ұлы жазушының ұлына деген шексіз әрі шынайы сүйіспеншілігі сыйып кеткен. Автографтың шағын болса да жанға шуақ шашар жанрлық қасиеті, жүрекке жылу сыйлар сөзі, мәңгілік есте қалар құндылығы да осында болса керек.

Мұхтар Әуезовтің көзі тірісінде көзінің қарашығындай болған ұлы Мұратқа өз қолымен жазған екінші қолтаңбасы 1953 жылы араб қарпімен жарияланған «Абай жолына»: «Мұратай мен Тәтелеріне. Сәлеммен...» – деп, өз қолы қойылып, берілген.

Сол сағынышпен күтіп, өмірінің мәніне айналған ұлы Мұратқа жазған үшінші қолтаңбасы Қазақ ССР Ғылым Академиясы Тіл және әдебиеті институтының баспасынан 1959 жылы шыққан «М.О.Әуезовке Алпыс жылдығына

арналған мақалалар жинағы» деген еңбекке түсіріліпті: «Сүйікті ұлым Мұраттайға, Келешегіңнен үлкен үміт еткен, қуаныш күткен көңілмен сыйлаймын. Ағаң. 1959.10 ноябрь». Мұраттың анасы Фатимаға жазған әрбір хатында да жүрек жарды сырлары мен мөлшерінен асып-тасыған мәңгілік махаббаты, мөлшерсіз мейірімі төгіліп жатады. Жазушының өз қолымен жазған әрбір мәтін әке мен бала арасындағы өлшеусіз махаббаттың куәсіндей.

Автограф тек қана сыйланған кітаптың бірінші бетіне жазылар сөз ғана емес, автордың қолтаңбасы түскен барлық құжат, барлық көркем мәтіндер, жазбалар екендігін ескерсек, Мұхтар Әуезов жазған эпистолярлық мұрасы да осы жанрды толықтыратыны анық. Сондықтан ұлы жазушының сүйікті ұлына деген мөлшерсіз махаббатын мәлімдейтін бір-екі мәтінді орайы келгенде орынды пайдаланған да оңды болар деп ойлаймыз. Бұл мәтіндер Мұхтар Әуезовтің әлгінде жазған автографтарындағы сөздерін толықтыра, нақтылай түсері сөзсіз: «...Мұраттай! Айналайын жақсы балам. Тілі тәтті, өзі тәтті Мұраттайым. Сен мені сағындың ба, мен сені көп ойлап, көп сағынам. Қашан тағы көрер екем деп ойлаймын. Енді көргенде Мұраттайым маған тағы қандай әндер айтып берер екен деп ойлаймын. Сен әнді жақсы айтушы едің. Осы күнде тіпті көп өлең, ертегі білетін болған шығарсың. Үйрене бер. Ең болмаса хаттар үйрен. Тәтеңе айтып маған өзің де хат жаз.

Жаздығүні мен саған велосипед әперем, алдамаймын, айналайын жаным. Ал, бетіңнен, көзіңнен сүйдім. Хат жазған ағаң. 4.ІІ.48 ж», – десе, енді бір хатында: «...Айналайын, Мұраттайым! Сенің тәтеңе ерік бермей, маған хат жазғызғаныңа мен соншалықты қуанамын. Сен ақылды болып келесің. Ағанды ойлағаның сол ақылды болғандығыңнан. Енді бұдан былай аз аздап сабақ та оқи беру керек. Тәтең саған жеңіл, жеңіл кітаптар оқып беретін болсын...», – деген сөздерінің сөзі даналықтың дөңегіндей, тағлым мен тәрбиенің төресіндей емес пе?

Өзінің әрбір шыққан жаңа шығармасына шынайы әкелік махаббатын мөлдіретіп жазып, ұсынған Мұхтар Әуезов ұлы Мұратқа төртінші қолтаңбасын 1958 жылы қалдырыпты. Осы 4 қолтаңба да әке мен бала арасындағы аса бір сұлу сүйіспеншіліктің символы іспеттес. Кішкене кезінде осындай ойлы хаттар жазып, бүлдіршінін білімге баулып, оқуға дағдыландырса, есейе келе енді әдебиет әлеміне әкесінің мұраларын оқыту арқылы өзіндік ойлау жүйесін қалыптастыруға тырысады. Оның айқын айғағы: – мына автографы: «Мұраттай! Мен сені енді ер жетті, есі кірді деп менің кітабымды оқитын, білетін кезі де жетті деп «Абайды» жіберіп отырмын. Асықпай тәтеңмен бірге оқып біліп ал. Папаң. 1958. 28. XI». Бір ескеретін жайт бұрынғы хаттарында «Ағаң»деп қол қойса, мұнда «Папаң», яғни «Әкең» деген атаулар пайда болыпты. Бұл да баласының есі кіріп, оң-солын дұрыс тануына сай кезеңде айтылған ақиқат-

тарды айқындаса керек. Автографтар арқылы талай тарихтың беті ашылып, өмір мен өнердің тасасындағы тылсым сырлар ғылыми, әдеби тақырыптарға өзек болары хақ. Бір ғана «Ағаң» мен «Папаңның» арасындағы сырлар жүгі, бұл түсініктердің орныққан кезі, т.б зерттейтін жанға қаншама құнды деректер ұсынар еді.

Жазушының Ғабитова Фатима Зейноллақызынан туған сол сүйкімді ұлы Мұрат Мұхтарұлы бүгінде елімізге кеңінен танымал тұлға. Мәдениеттанушы ғалым, публицист жазушы, мемлекет және қоғам қайраткері. Қазақ пен қытай мемлекеттерінің саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени қарым-қатынасының тәуелсіздік кезеңінде зор қарқынмен дамуына үлес қосқан тұңғыш дипломат. ҚР еңбек сіңірген қайраткері. Мәскеу мемлекеттік университетінің шығыс тілдері факультетін және М.Горький атындағы Әдебиет институтының аспирантурасын бітіріп, 1969 жылы филология ғылымдарының кандидаты атанды. Ол бүгінде «Времен связующая нить», «Иппокрена», «Уйти, чтобы вернуться» атты кітаптардың авторы. Өз ұсынысымен құрылған «Мұхтар Әуезов қорын» (2007-2014) басқарып, ұлы жазушының аса бай әдеби мұраларын жинап, жариялауда көп жұмыстар жүргізді. Қоғамдық ұйым негізіндегі қор ұлы жазушының кітаптарын жариялау, әлем тілдеріне аударылып, кеңінен насихатталу, 100 жылдық мерей тойын ЮНЕСКО деңгейінде өткізу, деректі фильмдер түсіру секілді көптеген ұйымдастыру, қаржыландыру жұмыстарын жүргізді. Бұл өмірлік деректер М.Әуезовтің ұлын сәби кезінен саналы түрде өзінің рухани іздеушісі болуға баулығандығының дәлелі. Өзіндегі ұлттық ойдың өзегін үзбейтін ұлы да Мұрат екендігіне сенген әке баласын о бастан қазақ мектебіне беріп, әдебиетші ғалым, шығыстанушы болуға бағыттады. Ақыл –ой өрісін өз бақылауында ұстаған әке-ұстаз балапанын баптаған бүркіттей шыңдарға шақырды. Әке тарапынан көрсетілген мейірімділік, мәрттік, адалдық, тазалық, ізгілік пен адамгершілік бала бойындағы асыл қасиеттерді қалыптастырды. Бауыр еті-баласының бетінен қақпай, барын бағалай, белін буып, ел болашағын ойлайтын ер-азамат етіп өсіруі-өнеге ғана емес, күллі қазақ сүйсінерлік сирек құбылыс.

«Қыранды қыран қиядан таниды» дегендей, болар баланың болмысын зерттеушілік зердемен, кемеңгерлік көсемдікпен байқаған бапкер – әке бар білімді кітаппен беріп, қолтаңбасындағы қомақты ойлармен ауыр жауапкершілік жүктеген. Әрбір қадамын қадағалап, елдің, ұлттың, жалпы адамзаттың рухани құндылығына үлкен үлес қосар деген үмітпен қайраткерлікке, қаламгерлікке бағыштады. Оған М.Әуезовтің өмірінің ең соңғы күндері өз қолымен жазған қолтаңбасы, яғни Мәскеудегі Кунцева ауруханасынан жазған хаты айғақ. Қолтаңба құндылығының өзі қаламгердің қолы тиіп, өзек жарды тілегін қағазға өз қалауымен түсіруінде емес пе? Үміт күткен ізбасарын,

өзінің бар шығармашылығының шырағы болар жанашырын, ұлының ұлы мұратын ақтар перзентін тап бір табиғат тәңірі сездіргендей өз елінің абыройлы азаматтарына, ең жақын ағайын-туыстарына, етжақын жолдастарына сеніп тапсырып, ендігі тағдыры, ел-жұртымен табыстыру сендердің міндеттерің дегендей хат жолдап, аманат етуі де тылсым сырға толы ғажайып құбылыс. Хат жазушының Семейдегі ең жақын туысы Кәмен Оразалинге 25-ші шілде күні жолданады. Себебі, 26 күні операцияға дайындау жұмыстары жүргізілетіндіктен хат жазуға, кітап оқуға, кісі қабылдауға рұхсат берілмеген. Сондықтан Мұратқа өзінің туып-өскен жеріне барып, туған-туыстарымен танысып қайтуды табыстайды. Ал, сол сапар туралы әсерін кейін ауруханадан шыққан соң Ыстық көлде кездесіп, арқа-жарқа бір отырғанда әңгімелеп беруін де тапсырады.

Мұхтар Әуезовтей ұлының ұрпағы, алтынның сынығының сағы сынбауы үшін арқа сүйер ағалары, өз ел-жұрты болуын қатты қадалаған қаламгердің соңғы сезімдері мен сөздері түскен қолтаңба мәтіні мынадай: «Қымбатты Кәмен!

Мынау Мұрат Әуезов – менің туған балам. Москва университетінде оқушы еді. Қазір жазға Семейге, содан ары Абай ауданын-әкесі туған жерді, елді көруге бара жатыр. Өзіне саған, Балташқа бар дедім. Осыны ауданды аралатып, елді, жерді көрсетіп, танытуға өзің бар, Балташ бар, көмек етулеріңді сұраймын. Өзім сен өз үйіңе түсірсең деймін.

Мен ауырып Москвада больницада жатырмын, жайымды Мұрат айтар. Үйіңе көп-көп сәлем. Мұхтар Әуезов.

Елдегі бар ағайынға мың сәлем. Балташтікіне жайды ұғындырып өзін алып барарсың» («М. Әуезов. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2011.Б. – 91). Қазір ойласаңыз, М.Әуезовтің бұл хаты жалғыз Кәмен Оразалинге емес, бейне бір барлық қазақ жұртына жолдаған соңғы аманатындай сезіледі.

Ұлыдан ұлағат дегеннің өзі осы емес пе? Ұлт пен ұрпақты сабақтастырып, тұтастандырып тұрған да осы бауырмалдық пен бапкерлік болса керек. М.Әуезовтің қолымен жазылған соңғы қолтаңбаның қазақ әдебиеттануы мен мұхтартану саласы үшін де тарихи орны мен маңызы ерекше.

Мұхтар Әуезовтің жеке кітапханасының 4-ші шкафының 10-шы қатарындағы жазушының Л.Соболевпен бірігіп жазған «Абай» пьесасының (ГИХЛ. М – 1950) орыс тілді нұскасына: «Дорогому Муратику с глубокой верой в твоё хорошее, светлое будущее. Автор ...(қаламгердің өз қолы) 26/XI-50г» деген қолтаңбасы табылды. Алайда бұл автограф Мұрат Әуезовке емес Мәскеуде оқып жүрген Сәбит Мұқановтың ұлы Маратқа арналған болып шықты. Оны Мұрат Әуезов ол кездері өзінің әлі Мәскеуге келмегендігін, орысша жазғанда

кейде «а» әрпінің «у» секілді көрінуі мүмкін екендігін ескертіп, қолтаңбаның өзіне бағытталмағандығына сендірді. Кітаптың 1-ші бетіндегі «Марату Муканову. Москва, 1/XI-50 г», – деген жазу шынында да қолтаңбаның Марат Мұқановқа арналғандығын айқындай түседі. Сондықтан «Муратику» деген сөзді «Маратику» деп оқыған онды болар.

Осы орайда айта кетер бір жәйт – 1982 жылы Мәскеудің «Художественная литература» баспасынан: «Постановлением Центрального Комитета КПСС и Совета Министров ССР Ауэзову Мұхтару Омархановичу за роман «Путь Абая» (книга первая – «Абай», книга вторая – «Путь Абая») присуждена Ленинская премия 1959 года» деген аннотациямен қайта басылған кітап мұқабасына Мұхтар Әуезовтің қолтаңбасы қойылған. Бұл қолтаңба – мәңгілік мәтін болып, «Әуезов қорының» өзіндік эмблемасына айналып, біздің ұлттық әдебиетіміздің өлмес мұрасына ұласты.

М.Әуезов сүйікті Абайынан соң өз заманының шындығын сомдау мақсатында «Өскен өркен» атты көп томды шығарма жазу барысында бірнеше рет Оңтүстік Қазақстан облысына барып, елмен, еңбекшілермен, көптеген жаңа заман кейіпкерлерімен кездескен. М.Әуезовтің 1960 жылғы жазғы сапарының құрметіне жазушы Еркінбек Тұрысовтың үйінде өмірге келген сәбиге Мұхтар есімі берілген. Бала Мұхтардың анасы Шырынкүл Тұрысованың 2002 жылы 28 қыркүйектегі «Егеменді Қазақстан» газетінде жарық көрген «Ұмытылмас ұлы бейне, дана Мұхтар мен бала Мұхтардың кездесуі» деген мақалада осы оқиғаның тарихы баяндалады. Мұнда өзінің құрметіне қойылған бала Мұхтарға арнайы бұрылып, бата берген дана Мұхтар мен 10 айлық бала Мұхтарды суретке түсірген белгілі фототілші Үркімбек Елеубеков екенін, өкінішке орай бұл бейне жазушының көзі тірісінде түсірілген ең соңғы бейнесі екендігі жөнінде тарихи деректер береді: «..Мұхаң елден аттанғасын, ізінше 1 Май мерекесімен құттықтап, поштамен жіберілген суретті алып, елден жеткен ең соңғы хат, соңғы сәлемдемені жазу столында қалдырып, өзі Мәскеуге емделуге аттанып бара жатып, қызы Ләйлә арқылы ризалы сәлем жолдапты. Тағдыр бізді ұлы ағаны қайта көруге жазбады», – делінген мақалада. Бала Мұхтар Әуезовтің көзі тірісінде өзінің құрметіне қойылған алғашқы есімдердің бірітін. Ұлы Мұхтар есімін иеленген елімізде қазір қаншама ұлдар бар, ұрпақ бар. Араб тіліндегі «Құдіретті» деген мағынаны білдіретін «Мұхтар» есімін иеленген ұрпағымыз шынында да жақсы қасиеттерге ие. Олар дана Мұхтардың есімін Мәңгілік мұра етіп, абыроймен алып келеді. Бұл тек Оңтүстіктегі бала Мұхтарға емес еліміздегі Мұхтар есімін иеленген бүкіл балаларға бағытталған БАТА есебіндегі тірі қолтаңбасы, символды түрдегі сөзі мен өзінің өлмеске айналған аты, яғни АВТОГРАФЫ десе де болғандай. Бұл да ұлттық салт-дәстүріміздің өшпес өнегесі. Ұлылардан қалған МӘҢГІЛІК МӘТІН.

Оның нақты дәлелі – миллиондаған МҰХТАР есімді ұрпақтарымыз. Бұл да адамзат өмірінде өзіндік мәнге ие болған өнегелі экзотика.

«Мұхтар Әуезовтің көзі тірісінде түсірілген ең соңғы бейнесі – Дана Мұхтар мен бала Мұхтардың суретінен бүгінде үлкен портрет жасалып, Алматыда М.Әуезов мұражайында көрнекті орын, көгілдір қабырғада ұрпақтарға ұлағатқа қалдырылған мәңгілік аманат сөзі: «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деген алтынды жазу астында тұр. Сол ұмытылмас ұлы бейне мәңгі-бақи көз алдымызда!», – дейді бала Мұхтардың анасы Шырынкүл Тұрысова жүрекжарды қуанышын жасыра алмай.

Оңтүстік сапары кезінде әлемге әйгілі суреткермен жер-жерде кездесулер жиі-жиі болды. Соның бірі – Шымкент қорғасын зауытының Мәдениет сарайында «Абай жолы» эпопеясы жайлы екі күнге созылған оқырман конференциясы. Еңбекші халықпен бірге жазушының қалың оқырман қауымы да осы мәжілісте болып, сауалдар қойып, шығармашылық өмірбаянымен кеңінен танысқан-ды. Сол кездесуде болып, ұлы қаламгердің қолтаңбасын алу бақытына ие болған жанның бірі – Мұхтар Шаханов екен. Мұхтар Әуезовтің: «Бала Мұхтарға ата Мұхтардан ескерткіш. Ықласпен» деп қолын қойып, қолтаңбасымен кітабын сыйлағанын, ұлы адамнан бата алғанын «Құз басындағы аңшының зары» деген роман-диалогында (Ш.Айтматовпен бірге, А., 1997. Б. 57-58) Мұхтар Шаханов зор тебіреніспен жазған. Кейін осы тарихи оқиға туралы «Лениншіл жас» газетінің 1977 жылғы 29-шы қыркүйегінде, яғни жазушының мерейлі тойына тарту ретінде «Мені неге Мұхтар қойған?» деген жыр жазған. Мұхтар Әуезовтен бата алған бала Мұхтар бүгінде түркі жұртына түгел таныс талантты ақын, қоғам қайраткері болды.

Мұхтар Әуезов «Өскен өркен» романын жазу барысында оңтүстік өлкеде кеңінен өріс алған өндіріс орындары мен мал, ауыл шаруашылықтарында жиі болып, ондағы еңбек адамдарының тұрмыс-тіршілігімен, еңбектерімен терең танысты. Олардың кейбіреулерімен туыс, дос болып та кетті. Көп жылдар Оңтүстік Қазақстан облысында аудандық партия, кеңес қызметінде болған, жазушының «Өскен өркен» романының 4-тарауында боранда қалған малдарды құтқарушы Ноян (ол кезде Шаян, қазір Бәйдібек) ауданы басшыларының бірі ретінде кейіптелген Әбентаев Әубәкір «Өмір шындығы-өміршең» атты естелігінде: «...Сол күні кішкентай ұлым Мыңбайға өз автографын қалдырды. Үйдегі «Абай Құнанбаев» деген кітапқа: «Кішкентай Мыңбайға! Үлкен бол, ақылды бол, бақытты бол деген көңілмен-жазушы М.Әуезов» деп қол қойған кітабын үй ішімізбен көздің қарашығындай қастерлеп сақтаймыз», – деген жүрек жарды тебіренісін білдірген. Кезінде сапарлас, пікірлес болып, кейін жазушының жағымды кейіпкеріне айналған Әбентаев Әубәкірдің кішкентай ұлы Мыңбайда даңқты дана баба Мұхтардан бата алған бақытты баланың бірі.

Міне, осындай тарихы мен тағлымы мол Мұхтар Әуезов қолтаңбаларының, оған түскен әрбір ойдың да өз тарихы, тылсым сыры, құпия қалтарыстары мен қызғылықты деректері бар. Жоғарыда келтірілген әрбір қолтаңбаның әлі де зерттеле түсер өзіндік тарихы баршылық.

Тағы бір ерекше көңіл бөлетін автографтық ақпараттың бірі-жұбайларына, жан серіктеріне ұсынар сезімдері, естеліктері. Мәселен, Мұхтар Әуезов үшінші жұбайы, студенттік кезде танысып өмірінің соңына дейін жұбын жазбай аса бір сүйіспеншілік, өзара татулықта өмір сүрген.

Елдес (ерте қайтыс болған тұңғыштары 1927-1-28), Елдар (1941-1944), Ернар (1943-1995), Ләйлә (1928-1993) атты ұл-қыз сүйген. Валентина Николаевна Әуезоваға (қыз күніндегі фамилиясы – Кузьмина) сыйлаған алғашқы суретінің сыртына жазылған қолтаңба мәтіні мынадай: «Ленинград. 1926 жыл. 25 ақпан менің туған күнім. Мұхтар алғаш рет өзінің фотосуретіне мынадай жазу жазып, маған сыйлады:

«Сүйгенім Валечкаға. Күн шуақты қызық шағымыздың ескерткіші үшін ұмытпассың, ұмытылмассың деген үмітті сеніммен сыйлаймын. Мұхтарың». 25.ІІ.26 жыл, Ленинград. В.О. 3-линия, 46-үй, 63-пәтер. Сағат 1-ден 10».

Бұл автографтың маңыздылығы біріншіден, ұлы тұлғаның жеке сезімінің ғажайып көрінісі болса, екіншіден студенттік өмірінің ең бір мерекелі де мерейлі датасы анықталып отыр. Адамзат өмірінің мәні күнделікті күндері емес, есте қалар мағыналы күндерде екендігін ескертеді, бұл мәтін. Сүйген жары Валентинаға деген махаббат сезімін өз суретімен және осынау үлкен жүректен шыққан шынайы сөздері жазылған автограф арқылы білдіруі бұл жанрдың жедел әрі жинақы қасиетін де ұғындырады.

Әлемдік әдебиет тарихында суреттерге, құттықтау парақшаларына, газет қиындыларына, кітап бұрыштарына, сол сәтте қолға түскен өзге де басылымдарға жедел түрде түскен жүрек сырлары шоғырланған қолтаңба үлгілері де баршылық.

«Ақиқат» журналының 2015 жылғы №1 санында белгілі қаламгер, жазушы, аудармашы Герольд Бельгердің «Күнделік беттерінен» деген үзінділер жарияланды. Соның «12.10.13» күнгі бетінде М.Әуезовке қатысты құнды пікірлері бар екен. Соны толық келтіруді жөн санадық: «Ұйықтар алдында «Әуезов және кітап» деген көлемді мақала оқыдым. Керемет деректер! Әуезовпен тек қана мақтану лазым. Пешенесіне жазылған 64 жылғы ғұмырында 50 том шығарма жазып, бірнеше жерде жұмыс істеді, лекциялар оқыды. Жарты әлемді аралады, белсенді тіршілік етті, күресті, қуғын-сүргін көрді, түрмеде отырды, қыруар кітап оқып, ой түйді, бірнеше тіл үйренді, қонақ қабылдау, қонаққа бару, кербез сұлу арулардың көңілін табуға да уақыт тапты-апырмай дерсің! Неткен жаратылыс! Заманынан озық туған ақсүйек. Тас тұлға!», – (72

– бетте). «Сырт көз-сыншы» дегендей, қанша қазақ болып, қазақтың қамын ойлап отырғанымен өзге жұрттың көзімен қарап, жақсыға қуанып, кемшілікті сынап отыратын қазақтың әділ сыншысы, шын жанашыр досы Герольд Бельгердің айтып отырған бір ақиқаты ұлы суреткеріміз шынында да «кербез сұлу арулардың көңілін табуға да уақыт тапты». Азғана ғұмырында тағдырдың жазуымен заңды түрде 3 сұлумен некелесіп, Фатимамен сыралғы дос болып, Мұраттай ұл сүйді. М.Әуезов 1928 жылы Ленинград университетін бітірісімен Ташкентке қайтып келіп, 1929 жылы Орта Азия мемлекеттік университетінің тюркология кафедрасы бойынша шығыс факультеті аспирантурасына қабылданады. 1928-1930 жылдары қазақтың Халық ағарту институты мен Ташкент Орман техникумында қазақ әдебиетінен дәріс беріп, зерттеу жұмыстарымен айналысқан. Сонда мүмкін оқып жүріп, мүмкін қызмет барысында танысқан (біздікі болжау, оны анықтау келешектің ісі Г.П) алғашқы қайраткер қыздардың бірі Ғайникамал Мұстафақызы да Бельгер ағамыз айтып отырған сол сұлулардың санатында. Орта Азия мемлекеттік университетін 1928 жылы бітірген Ғайникамалмен Ташкенттегі оқыған, зиялы қауымымен тығыз қарым-қатынас орнатқан шақта пікірлес болған. Ғ.М.Құтымова 1928 жылдан бастап 1947 жылдар аралығында ординатор, кейін Өзбек КСР Денсаулық сақтау халқомында басқарма бастығы, халкомның орынбасары болып ірі қызметтер атқарыпты. Ғалым, қоғам қайраткері, медицина ғылымының кандидаты, Өзбек КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланған Құтымова Ғайникамал Мұстафақызы мен Әуезовтің арасындағы достық, сыйластық, ынтықтық қатынас ұзақ жылдар үзілмеген сияқты.

Әдебиет, мәдениет, қоғам, саясат және өзге де мәселелер туралы айтылған хаттар қазір Ташкентте тұратын тарих ғылымының докторы Серікжан Қарабаевтың қолында сақтаулы көрінеді. 1942 жылы «Абай» романы шыққанда Мұхтар Әуезов қолтаңба жазып, кітаптың бір данасын Құтымоваға сыйлаған. Өкінішке орай автографтың мәтіні бізге беймәлім. Бұл қолтаңбаның тарихы келешекте анықталар деген үміттеміз.

Өзірге қолда барға қанағат тұтып, бұрындары арнайы әңгіме арқауы болмаған қазақ әдебиетіндегі, жалпы ұлттық руханияттағы қайталанбас шығармашылық тұлға Мұхтар Әуезовтің өз қолымен жазып, көңіл қалауымен таңбаланған қолтаңбалар мәтіндерін мәлімдеу. Жазушының шығармашылығын толық және тұтастай қарастырып, толық мәтіндік деректерді анықтап, жүйелеуде өзіндік өрнегі, өмір-тарихы бар, сол кезеңнің қоғамдық, саяси, рухани көріністері, хал-ахуалдары байқалатын қолтаңба тарихы да әдебиеттанудағы, мәтінтанудағы арнайы зерттеуді талап ететін маңызды ғылыми мәселе. Қолтаңба қойнауында қатпар-қатпар құпия сырлары бар қаншама құнды деректер, жүрек тебіреністері, сезім селдері, көңіл күнделіктері болуы кәдік. Оймақтай

ойлар сол кезеңнің, сол бір сәттің уақыт пен кеңістігіне көз жіберіп, талай сырлардың ағытылуына куәгер етуі де күмәнсіз. Қалай дегенмен де әр автографтың артында адам тағдыры, оның сол сәттегі көңіл-күйі, оның жазылу тарихы, екі адамның, яғни автограф ұсынушы мен алушының арасындағы қарым-қатынастың куәсіндей төрт жол талай-талай тағдырдан сыр шертуі де ғажап емес. Өйткені, әрбір қолтаңба ерекше экзотика. Көпшіліктің бәріне таныс емес қолтаңба мәтіндері сол құпиялылығымен қызықты да.

Әдетте жеке кітапханаларда сақталатын қолтаңба мәтіндеріндегі елдің бәріне бірдей жалпылама берілетін, әсіресе авторефераттар мен монографиялық еңбектерде жиі кездесетін қарабайыр, құрғақ, жалпылама, жол-жөнекей, жансыз сөздерден тұратын қолтаңбалардан М.Әуезов қолтаңбасының ерекшелігі де өзгешелігі де өрелі ойда, тазалықпен таңбалануында, жүректен шыққан шынайылығында болса керек. Сондықтан да болар сирек ұсылатын қолтаңбалар осы саралығымен соны, қасиетті де қадірлі болар? Өз заманының иісін сездірер, жеке жүректен шығып, жеке адамның бойтұмарындай қасиетке ие болар қолтаңба тағдыры, әсіресе Мұхтар Әуезовтей ұлы жазушының әрбір қолтаңбасы қазақ әдебиеті тарихы үшін ұланғайыр ұлағат, үлгі-өнеге, тағлымды тәрбие, өлмес мұра, құнды құжат. Күні бүгінге дейін белгілі, белгісіз болып келген, әр қазақтың үйінде, төріндегі кітапханасында ұлыдан қалған жәдігер, қасиетті де құнды, куәгерлік мұра болса, мұражайға тапсырылса нұр үстіне нұр болар еді. «Жаман айтпай жақсы жоқ» дегендей жақсының қадірін білетін кемеңгердің көзіндей көріп қастерлейтін, жиі жүгінбесе де көзі түскенде талай-талай тарихи оқиғаларды ойға түсіріп, сағымдай тәтті бір сағынышқа бөленетін көне көз қарияларымыз көзден кетсе осынау мол мұраның өкінішке орай барар жері белгілі емес пе? Ұлының ұлағатын ұғынар ұл-қыз болса бір жөн. Болмаса ше? Кеше ғана әкесінің әспеттеп, шаң жуытпай бойтұмарындай сақтаған қадірлі ұстазы, сүйікті суреткері, әріптесі, сыйлас досының шын ниетпен ұсынған қолтаңбасы, жүректегі жыры жыртылып жер жастанып жатса ше? Қымбат қазынадай болған қолтаңбаларға қиянат емес пе? Кейбір зиялыларымыз көзі тірісінде өз кітаптарын көпшіліктің игілігіне жұмсалсын деп кітапханаларға өткізіп кететін дәстүр бар. Ол да құптарлық нәрсе. Бойтұмардай қастерлеп сақтайтын, кітаптың, тарихи тұлғаның қадірін білетін Мұхтар Әуезовтің көзін көргендер, қолтаңбасын алу бақытына ие болғандар сол қолтаңбаның тарихын жазбаша түрде баяндап, автограф иелерінің (мейлі ол М.Әуезов бола ма, жоқ С.Мұқанов бола ма...) мұражайларына тапсырса тіпті нұр үстіне нұр емес пе? Әрі автор алдындағы жауапты да сауапты іс болар еді.

«Дүниеде өлмейтін жақсының аты, ақынның хаты» дегендей, ұлылардан ұрпағына қалар ұмытылмас мұрасы да ескерткіші де осы рухани дүние-

лері, мағлұматы мол мәтіндері. Соның ішінде ерекше бір жүрек жылытарлық жылы лебізді – осы қолтаңбалар. Көлемімен көзге түсе қоймайтын, арнаулы зерттеуші мамандар болмаса өзгеге елене бермейтін қолтаңбаға деген қызығушылық шығармашылық тұлғаның өмірбаяны мен творчестволық зертханасын терең танып, ғылыми-әдеби, тарихи деректерді тұтастай қарастырып, зерттеу үшін де таптырмас қазына, мол мұра.

Жазушының бір сәттік көңіл-күйінің куәгері, өмірінің үздік бір үзінділері, жанындағы жандарға деген жүрек жылуы, қамқор сөзі- қолтаңбалары кез-келген кісіге емес, көңілі құлаған қадірлі адамдарға ғана ұсынылары ұғынықты. Тегінде тарихи немесе шығармашылық тұлғалардың кезінде кімге көңілі құлағаны, кімді қадір тұтқаны осы қолтаңбалар арқылы анықталары да сөзсіз. Өйткені, «үй артында адам бар» дегендей, әр автографтың артында да адам бар, оның тағдыры бар. Олай болса, қазақ әдебиеті тарихында алғаш рет қолға алынып, жүйеленген автограф әлемінің, оның тек Мұхтар Әуезовтің өзі берген және өзіне ұсынылған қолтаңбалары ғана жинақталып жарық көруі, сөз жоқ, тың табыс. Мұнда ескеретін бір жәйт – Мұхтар Әуезовтің мұражайындағы кітапханасында кітаптарға, журналдарға, тіпті 2-3 беттік журналдарға жарияланған мақалаларына дейін өз қолтаңбаларын түсіріп ұсынған автографтарда есеп жоқ. Біз алдымен заманымыздың заңғар суреткері, әлемдік деңгейдегі ғұлама ғалым, ойшыл, ұлтымыздың мақтанышы Мұхтар Әуезовтің өз көңілімен ұсынған, өзінің қолтаңбасы түскен автографтар мен суреткерге сыйлаған кітаптардағы қолтаңбаларды жинақтап, бір жүйелеп, жарыққа шығаруды мақсат тұтып отырмыз. Бұл мәтіндердің бәрі жазушының өз кітапханасындағы қолтаңбалар ғана. Келешекте көпшіліктің қолындағы жазушы мен оған ұсынылған қолтаңбаларды да жүйелеп жарыққа шығарар болсақ, қаншама қызықты мәтіндерге кезігіп, осы күнге дейін беймәлім болып келген деректерді әдеби, ғылыми айналымға енгізген болар едік. Және олардағы Мұхтар Әуезовтің бір ауыз жылы сөзіне, қамқорлығына, лебізіне мұқтаж болған қаншама маман иелері мен әріптестерінің өтініштеріне, інілік ізеттеріне, шәкірттік ықыластарына куә боламыз.

Автограф әлемі – өз иесінің білім-білігінен, ой-өрісінен, тыныс-тіршілігінен де хабар беретін ақпарат айнасы. Ондағы мөлтек мәтіндер жазушының эстетикалық-көркемдік талғамын да танытады.

Автограф, қолтаңба, кітапқа жазып қолтаңба беру де өзіндік өрнегі бар өзгеше жанр. Оларды әдеби, ғылыми айналымға түсіру ұлттық әдебиеттану ғылымының өзекті мәселесі. Бұл мәтіндер өзіне назар аударуды, ғылыми мәселе ретінде зерттеуді қажет етеді. Көркем әдебиеттің рухани қазынасына айналған автографтар да ұлттық сөз өнерінің өскендігіне айғақ боларлық элементтер де аз емес.

Расында да адамзат өмірден өткенде артында естелік, із қалдырады. Ол – алдымен ұрпақ, балаларына баспана, оларға сая болар-бау-бақша, дәулет, ел-жұрты, ата мекені. Ал, қаламгер олардан өзге құнды мұрасы кітаптарын қалдырады. Әрбір кітап жазушы өмірінің ешбір естен кетпес кезеңдері, өнегелі шақтары, бел белестері, тынымсыз еңбек пен төгілген тердің таңбасы. Халқына арнаған жүрек сөзі, айтары бар ақыл-кені, өз заманының шежіресі, көркем де өмір шындығы. Суреткер санасының сүзгісінен өткен философиялық толғаулары, парасат пайымдаулары, психологиялық-сезімдік құбылыстары, ар-ұят, сұлулық пен ұлы адами сезімдер туралы ойлары. Олардың бәрі жазушының адал да таза маңдай терімен жазылған табанды еңбектерінің жемісі. Міне осынау рухани мұрасын қаламгер ең бірінші халықпен, замандастарымен, әріптестерімен бөліседі. Баспадан ыстығы басылмай, күннің көзін жаңа көрген шығармасының шаттығын да ең бірінші сол қаламдастарымен қуанып, отбасымен, бауырларымен бөлісері белгілі. Міне сондай сезімнің шалқыған, көңілдің көтерілген кездерінде кітап бетіне бірінші болып қолтаңба түсері хақ. Оның өзі жанына жақын, қарым – қатынасы қалтқысыз таза адал достарына, өзінің сүйікті ұрпақтарына, құрмет тұтар тұлғаларына жолданары да анық. Автографтың осынау ерекше өзіндік тарихы тылсым да таңсық. Өзіне тән осынау құпия қалтарыстарымен, жұмбақ әлемімен қызығушылық тудыратын қолтаңба әлемі иесінің жалпы жұрт біле бермейтін бүктеулі жатқан сырлары мен сезімдерінен сыр беріп қалатыны бар. М.Әуезов те ең әуелі өзінің бауыр еті балаларына, сүйікті қызына, алғашқы ұстазына, ең қадірлі, құрметі мен қызметі таза, адал достық ниеттегі Бейсембай Кенжебаевқа, Ғабит Мүсіреповке, жақсылықты да қиыншылықты да қатар көрген Сәбит Мұқановқа, жақын досы, студенттік кезден сырласы болған Әлкей Марғұланға, қатарында жүріп інілік ізеттерін аямаған Есмағамбет Ысмайыловқа, Ысқақ Дүйсеновке, тағы да бірқатар замандас-әріптестеріне ұсынған.

Солардың көпшілігі көрнекті әдебиет зерттеушісі, сыншы, аудармашы, ұлағатты ұстаз, филология ғылымдарының докторы, профессор Бейсембай Кенжебаевқа арналған. «Абай» романының 1-кітабын ешкімнің ресми рұхсатынсыз жарыққа шығарып жіберген Б.Кенжебаевты осы ұлтжандылығы мен азаматтығы үшін М.Әуезов өмірбойы құрметтеп өткен. Ол жөнінде әдебиетші ғалым, сыншы Құлбек Ергөбек: «...Көзі тірісінде ұлы адам, ойшыл жазушы Мұхтар Әуезов әрбір жарық көрген жаңа еңбегін көл-көсір тілегін айтып, қолтаңбасымен сыйлайды екен...Иә, бұл жолдарда уақыт өткен сайын бағасы арта беретін, сонымен бірге ғалымның да абыройын, адамдық бейнесін келер ұрпаққа көркейтіп жеткізер қаншама көсем сырлар жатыр десеңізші?! Мұхаң секілді кірпияз кісі қанаттас Бейсекеңнің ғалымдық болмысы мен адамдық ізгілігін қатар жаратып, жақсы көрмесе осыншалық көл-көсір көңілін білдірмесе керек.

Қиылып қолтаңба сұрар кісің – Бейсекең емес. Демек, ғалым кітапханасындағы қолтаңбаның қайсысы да жазушының өз көңіл әуені, жүректен шыққан шын қимас сезімі... Қадірін білмейтін пендеге не рәсуа, ал Бейсекең қадірін білетін жандардың бәрі осылай оны ұлы жазушының көзі тұтады» – дейді (Қ.Ергөбек «Арыстар мен ағыстар (Әдебиеттану, сын әлемі)». 4-кітап. «Қазығұрт». А. 2003. – Б. 65).

Шынында да шынайы достықтың, адалдықтың үздік үлгісі болған екі тұлғаның қалтқысыз қарым-қатынасы, бір-біріне деген сыйластығы кезінде аңызға айналыпты. Олардың нақты дәлелі мен куәсі де осы қолтаңбалар. Оқып көрелік:

«Бейсембайға!

Кітаптың дүниеге шығуына еткен еңбегің мен достық, інілік көңіліңді айырықша сүйсініп бағалаған жүреппен сыйлаймын.

Мұхтар. 31/ҮІІІ-42». (М.Әуезов «Абай», 1942 ж).

Екінші бір қолтаңбасында да М.Әуезовтің шексіз ризашылығы мен суымаған адал сезімі аңғарылады: «Асыл інім Бейсембайға, айнымас достық белгісіне. (Қол қойған). 17/ІІІ-48 ж.» (М.Әуезов «Абай» екінші кітап, 1947).

1956 жылы «Абай жолы» роман-эпопеясының екінші кітабы шыққанда да қуанышын жасыра алмай: «Қадірлі Бейсекеңе, ұдайғы дос көңілден» (Қол қойған) 10/ҮІ-56 г), – деген шын жүректен шыққан лебізін жолдапты.

Қазақ қоғамында көне заманнан бері қалыптасып, үзілмей келе жатқан жақсы дәстүрдің бірі аға буын мен кіші буын арасындағы жарасымды сыйластық. Төл тарихымыздағы шығармашылық тұлғалар арасындағы осындай озық сыйластықтың үлгісін де кейінгі ұрпаққа ұлағат ретінде ұсынып отырған да оймақтай ойлы сөздер, яғни қолтаңбалар. М.Әуезов пен Б.Кенжебаев арасындағы айнымас достықтың адалдығы «қыранды қыран қиядан таниды» деген даналықты дәлелдесе керек. Ұлт зиялыларының арасындағы жарасымды достық, ініге деген ізеттілік астарында ұлттық мүдделер, ұрпақ қамы жатыр емес пе? Қазақ дүниетанымындағы ұрпақтар сабақтастығындағы үлгі-өнеге осы екі тұлға арасындағы сыйластықтан жақсы көрінеді.

Мұхтар Әуезовтің кітапхана қорында сақталған Бейсембай Кенжебаевтың кітаптарындағы қадір тұтқан ұстазына, ардақтаған ағасына жазған қолтаңбалары бұл сыйластықтың сырын тереңнен танып, тағылым етеді: «Ежелгі дос, ақылшы аға Мұхана. Бейсембай. 19/ҮІ 57». Қолтаңбасы бар. (Б.Кенжебаев «Сұлтанмахмұт Торайғыров». (Өмірі мен творчествосы). Қазмемкөркем баспасы. А-1957.

Енді бірінде: «Ақылшы аға, ардақты дос Мұқаңа сыйым. Бейсембай. 10/І-50». (Б.Кенжебаев. Сұлтанмахмұттың ақындығы» ҚазССР ҒА-н баспасы. А-1949) – деген жүрекжарды лебізі орын алған.

Тағдырдың талай тегеурінді қиындықтарына ішкі рухани қуатымен тайсалмай қарсы тұра білген қос тарихи тұлғаның дәуірдің сойқан диірменіне түссе де мұқалмаған мызғымас махаббаты мәңгілік мәтіндерде – осы қолтаңбаларда қасиетті қалам иелерінің алтын әріптерімен, асыл сөздерімен қашалып жазылып тарихта мәңгі қалды. Ұлт пен ұрпағының қамын жеген ұлылардың ұлылығы да осында болса керек.

Екі алып тұлғаның үлгі тұтар достығы, таза көңілдері, ізгі ниеттері 1939 жылы Мәскеуде басталған. 1941 жылы Бейсембай Кенжебаев Алматыдағы Қазақтың Мемлекеттік біріккен баспасының бас редакторы болып келгенде 22 маусымда М.Әуезовтің ескі латын әрпіндегі «Абай» романын жаңа әріппен қайта тергізіп, жарыққа шығаруы сөз жоқ ағысқа қарсы жүретін батыл адамның ғана қолынан келетін ерлік еді. Және «Абай» жарыққа шыққан күні Қуандық Шаңғытбаев екеуінің «Социалистік Қазақстан» газетінде (26 шілде) мақала жариялауы да жазушының ерекше ілтипатына ие болады. Осыдан басталған таза достық, адалдық, сыйластық өмірлерінің соңына дейін жарасымды жалғасын табады. Мұхтар Әуезов пен Бейсембай Кенжебаевтың ұлттық мүдде жолындағы жанкешті рухани ерліктері мен ұлы достықтары ұрпақтары үшін өлмес өнеге. Оның тікелей куәсі – Ләйлә Әуезованың әкесінің көзіндей, кейде өзіндей болған қамқор, ақылман ағасы Бейсембай Кенжебаевқа ұсынған мына ізгі ілтипаты: «Бейсеке, в знак глубокого уважения и в память многолетней дружбы с нашей семьей. От автора. 14/I-70г». Жазушының қызы, белгілі ғалым Ләйлә Әуезованың «Исторические основы эпопеи «Путь Абая» (1969) – деген монографиясына жазып берген қолтаңбасы ұлылар ұрпағынан алар ұлағатты тағлымды танытады.

Халық жазушысы Ғабит Мүсірепов Мұхтар Әуезовтің шығармашылық өмірінде ерекше орын алып, шынайы жанашырлық танытқан тұлғаның бірі. Әсіресе, 1927 жылы жарыққа шығысымен саяси репрессияға ұшырап, қолданудан алынып тасталған «Әдебиет танытқышын» бірнеше жылдар бойы сырт көзден сақтап, кейін жазушыға қайтарған күрескерлігі үшін М.Әуезов Ғ.Мүсіреповті өмір бойы бағалап өткен. Ғ.Мүсіреповтің: «Мұхтарды қорғамасақ Абайды, Абайды қорғамасақ қазақтың ар-ұятын жоғалтамыз» деп жанайғай салғанда да Мұхтар Әуезовтің оған деген құрметі артып, сыйластығы күшейген. Көрнекті суреткердің тағы бір ерлігі – Көкшетаудан Алматыға баспаның бас редакторы болып келгенде М.Әуезовтің «Қилы заманын» ешкіммен ақылдаспай теруге жіберуі еді. Жақсылықтарын жарналамайтын тәкәппар тұлғаға М.Әуезов тәңгілік танытып: «Ғабиту – любимому брату – содругу, сотоварищу на всю жизнь, во всех наших лучших порывах. 1958, 11 июня», – деген ақ жүректен ақтарылған алғысын екі жолдық автографына сыйдырып, сыйлаған. Бұл – Қазақстанның халық жазушысы, ҚазКСР Мемле-

кеттік сыйлығының лауреаты, Социалистік Еңбек Ері, кеңес әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі Ғабит Мүсіреповке М.Әуезовтің «Абай» романының орыс тіліндегі 2-томына жазып берген қолтаңбасы. Қолтаңба ақын, С.Мұқанов және Ғ.Мүсірепов мұражайының директоры Әділғазы Қайырбековтің көмегімен осы мұражай қорынан түсіріліп алынды.

Осы мұражай қорынан алынған екінші қолтаңба М.Әуезовтің замандасы, қаламдас досы, жазушы, қоғам қайраткері, қазақ кеңес әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі, Қазақстан ҒА-ның академигі, ҚазКСР мемлекеттік сыйлығының лауреаты Сәбит Мұқановқа берілген: «Үлкен өнер, үлкен адамшылық иесі, қадірлі Сәбитке. 8/ҮІІ. 1942 ж», – деген мазмұндағы қолтаңба. Автограф жазушының 1942 жылы Алматыда жарық көрген «Абай» романының бірінші бетіне жазылған.

С.Мұқанов 1930 жылдары әдебиеттегі «ұлтшылдық, алашордалық сарын» жаппай сыналған тұстарда М.Әуезовтің шығармашылығына теріс баға бергенімен жалпы ұлы суреткердің тіл байлығы мен кәсіби шеберлігін: «... Ақындық, жазушылық күшін алғанда Мұхтар күшті жазушы. Тіл сұлулығының үстіне, Мұхтар кейіпкер жасауға шебер. Мұхтардың кейіпкерлерінің сыртқы көрінісі мен ішкі сезімі айқын көрініп отырады», – деп мойындаған (С.Мұқанов. «XX ғасырдағы қазақ әдебиеті». Алматы. Атамұра. 2008. – Б. 352). Кейін де М.Әуезовтің шығармашылығы туралы әділ бағасын айтып бірнеше мақалалар жариялаған.

М.Әуезовтің шығармашылық өмірі театр өнерімен де тығыз байланысты. Ұлттық драматургия, кино, опера, балеттің қалыптасуына да М.Әуезовтің қосқан үлесі қомақты. Әсіресе, 1928 жылы Әуезов театрында әдеби бөлімнің бастығы болған кезінде көптеген өнер иелерінің актерлік шеберліктерінің қалыптасуына, олардың теориялық білімдерінің тереңдеуіне көп ықпал еткен.

М.Әуезов театрында әдеби бөлім бастығы болып келген жылдары сахна саңлақтарымен етене араласып, пікірлес болды. Соның бірі – Қазақстанның халық артисі, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қазақтың кәсіби театры өнерінің негізін қалаушылардың бірі, актер Қапан Бадыров. Ол М.Әуезовтің драмалық шығармалары бойынша қойылған спектакльдерде 29 кейіпкердің бейнесін асқан зор кәсіби шеберлікте орындаған. Оның актерлік шеберлігіне қатты тәнті болған Мұхтар Әуезов онымен шығармашылық та, отбасылық та достық қарым-қатынаста болған. Қаламгердің асыл қазынасы қашан да – шығармасы. «Абай» романының 1-томы шыққанда жазушы өзінің Қапан Бадыровқа деген ерекше ықыласын: «Үлкен, үлкен сындарда өнімі мен өнері көп. Бергені бекем болса да, әлі талай берері көп, сенімді күш иесі, ойлы, жақсы Қапанға шын көңілмен», – деген сүйіспеншілікке толы сөздерімен білдіреді. «Абай» романының 2-томы шыққанда да: «Қадірлі Қа-

панға! Көп жылдық көп еңбекті бірге кешкендік белгісіне», – деп қолтаңба түсіріп, жүректен шыққан шынайы тілегін жолдаған.

М.Әуезовтің бірге еңбек етіп, рухтас, пікірлес болған сахна шеберлеріне берілген мұндай мәтіндегі қолтаңбалар көп болуы, әрине, ықтимал. Алайда, олардың бәрі өз иелерінде болуы кәдік. Мүмкін, келешекте олардың да тарихы анықтала жатар.

М.Әуезовтің қолтаңбалары дегенде ерекше орын алатын мол мұра-ол жанында жүрген әріптестері мен шәкірттеріне арналған дүниелер. Семейдегі кезінен таныс болып, сыралғы дос болған және Ленинград университетінде бірге оқыған Әлкей Марғұланға М.Әуезовтің қолтаңбамен кітабын сыйламауы, жүректегі жылы лебізін білдірмеуі тіпті мүмкін емес. Өкінішке орай, ұлы суреткердің осы сыйластықтарының белгісі ретіндегі қолтаңба түскен кітапты сұрастырып таба алмадық. Жазушының жеке кітапханасының 2-ші шкафының 5-ші қатарында Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі Әлкей Марғұланның жетекшілігімен 1952 жылы жарық көрген «Чокан Валиханов. Избранные произведения» (Казгосизд. «Художественные литературы. Алма-Ата») атты еңбектің 1-ші бетінен: «Әуезов Мұхтарға» деген араб әрпімен жазылған Ә.Марғұланның қолтаңбасы табылды. Ұлттық ғылым академиясының төралқа мүшесі ретінде Мұхтар Әуезовпен бірге әдебиет пен мәдениеттің көптеген мәселелерін бірге шешіп, еңбек еткен екі тұлғаның кітап алмаспауы, оны жүрекжарды тілегімен ұсынбауы мүмкін емес. Келешекте олар да табылуы мүмкін деген сенімдеміз.

Көрнекті әдебиетші ғалым, жанашыр шәкірті, рухтас, пікірлес, қандай қиындыққа да жанынан табылған Ысқақ Дүйсенбаевты М.Әуезов кәсіби маман ретінде жоғары бағалаған. Әдебиет зерттеушісі, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒА-ның корреспондент мүшесі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ысқақ Дүйсенбаев Әуезовтің жанкүйер шәкірті ретінде оның әдеби мұрасын жинақтап, жүйелеп, бастырушылардың бірі болған. Ы.Дүйсенбаев әріптес әрі рухани жанашыр досы ретінде ұстазы өмірден өткен соң да М.Әуезовтің қазақ тіліндегі 12 томдық және орыс тіліндегі 5 томдық шығармалар жинағын бастыруға, «Әр жылдар ойлары», «Уақыт және қаламгер» атты кітаптарын орыс тіліне аударуға белсене атсалысқан. 1974 жылы «Мұхтар Әуезов» атты зерттеуі жарияланған. Ұстаз бен шәкірт арасындағы айнымас достықтың белгісі ретінде М.Әуезов 1960 жылы Алматыдағы «Қазмемкөркәд баспасынан» шыққан «Қараш-Қараш» атты әңгімелер және пьесалар жинағын : «Милому и самому дорогову другу Исхаку от в им братского сердца. (қолы) 1960 ж.30/X Алма-Ата», – деген жылы сөзбен жазылған қолтаңбасымен ұсынады.

Сондай шәкірттердің бірі – абайтанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор, әдебиетші Ханғали Жұмашұлы Сүйіншәлиев болды. «Абайдың кара сөздері», «Абай – ағартушы, реалист», «Қазақ әдебиетінің тарихы» және М.Әуезовтің шығармашылығына байланысты бірнеше еңбектер жазған әдебиетшіге М.Әуезовтің де көңілі түзу, қамқорлығы ерекше болатын. Х.Сүйіншәлиев 1950 жылдардан бастап М.Әуезовпен бір кафедрада еңбек еткен.

Абай шығармашылығы туралы зерттеулер жазған ғалымдарға ерекше құрметпен қарайтын М.Әуезов Х.Сүйіншәлиевке «Абай жолының» мұқаба-сына: «Қанғалиға, Тілектес дос көңілмен. (қолы) 1956,18/ҮІ», – деген жылы лебізін білдіріп, қолтаңба ұсынған. Бұл мәтін 2011 жылы «Атамұра» баспа-сынан шыққан «Мұхтар Әуезов энциклопедиясының» 23-ші бетінде орын алған.

Әдебиет зерттеушісі, фольклорист, филология ғылымдарының докторы, профессор Сұлтанғали Садырбаевқа арналған автограф та осы энциклопе-дияның 522-ші бетінде бейнеленген. 1957 жылдың 24 наурызында түсіріл-ген қолтаңба мәтінінде: «Қадырлы жас інім Сұлтанғалиға», – деп жазылып, жазушының қолы қойылған. 1955 жылы «Абайдың эстетикасы» деген ди-пломдық жұмысына М.Әуезов жетекшілік еткеннен бері ұстаз-шәкірт, аға-іні болып сыйласқан, осынау шығармашылық достық жайында С.Садыр-баев бірнеше мақалалар жазған. Атап айтсақ, «Ұлы ұстаз», «Ұлылыққа ұм-сыну», «Жаксы келді дегенше, жарық келді десеңші!», «Білімдіден шыққан сөз», «Шешен адам сөз бастар», «Бір өлеңнің тарихы» деген еңбектерінде М.Әуезовтің өмірі мен шығармашылығы туралы салмақты ой айтады. С.Са-дырбаев 1965-1991 жылдары КазМУ-дегі ұлы жазушы атындағы әдеби бір-лестікті басқарған.

Ақын, публицист, әдебиетші, аудармашы, Қазақстанның халық жазушы-сы, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мұзафар Әлімбаев «Өрнекті сөз –ортақ қазына», «Көңіл күнделігі», «Халық – ғажап тәлімгер», «Зергерліктің зергерлері», «Өз зарым сонау зармен араласты» деген еңбектерінде М.Әуезов шығармаларының көркемдік әлемі туралы әңгімелейді. Мерзімді басылым бетінде бірнеше сұхбаттары мен мақалалары жарияланған. Қызметтік са-парларда серіктес болып, пікірлескен Мұзафар Әлімбаевқа «Қараш-Қараш» атты кітабының өңірбетіне: «Асыл ақын інім, досым Мұзафарға ағалық тілек-тес көңіл пейілмен сыйлаймын. Мұхтар. 1960 ж. 30 октябрь» – деп қолтаңба түсіріп, сыйлаған.

Мұхтар Әуезов тек суреткер ғана емес, әмбебап ғалым, жан-жақты эру-дициялы зиялы тұлға. Кезінде ол араласпаған сала болмағаны белгілі. Ұлт тағдыры мен мемлекет мүддесі жолында жанкешті еңбек еткен қоғам және

калам қайраткері Мұхтар Әуезов шаруашылықтың бар саласында белсене атсалысып, өз пікірін білдіріп отырған. Соның бір куәгері-шаруашылық, кеңсе қызметкері Толғанбаев Әнуарға ұсынған қолтаңбасы. Жазушы «Абай» романының 1945 жылы Мәскеуде шыққан 1-ші томының 1 данасына: «Сүйікті, іңкәрлі інім Әнуарға ағалық шын көңілден. Мұхтар. 27.04.46» –деп жазып берген. Ә.Толғанбаевтың ағасы Балтақай М.Әуезовтің айнымас досы әрі ағайыны болған екен.

Бұл тізімді көбейте беруге болар, бірақ Мұхтар Әуезов көңілі құламаған адамға қолтаңба ұсынбағанға ұқсайды. Мұның өзі тектілікті, ерекше жаратылған жұмбақ жаратылысты танытады. Жалпақ шешейліктен ада, ақсүйектік талғам, адам танырлық тектілік, өз қадірін білетін бекзаттық барлығын мойындатады, бұл қасиет. Олардың ішінде қандай қиыншылықтада қаймықпай, достығын сатпай шынайы сыйласа білген орыс қаламдастарын ерекше атап өткен жөн. Суреткердің саяси соққыларды жиі сезініп, басына бұлт үйірілгенде жанына жалау, қасына серік болған рухани жанашырлары да осы орыс әріптестері болғаны белгілі. Олардың қатарында – В.М.Жирмунский, К.К.Юдахин, Л.Леонов, Вс.Иванов, К.Симонов, А.Фадеев, К.Федин, Л.Соболев, Н.Тихонов, З.Кедрина, А.Пантиелев, сондай-ақ М.Горький атындағы әлем әдебиеті институтының ғалымдары Н.Анисимов, М.Богданова, А.Петросян, К.Зелинский болды. Сол бір тар жол тайғақ кешуде қасынан табылып, рухани тіреніш болған орыс жазушылары 1950 жылы көмек қолын созып, тағы бір саяси жаладан аман қалып қалды. Рухтас, қаламдас орыс әріптестеріне алғысы шексіз Мұхтар Әуезовтің өзінің өзек жарды ыстық ықыласын білдірген қолтаңбалары бар кітаптары олардың жеке кітапханалары мен мұражайларында болуы әбден мүмкін. Алайда олардың бәрін жинап, жүйелеу, жариялау келешектің ісі. Біз тек жазушының жеке кітапханасындағы қолтаңба қорларымен шектелдік. Барға қанағат. Соның бірі – Мұхтар Әуезовтің Л.Соболев аударған «Абай» романына жазылған автограф: «Требовательному читателю, другу Николаю Василевичу искренне уважающий Вас автор (қолы). 6/Х-48 г» (М.Ауэзов. «Абай» роман. Авт.пер. Л.Соболев. 1-я книга. ОГИЗ ГИХЛ.1948), – деген мазмұнда.

Ал, орыстың атақты жазушысы В.В.Ивановқа: «Аса қадірлі жерлесім, қазақ халқының айнымас досы, қымбатты Всеволод Вячеславовичке. М.Әуезов.12.V.46» – деген ықылас білдірген. Қазақ жерінде туылып, өскендіктен жазушы оған деген тілегін қазақ тілінде білдіріпті. Бұл қолтаңбаның тарихы жөнінде белгілі жазушы Дмитрий Снегин «Есте қалған бір кеште» (Біздің Мұхтар.1976. – Б. 187) деген естелігінде былай дейді: «...Мен өз кітапханамды реттеп жүріп, «Абай» романының 1945 жылы «Советский писатель» баспасы шығарған екі данасын тауып алдым. (Соның бірінде жоғарыдағы

автограф мәтіні жазылыпты Г.П). Ол күндері Вс.Иванов Алматыда болды, менің үйімде тұрды. Сыңайы М.Әуезов өзінің «Абай» романының бірінші кітабын бұған сол кезде сыйлаған болу керек». Міне осындай тағдырмен талай акын-жазушылардың жеке кітапханаларында ұлыдан қалған қолтаңбалар сақтаулы тұрған шығар. М.Әуезовтің даңқты туындысы «Абай жолын» жазған қаламсабымен талай әріптестеріне, қалың оқырмандарына ойлы сөздерін, жүрек жарды лебіздерін білдірген болар. Бірақ, олардың көбінің мәтіні мен тарихы бізге беймәлім.

Тап осылай қазақ тілінде жазылған қолтаңба мәтіні 1922-23 жылдары Орта Азия университетінде оқып жүргенде танысқан, содан сыйластығы үзілмеген түркітанушы ғалым, әріптесі Константин Кузьмич Юдахинге жолданыпты. «Абай» романының 1947 жылғы орыс тіліндегі басылымына автор қазақ тілінде қолтаңба жазып берген. Бұл факт – түркітанушы ғалым К.К.Юдахиннің де қазақ тілінен хабары бар екендігін мәлімдейді. Ал, 1935 жылы жарық көрген «Тас түлек» атты әңгімелер жинағы мен «Абай» романының 1945 жылғы Мәскеуден шыққан басылымына М.Әуезов орыс тілінде автограф жазып ұсынады. Бұл қолтаңбалардың бәрі де Қырғыз мемлекеттік университетінің филология факультетіндегі К.К.Юдахиннің кітапхана қорында Әуезовтің хаттары, суреттері, әр кезде, әр түрлі мерекеге орай берілген сыйлықтарымен бірге сақтаулы.

Ресейде герман тілін зерттеудің негізін қалаған көрнекті ғалым Виктор Максимович Жирмунский М.Әуезовтің «Абай» романы туралы алғашқы пікір айтқан ғалым. Сондықтан да оның М.Әуезовтің шығармашылық өмірінде орны ерекше қымбат. Батыс және орыс әдебиетінің тарихын, теориясын, фольклорын зерттеген. Ғұлама ғалым, КСРО Ғылым академиясының академигі В.М.Жирмунскийдің жазушының кітапханасында қолтаңба жазып, сыйға берген 10-нан аса ғылыми еңбектері, мақалалары сақтаулы. «Шығыс және батыс әдебиеттерінің байланысы-салыстырмалы зерттеу проблемасы» атты еңбегін М.Әуезовке 1946 жылдың 28-інші тамызында сыйлапты. Бұлардың бәрі екі ұлы тұлғаның айнымас достығы мен сыйластығын дәлелдейді.

Тағдыры қызық тағы бір қолтаңба тарихы туралы жазушының жерлесі Бәткен Сағындық былайша сыр шертеді: «..Осы жылы марттың 11 күні Мұхаң бізге телефон соғып, «Абай жолының» II-ші томы жарыққа шықты, келіп алып кетіндер, – деді. Кітапты алуға Мұхаңның үйіне мен келдім. Мұхаң үшеуімізге үш кітап сыйлап, әрқайсысымызға арнау сөз жазды. Жағыпарға: «Айнымас достық, құрбылық адал ниетпен», Сәдуге: «Туыстық, сыйластық ниетпен», маған: «Ауданына азаматтық үлкен еңбек сіңіретін деген сеніммен», – деп жазды.

– Романды оқып болған соң хабарласындар, реті келгенде кездесіп, пікірлесейік, – деді». Бәткен Сағындықтың «Мұхаңмен кездескен кездер» деген естелігінде («Әуезов үйі», ҒМО қолжазбалар қоры. п. 672, 1-2 п). Әлемге әйгілі Әуезовтен қолтаңба алған бақытты жандар кім екен десек, 1947 жылы 31 декабрь күні Абай ауданынан Алматыдағы ВКП(б) Орталық Комитеті жанындағы басшы партия, совет кадрларының 9 айлық курсына оқуға келген Семей облысының Абай аудандық атқару комитетінің председателі Жағыпар Мыңжасаров, аудандық газеттің редакторы Сәду Ақбергенов және сол кезде ВКП(б) аудандық комитеттің екінші секретары болып істейтін Бәткен Сағындық екен. Бұл мәліметтер жазушы мұражайындағы қолжазбалар қорындағы 672-ші папкадағы Бәткен Сағындықовтың жоғарыда аталған естелігінде және М.Әуезовтің «Өмірі мен шығармашылық шежіресінің» (А. «Ғылым» 1997. – Б. 768) 362 бетіндегі қысқаша шолуда да баяндалады.

Осындай қолжазбалар қоры мен жеке адамдардың естелік еңбектерінде әлі әдебиетші зерттеушілер мен оқырмандарға беймағлұм қаншама қолтаңбалар мен олардың тарихтары жөніндегі құнды мәліметтер жатыр десеңізші. Соның бірі – жазушы Әлібек Асқаровтың «Егемен Қазақстан» газетінің 1996 жылғы 9 қаңтарында жарияланған «Санадан тыс ұлы күштің елшісі» мақаласы. Онда ұлы суреткердің қолтаңбасына қатысты мынадай құнды мәліметтер бар: «...9 қаңтар..Бесінші болып сөз алған Рави Балая деген ақсақал өзімен бірге Мұхтар Әуезовтің орыс тілінде шыққан «Абай жолын» ала келіпті. Кітапта Мұхаңның 1959 жылғы 9 қазанмен белгіленген осы кісіге берген қолтаңбасы бар екен. Р.Балая 1959 жылы Алматыға сапарлап келген кезде Мұхаңның үйінде қонақта болыпты...». Автор осы мақаласында үнді ғалымының М.Әуезов шығармашылығы, оның ішінде әсіресе көңіл көп бөліп, талдағаны Абайдың туындылары болғандығын және үнді халқы ұлы Абайды «Санадан тыс ұлы күштің елшісі» деп бағалайтындығын атап көрсетеді. (М.Әуезовтің «Өмірі мен шығармашылық шежіресі». (А. «Ғылым» 1997. – Б. 677).

Бұл дерек М.Әуезов қолтаңбаларының шекарасы шексіз екендігін ескертеді.

Көзі тірісінде жарты әлемді аралаған атақты жазушының қолтаңбасы түскен кітаптар АҚШ, Жапония, Индия, Германия, Чехословакия және басқа да өркениетті елдердің дүние жүзіне танымал даңқты музей, мұражайларында, кітапхана қорларында болмасына кім кепіл? Барған жерінде белсенді өмір кешіп, барлық қоғамдық, мәдени, әдеби, өнер ошақтарында болып, ондағы зиялы қауыммен тығыз байланыс орнатқан кемеңгер ғалымның кездескен түрлі маман иелерінің жеке кітапханаларында да бізге беймәлім мол мұралардың болуы да сөзсіз. Келешекте солардың мәтіндері мен қолтаңбаларын

тауып, ұлттық әдебиеттануда әдеби, ғылыми айналымға ендірсек, руханиятымыздың кеңістігі кеңіп, өрісі өрістер еді.

Ендігі бір ерекше тоқталатын нәрсе, сол кезеңдегі қатаң саясаттың салқынынан іштен шыққан шынайы лебізін, ізгі ілтипатын да арқа-жарқа етіп жарқыратып көрсете алмаған тұлғаның трагедиялық халі де осы титтей тіркестен тұратын автографтық мәтінде де байқалып қалады. Жазушы кітапханасындағы 10-шы шкафтың 4-ші қатарынынан табылған «Песни казахских степей». (Госизддетлит. М.-Л. 1951) деген кітаптың алғы сөзін З.Кедрина жазған. Оның 2 данасы кітапханада сақталған. Біріне көрнекті әдебиет зерттеушісі, ұлы жазушының бірнеше шығармасын шынайы жанашырлықпен орыс тіліне аударған әдебиет сыншысы, ғалым, аудармашы, филология ғылымдарының докторы Зоя Кедрина мынадай мазмұнда қолтаңба беріпті: «Дорогим друзьям Вале и Мухтару со страхом и трепетом, а главное с любовью». Қолтаңба әдебиет тарихындағы қиын шақтардан, сол кезеңнің ірі өкілдері З.Кедрина мен М.Әуезовтің тағдыры мен көңіл-күйлерінен хабар береді.

Өзбекстан Республикасы Бируни атындағы мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қарақалпақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, қазақ әдебиетінің, бүкіл түркі жұртының жанкүйер достарының бірі Зоя Сергеевна Кедрина М.Әуезовтің шығармалары жөнінде әр жылдары 30-ға жуық мақалалар жазған. «Абай жолы» роман-эпопеясының соңғы екі тарауын, «Асыл нәсілдер», «Білекке білек», «Түркістан» солай туған» атты әңгіме, очерктерін орыс тіліне аударған. Жолдасы А.Пантиелев екеуі жазушының жанашыр досы, тұрақты аудармашылары болған.

Жазушы кітапханасының 4-ші шкафындағы 1-ші қатардан табылған А.Пантиелевтің «Поток» («Советский писатель». М. 1956) деген кітабының 1-бетіндегі: «Большему писателю большого народа – дорожному М.О.Ауэзову. 27.1.57. Алексей Пантйлев», – деген қолтаңба да сол адал достықтың дәнекері.

Ұлы суреткеріміз Мұхтар Әуезовтің өзі жазған және оған ұсынылған қолтаңбалар жүйеленген бұл еңбек алғаш рет жарияланып отырғандықтан қолда бар құнды мәтіндерді мүмкіндігінше толық жариялауды мақсат тұттық. Сондықтан еңбектің екінші тарауында жазушы кітапханасындағы суреткерге арналып жазылған автографтарды да жүйелеп беріп отырмыз. Қайталап ескертеміз, бұлардың бәрі тек жазушының жеке кітапхана қорынан алынып отырған дүниелер. Қазіргідей қаржының тапшылығы кезінде бұл еңбектің келешекте қайта жариялану – жарияланбауы ойланарлық мәселе. Оның үстіне күні кеше ғана телеарнадан Мәскеудегі ірі кітапхана болмашы электрдің зақымдануынан өртеніп, бірнеше ғасырлардан бері сақталып келе жатқан әлемдік мол рухани мұралар отқа оранды. Қандай өкінішті нәрсе. Сондықтан қолда Мұхтар Әуезовтей талантты тұлғаларымыздың туындыларын, оның

әрбір құнды мәтінін көздің қарашығындай сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізу мемлекеттік деңгейдегі ең маңызды мәселе болмақ. «Әуезов үйі» ғылыми – мәдени орталық: ақпараттық қоғам, әдеби және ғылыми мұраларды музеефикациялау, жүйелеу және жариялау» (2013-2015) атты жоба негізінде жүзеге асырылған бұл еңбектің екінші тарауын М.Әуезовке арналған автографтар құрайды.

Қазақтың дара туған дарынды ұлы Мұхтар Әуезов қазақ елінің ғана емес, бүкіл әлемдік деңгейде мойындалған шығармашылық тұлға, қоғам және мемлекет қайраткері, кеменгер ойшыл болды. Кітапхана қорындағы әр ұлт өкілдерінің, әртүрлі мамандық иелерінің, ғалымдардың, қаламгерлердің, түрлі өнер иелерінің қолтаңбаларымен ұсынылған еңбектері М.Әуезовтің шын мәніндегі ұлы ұстаз, ақылшы аға, тағлымды тәрбиеші болғандығын дәлелдейді. Суреткерге арналған бүкіл қазақ оқырмандары мен қазақ қаламгерлерінің ыстық ықыласы мен шынайы лебіздерін білдірген қолтаңба үлгінің бір түрі – «Алпысқа келген Мұхаңа «Қазақ әдебиеті» газетінің тартуы» деген автограф. Мұнда Мұхтар Әуезовтің шығармашылығын қадір тұтқан жалпы қазақ оқырмандарының ізгі ілтипатын білдіріп, шығармашылық ұйым қызметкерлері қол қойған таңбалар орын алған. Шындығында да жазушының мерейлі тойына тарту етілген бұл қолтаңбалар бүкіл қазақ оқырмандарының, жалпы халықтың қалтқысыз сүйіспеншілігін, жүректен төгілген шынайы сезімдерін білдіреді емес пе?

М.Әуезов көп ұлтты кеңес әдебиетінің өзара байланысы мен бір-біріне тигізген әсері жөнінде әрдайым пікір білдіріп, туысқан елдерден шыққан ақын-жазушылардың шығармаларына қолдау танытып отырған. М.Әуезовтің Ташкентте Орта Азия университетінің аспирантурасында оқыған кездерінде-ақ көрші халықтың ұлы шығармасы «Манас» жайлы іргелі ізденіс жұмыстарын жүргізіп, баяндама жасағаны, оған сол кездегі атақты түркітанушы ғалымдар А.Диваев, С.Қожықов, Т.Рысқұловтардың қатысқаны белгілі. М.Әуезов қырғыз әдебиетінің алғашқы буын қаламгерлерлерінен бастап өз заманында танылған талантты қаламгерлердің бәріне ақылшы аға, ұлағатты ұстаз болған. Айталық, Т.Сыдықбеков, А.Тоқамбаев, М.Ілібаев, К.Мәліков, Ж.Бөкембаев, Т.Үметалиев, Н.Байтеміров, Ш.Айтматов және өзге де қаламгерлерге өзінің шығармашылық ақыл-кеңестерін жазбаша да, ауызша да білдіріп отырған. М.Әуезовті қырғыз ақын, жазушылары ұлы ұстаз тұтып, жанындай жақсы көрген.

Адамзаттың Айтматовы атанған Шыңғыс Айтматовтың алғашқы туындысы «Жәмила» повесіне алғы сөз жазып, әлем жұртшылығына таныстыруының өзі қандай өнеге. Ұлыдан алған осы батадан соң төрткүл дүниеге танылған тамаша талант иесі Шыңғыс Айтматов Қырғызстанның халық жазушысы, Қы-

рғызстан, Еуропа Ғылым академияларының академигі, Социалистік Еңбек Ері, Лениндік, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты атанды. Өмірінің соңына дейін М.Әуезовті ұстаз, пір тұтып өтті. Әсіресе, М.Әуезовтің туған күнінде мүмкіндігінше міндетті түрде жазушы мұражайына соғып, ұлы ұстазына тағзым етуі де тәнтілік танытар тағылым. Ш.Айтматовтың М.Әуезовтің мұражайындағы ең құрметті қонақтарға ұсынылатын кітапқа қолтаңба қалдырғанда да: «...Мен шет елдерге барғанда қасымда болатын екі ұлттық құндылық бар. Мен солар арқылы өзге халықтардың табалдырығын аттаймын. Ол «Манас» пен Мұхтар Әуезов. Бұл екеуі менің халқымның символдары» деп жазуы, 1997 жылы шілде айында М.Әуезовтің ЮНЕСКО-ның Париждегі штаб-пәтерінде өткен 100 жылдық мерей тойына арналған ғылыми конференцияны өзі басқарып, сөй сөйлеуі де ұлы ұстазға деген шексіз сүйіспеншілікті аңғартады.

М.Әуезовтің өзінің де, шығармашылығының да туысқан халықтар әдебиетіне жасаған ықпалы мен әсері мол.

Көп ұлтты кеңес әдебиетінің бір бұтағы болған өзбек әдебиетінің өсіп-өркендеуіне де өзінің шығармалары арқылы әсер еткен М.Әуезов ағайын арасынан шыққан ақын-жазушыларға да қолдау білдіріп, кәсіби кеңесін беріп отырған. Өзбектің көне әдеби мұралары мен ақын-жазушыларының, ғалымдарының көптеген еңбектері Әуезовтің кітапханасынан орын алған. Жазушыға сыйлаған кітаптардың көпшілігінде авторлардың қолтаңбалары бар, олардың бәрі де Мұхтар Әуезовті өздерінің үлгі тұтар ұстазы санайды.

Кеңес дәуіріндегі ұлт әдебиетінің өзекті мәселелері турасында одақтық көлемдегі басылымдар мен конференция, әдеби, ғылыми мәжілістерде үнемі сөз сөйлеп, олардың бағыт-бағдарына, жетістіктеріне баға беріп отырған.

Жазушы кітапханасында кездесетін орыс, украин, латыш, литва, эстон, өзбек, қырғыз, ұйғыр, тәжік, азербайжан, татар, армян және басқа да тілдегі кітаптардағы авторлардың қолтаңбаларын тізіп жазудан гөрі олардың фотокөшірмелерін беру әлдеқайда қызықты әрі деректі деп ойлаймыз.

1. Азизім Мұхтар ағам!

Иабым уа ағалық мейріңізге ақылына бір қатар ерішкен болсам бақытлымын. Құрмет білән Зумр. 30.01.52.

(өзбек тілінде жазылған, қате болуы мүмкін)

2. Құрметлі Мұхтар аға Әуезовқа тапсырарға.

Авторы тарапынан түзетілген һәм сахна хронометриясына сыйдырып қызыл қалам білән қысқартып жығылған нұсқасы.

3. Қадірдан Мұхтар Омарханович!

Қалам ап қуанғалы

Тұңғыш рет туған таңнан еңбегіңгің ай жамалы.

Сізге естелік Жолмырзаңнан.

Нөкіс.

Жоғарыда келтірілген үш ұлт өкілдерінің Мұхтар Әуезовке ұсынылған қолтаңбалары ұлыға тағымның, дарынды дәріптеудің озық үлгісін танытады.

Шынында да М.Әуезовтің кітапханасындағы әрбір автографтың мәтініне мән берсек қаншама құнды ойларға, дәйекті деректерге куә боламыз. Мәселен, «Колхоз имени Сталина» атты колхоз шаруашылығы туралы мақалалар жинағының (Казгосизд.Алма-Ата-1957) 1-ші бетіне осы колхоздың төрағасы, Социалистік Еңбек Ері Н.Алдабергенов «Мұханның туған күніне арнаймын» деген 4 шумақ өлеңді өз қолтаңбасымен ұсыныпты. Ал, көрнекті қаламгеріміз Ғабиден Мұстафин болса «Шығанақ» атты романының (1945) 1-ші бетіне: «Мұқа! Ақша қарда тышқаннан да із қалар, ақ қағазда сараңнан да сөз қалар. Қалғанның бәрі қазына емес, ақтара қарап осы кітап жөнінде аханақ (азғана дегені болуы керек Г.П) ақыл айтсаңыз. 16/XI – Ғабиден. Алматы», – деп өлеңдетіп өтінішін айтыпты. М.Әуезов әріптесінің шығармалары жөніндегі пікірлерін әр кездері түрлі мінбелерде де айтып, арнайы мақалада жазғаны белгілі. Шағын жанрдағы шымыр ойлар, мақал-мәтелге бергісіз тосын теңеулер тандай қактырмай қоймайды. Ғ.Мұстафин келесі «Жыйырма бес» (1953) деген туындысына: «Мұқа. Күйкі басым күйбеңмен жүргенде аз өмір өрмек жүзінен ауып кетті. Бұл кітап дәрменімнен талабым жоғары екенін көрсетсе де ырзамын. Ғабиден. 5/Ү-53 ж», – деген қолтаңбадағы «аз өмір өрмек жүзінен ауып кетті» тіркесі де қазақ оқырмандарын елең еткізері сөзсіз. Өзін толқытқан өмір-өзеннің өзіндік мәселелері өзекті. Титтей тіркестегі ойлар да орнықты. «Шығанақтың» 1951 жылы шыққан нұсқасына: «Мұқтарға, әдебиеттік мызғымас достық үшін бердім. Ғабиден. 5/Ү-53ж», – деп ризалықпен ұсынады. Үш кітаптағы қолтаңба қаламгердің үш түрлі қалауы мен талабын, көңіл күйін танытады.

Жазушының замандасы С.Мұқанов «Загадочное знамя» («Жұмбақ жалау») (1938) атты туындысының латынша шыққан нұсқасына латын әрпімен қолтаңба жазып ұсынған. Бұл да өз заманының қолтаңбасы, шежіресі.

Зергер суреткер, зерделі зерттеуші М.Әуезовке қолына қалам алып, әдебиет әлеміне қадам басқан қазақ қаламгерлерінің көбі өздерінің тырнақ алды туындыларына пікір білдірсе деген ниетпен ұсынған. Соның бірі Ғ.Слановтың «Дөң асқан» атты алғашқы романындағы қолтаңба: «Шабысымды байқасаңыз. Жел бар ма екен, табанда? Батыл шыншыл болғайсыз. Ғабдол. 24. Ү-41». Мәтінде үкілі үмігін үлкен ағаның лебізімен сабақтастырғысы келген жас жүректің лүпілі сезіледі. Автограф ұсынушы автор ағасына батыл ұсыныс та жасайды, «батыл» әрі «шыншыл» болуын сұрайды. Әдетте, мұндай тілектер қолтаңбалардың көбіне тән десек те болады. Ал, Әбу Сәрсенбаев ағамыз сәл сыпайылық

танытса да ішкі сезімі мен құпия қалауын жасыра алмапты: «Мұқа! әдебиеттік тәжірибесі аз, қатардағы жазушының Сіздер сияқты үлкен ағаларға кітабын ұсынуының өзі ерсі сияқты. Бірақ, айып ете көрмеңіз, советтік әдебиеттің көрнекті өкілінің кітапханасында өз еңбегімнің де тұрғанын мақтан еттім де, алдыңызға тарттым. Уақытыңыз болып, оқып шықсаңыз, пікіріңізді тыңдауға дайынмын. Құрметпен Әбу. Алматы 5/ХІІ-1953ж. Пролетарская, 45.кв 14 тел. 40-18» депті, 1953 жылы жарыққа шыққан «Толқында туғандар» атты туындысына түсірген қолтаңбасында. Мәтіндегі мәліметтер сол кездегі Алматыдағы көше аттары мен телефонның 4 саннан ғана тұратын тарихынан да ақпарат береді. Қолтаңбаның осындай белгілі бір дәуірдегі тарихи деректерді де анықтауға болатын бір қырын көрсетеді, бұл мәтін.

«Құрметті Мұқа! Үлкен ағадан әділетті сын күткен інілік, достық ниетпен мынау бір өлеңдер жыйнағын алдыңызға тарттым. Қорашсынбай, қабылдауыңызды сұраймын. Құрметпен Әбу. 22/ІІ.1956.Алматы», – деген қолтаңба иесі Ә.Сәрсенбаев («Өлеңдер мен поэмалар»(1956). М.Әуезовтің кезеңіндегі жасы мен жасамысы бар көптеген қаламгерлердің қолтаңбасына ортақ осы мазмұндағы мәтіндер жазушы кітапханасында молынан кездеседі.

Әбдікәрім Ахметов өзінің «Өшпеген жалын» (1959) деген кітабына:

«Ақкөңіл, Мұқтар аға, аңқылдаған,
Бүгінгі шаттығың жаңылмаған,
Бүгінгі шаттығың –ел шаттығы,
Қазақтың ұлылығы жарқылдаған.
Сүйемін, ұлы ағаның өрендігін,
сүйемін, елдей өрлеп келем бүгін,
Шыңына шын бақыттың шыққан аға!
Жастардан сыйға тарттым өлең гүлін», –

деп, қолын қойып, М.Әуезов Лениндік сыйлыққа ие болғанда жырмен қуанышын жолдап, қолтаңба беріпті.

«Біріккен сөздер мен сөз тіркестерінің орфографиялық сөздігінің» (1960) авторы Гүлсім Жәркешева да:

«Мұқаңа! Алатаудай асқақтап,
Жүре берсе алда озық,
Бауырында гүлі шашақтап,
Ұмтыла бере қол созып», –

деген жыр жолдарын жолдапты. Заманының заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовке мерей тойлары мен әр сыйлық алғанда қасындағы қаламгер інілері қуаныштарын осындай ойлы жырлармен білдіріп, тарту ретінде кітаптарын сыйлап жататын. Жазушы кітапханасындағы автографтары бар кітаптардың көбі сол даңқты даталардың куәсі.

Көрнекті суреткер, ғұлама ғалым М.Әуезовтің Ташкенттегі аспирант кезінен басталған қырғыз әдебиетіне деген қызығушылығы мен қамқорлығы өмірінің соңына дейін үзілмегені белгілі. Әсіресе, қырғыз әдебиетінің алғашқы толқын қаламгерлері мен ғалымдарын тәрбиелеп, шоғыры көп шәкірт қалыптастырғаны да ақиқат. Сондай ізгілікті істің жарқын бір көрінісі қырғыз әдебиетінің көрнекті өкілдері, ақын-жазушылары мен әдебиетші ғалымдарының ыстық ықыласын айтып жеткізе алмаған шын жүректен ақтарылған алғыстары мен құрметтері қондырылған қолтаңбалар десек артық айтқандық емес. Бір таңғалары, қазақ қаламгерлері жазушыдан тек қамқорлық, пікір, бата күтсе, өзге ағайындардың қошемет пен алғыстан басқа айтары аз. Қолдағы алтынның бағасын қасындағы емес, алыстағы ағайын жақсы таниды ма деген ой туады, осындайда. Оның нақты бір дәлелі – қырғыз жазушысы Ж. Бөкембаевтың: «Қымбатты Мұхтар аға, сіздің талантыңыз алдында бас июшілердің бірі менен осы кітапты («Ар мен ажал») қабыл алыңыз», – деген қолтаңбасындағы ерекше құрмет. Туысқан халықтар әдебиетінің көрнекті өкілдері жазған мұндай мазмұндағы қолтаңбалары бар кітаптар жазушының жеке кітапханасында көптеп кездеседі. (Олардың бірқатарының фотокошірмелері беріліп отыр).

Соның тағы бір дәлелі ретінде қырғыздың оқымыстысы Б.М.Юнусалиев «Киргизская лексикология» (1959) деген еңбегіндегі қолтаңбасында: «Глубоко уважаему Мухтару Омархановичу Ауэзову, моему консультанту по киргизскому эпосу. От автора.18.2.1960», – десе, атақты академик, шығыстанушы ғалым С.Е.Малов «Енисейская письменность тюрков. Тексты и переводы». (Изд.акад.н.СССР М.-Л.1952) деген зерттеуіне: «Многоуважаемому и дорогому Мухтару Омархановичу Ауэзову от Сергея Малова на добрую память 14 мая 1952. Ленинград», – деп қолтаңба жазып, ұсынған.

М.Әуезовтің жеке кітапханасында Шеген Ахметовтің қолтаңбасымен берілген кітаптар көп-ақ. Әрбір жарық көрген кітабын сыйлап жүрген автор бір автографында: «Құрметті Мұқтар аға! Жазғандарымның барлығымен таныстырып отырғандықтан мұны да Сізге ұсынып отырмын. Шеген. 24/IV. – 1956 ж», – десе, енді бірінде: «Бұ да Шегеннен», – деген қолтаңба бар. Бұл да өзінше өрнектелген автографтардың түрі десек болады.

Тілші ғалымдар С.Кеңесбаев, Т.Жанұзақов «Лингвистикалық терминдердің қысқаша орысша-қазақша сөздігі » (1956) деген еңбектеріне: «Қазақ филологиясының жақсы қамқоршысы құрметті Мұқаңа. Сімет.5. IX. 56», – деп автограф жазып ұсынса, «Қымбаттуу ағай, Мұхтар Омарканович! Сиздің чын жүрактан бийік урматтағанымдың белгиси катарында ушул кичинекей китепти белек иретинде суыайын. Карындашыңыз Айым. Фрунзе.15/1-60-ж» деген қолтаңбамен сыйланған Айым Айтбаеваның «Турмуш чакырат» атты

прозалық шығармасын (КМБ.Фрунзе-1960) Мұхтар Әуезов Америкаға барғанда самолетте оқыған. Тіпті 18-19-24-48-беттеріне қызыл түсті ручкамен белгі де түсірген. Бұл факті де жазушының қырғыз әдебиетіне, оның әр жанрының қалыптасуы мен оның өкілдеріне деген ерекше қамқорлығының нақты айғағы.

М.Әуезовтің қаламдас інілерінің ішінде ерекше ізет көрсетіп, бағалаған екі батыр бауыры болған. Олар қазақтың қос қаһарман ұлдары – Бауыржан Момышұлы мен Мәлік Ғабдуллин. Ұлтымыздың мақтанышы болған Бауыржан Момышұлы мен Мәлік Ғабдуллин қан майданда жүрсе де ұлы жазушының басына бұлт үйірілгенде бірігіп, «Социалистік Қазақстан» газетіне ашық хат жазып, талантқа ара түскен нағыз ұлтжанды қаламгер-қаһармандар. 1944 жылы қаңтарда ҚазКСР ҒА-ның қызметкерлеріне Б.Момышұлы оқыған бір апталық әңгіме-дәріске М.Әуезов түгел қатысып, конспектілеген қалың дәптері жазушы мұражайының №409-папкасында сақталған. Жазушы, гвардия полковнигі, Кеңес Одағының Батыры (1991), ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты (1976) Бауыржан Момышұлы майданда жүріп М.Әуезовтің «Абайын» оқи салысымен «Ардақты Мұхтар аға» (1942) деп, қуанышын жасыра алмай хат жазып: «Абай» өте көркем, шеберлікпен, арғымақтай сынды, тап-тұйнақ, пысық, қысқа, өте мазмұнды (артық сөзсіз), қазақтың жалпы әдемі жұмыр тілімен жазылыпты», – деп, алғашқылардың бірі болып, ағынан жарылып, жоғары бағасын берген. Соғыстан кейін жарияланған «За нами Москва» деген шығармасына араб әрпімен: «Б.Момышұлынан 24/ХІ-58. Алма-Ата», – деп жазып, қолтаңба сыйлаған.

Көрнекті ғалым, қайраткер Мәлік Ғабдуллиннің «Қазақ әдебиеті» газетіндегі (1955,28 қыркүйек) «Мұхтар Әуезовке хат» деген мақаласына орай «Мәлік Ғабдуллинге жауап хатын» газеттің 1955 жылдың 11 қарашадағы санында жариялаған суреткер сол кезеңдегі қазақ поэзиясының жай-күйі мен оның басты өкілдері шығармаларындағы көркемдік әлеміне теориялық талдау жасайды. Осы ұлттық сөз өнерінің өрісі жайлы пікірден өріс алған олардың достық қарым-қатынастары өмірінің соңына дейін жалғасқан. Соның бір айғағы – Мәлік Ғабдуллиннің «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» (1958) деген зерттеуіне: «Күдіретімдей көретін асыл аға Мұқама! Адал ниет, ақ көңілден осы кітабымды тарту еттім. Мәлік. 22/ІХ58», – деп жазған қолтаңбасы. Қос батырдың күдіреттей көріп қадірлеген қаламгері Мұхтар Әуезов шын мәніндегі табиғат тәңірі сыйлаған талант екендігі баршаға аян.

Суреткердің соңғы алған автографтарының бірі, сірә Тахауи Ахтановтан болса керек. Өйткені, жазушы Мәскеудегі Кунцево ауруханасында жатқанда «Махаббат мұңы» (1960) атты прозалық шығармалар жинағына: «Аяулы аға,

ардақты ұстаз, Мұқа! Осы кітаптың бетке шығар жылтырағы болса, түп негізі өзіңіз боп. Тахауи. 6 июнь 1961 ж. Москва», – деген қолтаңба жазып, сыйлаған.

Содан кейін көп ұзамай ұлы жазушы мәңгілікке көз жұмады. Алайда Ахтановтың шығармаларын оқып, мейірленіп, көңілі толып, әділ пікірін білдіріп, хат та жазады. Алмасқан автографтар әлемі әлі талай тамаша әңгімелердің арқауы болары хақ. Мұхтар Әуезовтің өз қолымен жазған соңғы хаттары, яғни қалдырған қолтаңба мәтіндері де осы ауруханада жазылып, жан-жаққа жолданып жатты емес пе? Жанында жүрген жастардың әдебиет әлеміндегі бағыттарынан, қалам сілтестерінен ұлттық сөз өнерінің өрісі мен өресін, кеңістігі мен кемелдігін, көркемдігі мен ішкі рухани қуатын танытатын тегеурінді толқын келе жатқанын байқап, өзінің үлкен үмітін артып, зор сеніммен жауапкершілік жүктейді. Ұлы суреткердің сенім артқан сол шәкірттері кейін шынында да қазақ әдебиетінің интеллектуалдық деңгейін әлемдік деңгейге көтерді. Ұлының ұлағатының өзі осы, соңғы хаттары-қолтаңбаларындағы моралдық қолдаулары, сенімі артуы арқылы қазақ әдебиетінің бірнеше толқын өкілдерін өсіруге өріс ашуы емес пе? Мұхтар Әуезов автографтарының айрықша қуаты мен ерекшелігінің өзі осы сенім мен жауапкершілік жүктеп, жетелей білуінде болса керек.

Қорыта айтар болсақ, жазушының жеке кітапханасындағы М.Әуезовтің өзінің қадір тұтқан қаламдастарына, әріптестеріне, шәкірттеріне, жанына жақын тұтқан туыстарына сыйлаған автографтарда ұлы жүректің жылы лебіздері, ізгі ниеттері орын алса, сыйлаған кітаптардағы қолтаңбаларда ұлы ұстазға деген құрмет, сүйіспеншілік, ырзалық, талантына тәнтілік, қамқорлығына тағзым ету көбірек орын алған. Көптеген автографтар жазушының жерлестерінен келген қолтаңбаларды құрайды. Жазушы кітапханасындағы 5 мыңға жуық кітаптың 300-дейі автографтармен берілген. Ал, ұсақ газет-журналдар мен авторефераттардағы қолтаңбалар саны тіпті көп десек те болады. Сондай-ақ, жазушы, аудармашы Ісләм Жарылғаповтың «Мұқамен кездескенде алған эсер» атты естелігінде («Коммунистік еңбек», 1977, 23 қыркүйек) Дрепер Джон Вильям (1811-1882) деген ағылшын ғалымы, тарих, физика, химия, физиология ғылымдарымен шұғылданған әмбебап оқымыстысының «Европаның ақыл-ойының даму тарихы» деген еңбегін Мұхтар Әуезов алып оқығандығы айтылады. Ал, бұл еңбекті кезінде Абай да Семейдегі кітапханадан алып оқыған. Ұлы ақынның рухани нәр алған бұлақтарынан Мұхтар да молынан сусындаған. Мұхтар Әуезовтің мәдениеттілігінде мін жоқтығы кісі кітабына кесе көлденең белгі қалдырмағандығынан көрінеді. Әуезов бұл еңбекті бар ынтамен бірнеше қайтара оқыса да өзінің әдетіне тән оқу әдісін әдепсіздікке санап, белгі қалдырмапты. Тек бір ғана жерде болар-болмас етіп қара қарандашпен бір тал сызықты өзіне қатты ұнаған бір ойлардың тұсына

түсірген. Ол белгіні Ісләм Жарылғапов өз қолымен қоршап, «М.Әуезов қолы» деген жазумен ерекше атап көрсетіпті. Осы деректі негізге алған республикалық кітап мұражайының қызметкерлері оны ерекше экспонат ретінде бағалап, М.Әуезовтің туған күніне орай өткізілетін көрмеде үнемі атап көрсетіп отырады. Бұл кітап қазірде республикалық кітап мұражайының қорында сақтаулы.

Көрнекті ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың:

«...Сезімнің сыртқа шықпас түрі бар ма?

Оны жасырар адамның күші бар ма?

Біреу күй, біреу пішін, біреу сөзбен

Көрсетпейтін жүректің іші бар ма?»), –

деп жырлағанындай оймақтай ойлы, шағын жанрлы мөлтек мәтіндер-автографтарда да адамның көл көсір көңіл-күйінің көрінісі, арнасынан асып ағытылған сезім селдері, адалынан ақтарылған пейілдері беріледі екен. Бүгінгі біз ұсынғалы отырған автографтардағы ақпараттар ағыны оқырманды талай ойларға жетелері күмәнсіз. Автограф иелерінің көркемдік-эстетикалық талғамдары да таразыланар бұл мәтіндер ғылым үшін де зәрулік танытар құнды дүниелер.

Гүлзия Пірәлі,

филология ғылымдарының докторы, профессор

РЕЗЮМЕ

В коллективной монографии рассматриваются вопросы исследования автографов М.О.Ауэзова.

Автографы М.О.Ауэзова могли бы составить своеобразную энциклопедию поэтических афоризмов, неожиданных остроумных экспромтов. По дарственным надписям можно проследить дружбу М.О.Ауэзова с поэтами, прозаиками разных поколений и разными творческими личностями. Раздел монографии состоит из автографов на книгах известных деятелей культуры и искусства России, зарубежных писателей и литературоведов из Средней Азии, подаренных великому казахскому писателю М.О.Ауэзову.

Для создания целостной, системной картины всего творчества М.О.Ауэзова важны все документальные свидетельства, в том числе дарственные надписи и посвящения на книгах. В этом разделе монографии особый интерес представляет собой описание книг с автографами авторов, подаренных писателю и книги, которые дарил сам писатель.

Автографы хранят приметы времени и событий. Это дает возможность прочесть гораздо больше, чем заключено в самих подписях, можно многое узнать из этих небольших обращений к писателю и писателя к своим близким, родным и друзьям.

Автографы М.О.Ауэзова в истории казахского литературоведения исследуются впервые, а также систематизируются и публикуются. В книге представлены и автографы самого писателя своим родным, близким, друзьям, современникам, писателям и т.д.

Также в монографии представлены разделы – «История Литературно-мемориального «Дома-музея М.О. Ауэзова» и «Научное описание экспонатов «Дома-музея М.О.Ауэзова».

В этих разделах подробно описываются все экспозиционные залы музея, приводится полное научное описание экспонатов, находящихся в залах экспозиции музея М.О.Ауэзова.

Также приводится научное описание фото и киноматериалов в фондах музея и предметов, полученных в подарок М.О.Ауэзовым.

Отдельный раздел монографии представляет собой исследование коллекции личной библиотеки великого писателя. Книги, собранные в музее М.О.Ауэзова, являются не только предметом научного изучения, но и служат источником удовлетворения здоровой любознательности для широкого круга посетителей музея.

Круг чтения М.О.Ауэзова со всей полнотой характеризует собрание произведений зарубежной классики, казахской и русской литературы, фольклора, национальных литератур Востока.

МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

АЛҒЫ СӨЗ	4
Д.А. Қонаев. Вопросы научного описания и систематизации фондов дома-музея М.О. Ауэзова	7
Р. Әбдіғұлов. М.О. Әуезов мұражай үйіндегі экспонаттардың ғылыми сипаттамасы	55
Т. Әкімов. Мұқтар Әуезовтің кітапханасы	68
Г. Пірәлі. Мұқтар Әуезовтің қолтаңбалары.....	80

Таралымы 500 дана. Тапсырыс № 2848
«Литера» ЖШС баспаханасында басылып шықты.
Қарағанды қаласы, Садоводов көшесі, 14.
Тел.: 99 63 39.